

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 1 беті

ДӘРІС КЕШЕНІ

Пәні: Әлеуметтану және саясаттану

Пән коды: AS 1106

ББ атауы және шифры: 6B10111 «Қоғамдық денсаулық сақтау»

Оқу сағатының/кредиттің көлемі: 120 /4

Оқу курсы мен семестрі: 1/2

Дәріс көлемі: 10 сағат

Шымкент, 2024 жыл

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		39/11- 84 беттің 2 беті

Дәріс кешені «Әлеуметтану және саясаттану» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды

Хаттама № 11 «10» 06 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі:



Ш.А. Аширов

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		39/11- 84 беттің 3 беті

№1 дәріс

1. Тақырыбы. Әлеуметтік әлемді түсінудегі әлеуметтану. Әлеуметтану теорияларына кіріспе.

Әлеуметтанулық зерттеулер.

2. **Мақсаты:** ғылым ретінде әлеуметтанудың нысаны мен пәнін, білім алушылардың әлеуметтанулық идеялардың тарихи қалыптасуы мен дамуымен, әлеуметтанулық зерттеудің әдістемесі мен классификациясымен таныстыру.

3. Дәрістің тезистері:

1. Әлеуметтануға кіріспе. Индивид және қоғам. Әлеуметтану ғылым ретінде.

2. Әлеуметтанулық теория. Макро және микро деңгейлер.

3. Жеке мектептер мен бағыттардың дамуы (О. Конт, Э.Дюркгейм, Г. Спенсер).

4. Ақпаратты жинау әдістері. Сапалық және сандық әдістер. Мәліметтерді талдау.

Қандай да бір ғылым болмасын, оның белгілі бір құрылымы болады. Бұл құрылым сол ғылымның қоғамда алдына қойған міндеті мен атқаратын қызметіне байланысты анықталады. Әлеуметтану ғылымы да осындай. Оның құрылымы екі үлкен жағдаймен түсіндіріледі:

Біріншіден, әлеуметтану әлеуметтік өмірді бейнелеу, түсіндіру, ұғындыру білімдерін қалыптастырып, әлеуметтік зерттеу теориясын, әдістемесін, әдісін, талдау тәсілін жасап, қоғамның даму мәселелерін шешеді. Әлеуметтік өмір туралы әр түрлі деңгейде теориялық қорытындылар жасалады.

Екіншіден, әлеуметтану қоғамдық және әлеуметтік құбылыстар мен үдерістерді өзгерту, қайта құру үшін оларға жоспарлы, әрі тиімді жолдар, құралдар арқылы ықпал етіп әлеуметтік мәселелерді талдап зерттейді. Бұл әлеуметтанудың қолданбалы саласын құрайды.

Сонымен, әлеуметтанудың теориялық және қолданбалы салаларының айырмашылығы олардың зерттейтін объектісі мен зерттеу әдісі арқылы емес, жалпы әлеуметтанудың алдына қойған мақсаты мен міндеті арқылы ғылыми немесе практикалық мәселелерді шешуіне байланысты ажыратылады.

Теориялық немесе фундаменталды әлеуметтану барлық қоғамдық, гуманитарлық ғылымдардың ілгері дамуына жол ашады. Ол әлеуметтік зерттеулер арқылы зерттелетін құбылыс пен үдерістер туралы білімнің онан әрі дамуын, жетілуін мақсат етеді. Қолданбалы зерттеулер арқылы теориялық негізгі мәселелерді нақтылап шешуге тырысады. Бұлардың негізінде бағалы, құнды кеңес, нұсқаулар, ұсыныстар, болжаулар жасалады.

Әлеуметтік білім – теория мен практиканың бірлігінде қалыптасады. Теориялық зерттеулер әлеуметтік болмысты, өмір жалпы және арнаулы бағыттардың деңгейінде түсіндіріп, оның дамуын және қандай қызмет атқаратынын анықтайды. Оның одан әрі даму заңдарының бағытын, көрінісін белгілеп отырады. Ал, эмпирикалық (яғни, практикалық, тәжірибелік) әлеуметтік зерттеулер- нақтылы құбылыстар мен процестер туралы жаңа мағлұмат, хабарлар статистикалық талдау, нақты әлеуметтік әдістерді (яғни, сауалнама, сұрыптау, бақылау, құжаттарды талдау, сараптау, үлгілеу, тестілеу, т.б.) қолдану арқылы іске асырылады. Ал, теориялық зерттеулер абстрактілі философиялық әдістерді (яғни, талдау мен синтез, логикалық пен тарихи, индукция және дедукция, абстрактіліден нақтылыққа шығу, т.б.) арқылы іске асырылады.

Теориялық білім жан-жақты, әмбебапты, ал эмпирикалық – ақиқатты, шындықты белгілеуші білім. Теориялық білім эмпирикалық білімнің негізінде сүйенеді, ал, эмпирикалық ғылым теориялық білімнен біршама басым болғанымен, ғылымның жоғары даму деңгейін көрсете алмайды. Ғылымның дамуы әр уақытта теориялық білім деңгейінің эмпирикалық білім деңгейінен басым болуын қажет етеді.

Теориялық және қолданбалы әлеуметтану нақтылы әлеуметтік зерттеулерге сүйене отырып, бір-біріне қарсы тұрмайды, олар әр уақытта бірлікте болып, бір-бірінің одан әрі дамуының әсер етеді.

Теориялық әлеуметтану – ол алуан түрлі теория мен тұжырымдардың жиынтығы. Бұлар қоғамның әлеуметтік дамуын тұжырымдап, оларға терең жан-жақты түсінік береді.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		39/11- 84 беттің 4 беті

Бұрынғы КСРО-да әлеуметтануды тарихи материализммен шатастырып келді. Бұл дұрыс емес. Тарихи материализм - бұл әлеуметтік философия. Ол қоғамды тек абстрактылы түрде қарап, оны нақтыламады. Ал, әлеуметтану нақтылы әдістермен қоғамды, оның дамуын жан-жақты зерттеп, ғылыми теорияны қалыптастырды. Адам өзінің даму өркениетінде әлеуметтік дамудың алуан түрлі теориясын ашып тұжырымдады. Мысалы, XX ғасырдың ортасында әлеуметтік стратификация (жіктелу), индустриялы қоғам, конвергенция, жалпы әлеуметтік теориялардың арнаулы түрлерін тұжырымдады. Әлеуметтанудың арнаулы теориялары әлеуметтанудың жеке қоғамдық және гуманитарлық ғылымдармен тығыз байланыс, қатынастарының негізінде пайда болды. Әлеуметтануда бұларды орта деңгейдегі теориялар деп атайды. Қазіргі уақытта мұндай арнаулы орта деңгейдегі теориялардың саны 100-ден астам. Бұл теориялардың негізін салушылар М.Вебер, Э.Дюркгейм, К.Маннгейм, Т.Парсонс. Әсіресе, американдық әлеуметтанушы Роберт Мертонның есімін ілтипатпен айтуға болады. Бұл орта деңгейдегі арнаулы теориялардың пайда болуының тағы бір басты себебі мынада: жалпы теориялық әлеуметтану қоғамның жалпы заңдылықтарын зерттей отырып, оның кейбір жақтарының дамуына көңіл аудармауы мүмкін. Ал, әлеуметтану құрамында орта деңгейдегі теориялардың болуы қажет. Орта деңгейдегі теориялар, мысалы, отбасы, әлеуметтік топтар, жіктер, т.б. қоғамның біртұтас жүйесімен өзара байланыс, қатынастарын, даму заңдарын ашып, анықтайды. Қазіргі уақытта орта деңгей теориялары қоғам дамуының өзекті мәселелерін шешуде дұрыс, нақтылы жауап бере алады.

Сонымен, әлеуметтік білімнің құрылымы деп қоғамның әлеуметтік жүйесінің серпінді дамуы, іс-әрекет, қызмет жүргізілуі туралы әр түрлі жиналған фактілерді, ақпараттарды, хабар-мәліметтерді ғылыми дұрыс түсіндіруді және ғылыми ұғымдардың жиынтығының реттелуін, тәртіпке келтірілуін айтамыз. Әлеуметтік білімнің негізгі құрылымы, тұжырымы, қағида, бағыттары мыналар:

1. Қоғам біртұтас әлеуметтік жүйе. Бұл тұжырым, қағида өзінің зерттеу объектісінде қоғамдық қатынастар жүйесін, олардың мазмұнын зерттейді.

2. Қоғамның жеке салаларының дамуын, атқаратын қызметі туралы түсініктердің байланысын - экономикалық, саяси, рухани, т.б. салаларын, әрбір салада жеке тұлғаның немесе әлеуметтік топтардың қызметінің әлеуметтік қалыптасу мүмкіндігін зерттейді.

3. Қоғамның әлеуметтік құрылымы немесе жалпы әлеуметтік құрылым туралы білімді қалыптастыру үшін әлеуметтік топтардың экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани қатынастар жүйесінде алатын орны мен байланысы туралы білімдер болуы керек. Әлеуметтік топтар деп отырғанымыз – үлкен топтар, кішігірім топтар, кәсіби мамандандырылған топтар, демографиялық және этникалық топтар.

4. Саяси әлеуметтануға кіретін алуан түрлі ғылыми түсініктер, ой-пікірлер, теориялар. Бұған жататын зертеу объектілері:

а) әлеуметтік топтардың саяси қатынастар жүйесіндегі алатын орны;
ә) қоғам субъектілерінің әлеуметтік – саяси құқық және бостандықты, тәуелсіздікті алудың жолдары мен тәсілдері туралы;

б) қоғамның саяси жүйесінің құрылымы, қызметі және функциясы туралы;

5. Әлеуметтік институттардың (мемлекет, құқық, ғылым, мәдениет, отбасы, т.б.) қызметтері туралы ғылыми түсініктер мен қортындылар;

6. Қоғамның жеке салаларының және кішігірім жүйесінің қызметтері туралы теория. Оны мынандай объектілерді зерттеу арқылы түсінуге болады: өндірістік ұжымдар, ресми емес топтар мен ұйымдар, адамдар арасындағы кішігірім топтар, жеке тұлғалар, т.б. кіреді.

Әлеуметтік білімнің деңгейлері қоғамдағы құбылыстар мен процестерді терең талдап, кең қортынды жасау арқылы анықталады. Жоғарыда көрсетілгендей әлеуметтік үш негізгі деңгейі бар:

а) жалпы әлеуметтану теориясы;

ә) эмпирикалық (тәжірибелік) әлеуметтану;

б) орта деңгей теориялар.

Осыларға сәйкес әлеуметтік зерттеулерді теориялық және эмпирикалық зерттеулер деп екіге бөледі.

QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		
		39/11- 84 беттің 5 беті

«Социология» терминін француз философы, позитивизм философиясының негізін салушылардың бірі Огюст Конт (1798-1857) енгізді. Оның басты шығармасы – «Позитивті философия курсы» – 1830-1842 ж. жарық көрді. Орыс тілінде 1899-1900 жж. «Курс положительной философии» деген атпен аталды. (Латын тілінен аударғанда «позитивизм» деген сөз «дұрыс», «жағымды» деген ұғымдарды білдіреді). Социологияны Конт бастапқыда «әлеуметтік физика» деп атады. Ол жеке тұлға мен қоғамды зерттейді. Қоғамда тәртіп болу үшін, жеке тұлға мен қоғам туралы барлық білімді дұрыс түзілген жүйеге келтіру қажет. Білімде тәртіп болмай, қоғамда да тәртіп болмайды деп тұжырымдады ол. Социология әлеуметтік статика мен әлеуметтік динамикаға бөлінеді.

Әлеуметтік статика әлеуметтік жүйелердің өмір сүру жағдайлары мен жұмыс істеу заңдылықтарын тексереді. Әлеуметтік динамика әлеуметтік жүйелердің дамуы мен өзгеру заңдарын зерттейді. Қоғам дегеніміз – тірі организм. Оның өмірінде отбасы, мемлекет және дін маңызды рөл атқарады. Отбасы қоғамның негізі болып табылады, ол эгоист (өзімшіл) адамды қайта тәрбиелеуге тиіс. Мемлекет тәртіп үшін қажет, ал дін тәртіптің рухани негізін құрайды. Ол позитивті дінді жақтайды, құдайдың орнына адамзатты қояды. Қоғамды ғылыми тұрғыдан зерттеп, ғылыми тұрғыдан басқару қажет. Социология – бақылауға негізделетін ерекше ғылым деп түсіндірді Конт.

Герберт Спенсер (1820-1903) ағылшын ойшылы, Конттың ілімін алға апарушы. Қоғам – тірі организм. Ондағы сауда – қан айналымы, өнеркәсіп пен егіншілік – қорек, азық, ал көлік – қан тамырлары, т.б. деді ол. Спенсер мен Конт революцияның орнына эволюцияны ғана (бірте-бірте даму) ұсынады. Спенсер социологияның: «жүйелі тәсіл», «әлеуметтік жүйе», «әлеуметтік құрылым», «әлеуметтік функция» (қызмет), «әлеуметтік институт», «әлеуметтік контроль» (тексеру) – секілді ұғымдарын жете зерттеді. Ол социологиядағы структуралық-функциялық (құрылымдық-функциялық) тәсілдің негізін салды.

Маркстік социологияны Карл Маркс (1818-1883) пен Фридрих Энгельс (1820-1895) дамытты. Олар қоғамды әлеуметтік жүйе ретінде танып, білудің бірден-бір ғылыми ілімін жасай берді, қоғамдық формация ұғымын тұжырымдады. Қоғамдық материалдық-экономикалық негізін терең зерттеді. Сол сияқты капиталистік өндірісті қоғамның негізі ретінде зерттеді. Олар қоғамды даму үстіндегі табиғи-тарихи процесс ретінде қарастырды, таптар туралы, қоғамдағы әлеуметтік тартыс, конфликт туралы ілімді жасады. Марксизмнің қазіргі дағдарысы КСРО-да оның догмаға айналу себебімен байланысты тұрды.

Эмиль Дюркгейм (1858-1917), француз социологиялық мектебінің негізін салушы, социология пәні мен оның әдістеріне көп көңіл бөлген. Оның көзқарастарын «социологизм» деп атайды. Мұның себебі оның әлеуметтік нәрсенің өзіне тән белгісіне, ерекшелігіне көп көңіл бөлумен және социология пәнінің ерекшелігін көрсетумен байланысты. Социология пәні – бұл индивидтен бөлек өмір сүретін және оған қатысты ықтиярсыз күшке ие әлеуметтік фактілер. Ол: «Әлеуметтік фактілерді заттар секілді қарастыру керек», – деген. Дінге де көп көңіл бөлген, ал идеология ретінде жұмылып, бірлесуі үшін қажет, сол секілді қоғамның дамуын ынталандыру үшін керек. Өзін-өзі өлтірудің себептерін де зерттеді. Социологияның әр алуан бөлімдерін, нақты әдістері мен ережелерін, оның орындау тәртібін жете зерттеп, тексерді.

Макс Вебер (1864-1920), неміс социологы, экономист, тарихшы. Капитализм – оның айтуынша, неғұрлым ұйымдасқан шаруашылық. Шаруашылық өмірдің, материалдық және идеологиялық мүдденің дінменен байланысын ортаға қояды. Еуропалық капитализм алдыңғы қатарлы болып табылады, себебі ол еңбексүйгіштікке, адалдыққа, үнемшілдікке тәрбиелейтін протестантизм дінімен байланысты.

Италия социологтары Вильфредо Парето (1848-1923) мен Гаэтано Моска (1858-1941) – элита теориясының негізін салушылар. («Элита» «үздік», «жақсы», «іріктелген» дегенді білдіреді). Элита теориясы бойынша, қоғамды парасатты, ерекше артықшылығы бар топ басқарады.

Ресейде Н.Я.Данилевский (1822-1885), Л.И.Мечников (1838-1888), П.Л.Лавров (1823-1900), Н.К.Михайловский (1842-1904), Н.И.Кареев (1850-1931), Г.В.Плеханов (1856-1918), В.И.Ленин (Ульянов) (1870-1924), П.Сорокин (1889-1968), 1922 ж. шет елге кеткен, т.б. белгілі социологтар болған.

QONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		
		39/11- 84 беттің 6 беті

4. Қазіргі социологиялық ой. «Қазіргі» деп кейде бүкіл XX ғасырдың социологиясын атайды, бірақ көбінесе XX ғасырдың барлығы емес, одан азырақ уақыт алынады және ХХІ ғасырдағы, яғни осы кездегі ойлар сөз болады. Әр түрлі социологиялық мектептер, бағыттар, эмпиризмдік социология пайда болды. Социологиялық мектеп дегеніміз – өздерінің дәстүрлері, ережелері негізінде жұмыс жасайтын социологтардың белгілі тобы. Мысалы, Чикаго университеті жанындағы эмпиризмдік социологияның Чикаго мектебі, Франциядағы Дюркгейм мектебі, т.б. Социологиядағы бағытпен мектеп өздерінің бір ғана немесе жақын проблеманы зерттеуімен ажыратылады. Мысалы, гуманитарлық бағыт, т.б.

Эмпиризмдік социология біздің ғасырымыздың 20-40 жж. қанат жаяды. Оның отаны – АҚШ. Ол тез қарқынмен дамыған индустрияның қажеттіліктерімен байланысты болды. Оның басы У.Томас пен Ф.Знанецкийдің 1918-1920 жж. «Европа мен Америкадағы поляк шаруасы» атты кітабының жарық көруі еді. Ең алдымен, жеке құжаттарды талдау негізінде (хаттар, күнделіктер, өмірбаяндар, т.б.) олар иммигранттардың жаңа әлеуметтік жағдайларға бейімделуінің әрқилы проблемаларын зерттеді. КСРО-да эмпиризмдік социологияға Сталин кезеңінде, шамамен 1930-1960 жж. тыйым салынды. Белгілі ғалымдар: А.Здравомыслов, Ю.Левада, И.Кон, В.Рожин, Г.Осипов, А.Храчев, В.Ядов т.б.

Структуралық-функциялық анализ (құрылымдық-функциялық талдау). Эмпиризмдік социологияның қызу дамуы теорияда қорытындылау үшін қажеттілікті туғызды. 1950-1960 жж. структуралық-функциялық талдау қалыптасты. Т.Парсонс, Роберт Мертон – структуралық-функциялық талдаудың атағы шыққан өкілдері. Бұл теорияда қоғамды, оның құбылыстары мен процестерін әлеуметтік жүйе ретінде қарастырды. Ол жүйелердің өзіндік құрылымы мен соған сәйкес құрылымдық элементтердің өзара әрекет ету механизмі бар және олардың әрқайсысы аталған жүйеде өзіндік рөл атқарады. 80-жылдарда неофункционализм пайда болды.

Белгілі әлеуметтанушы Питирим Сорокин (1889-1968жж.) 1922-ші жылға дейін Ресейде тұрып, кейін Батыс Еуропа елдеріне эмиграцияға кетуге мәжбүр болды. АҚШ-та қызмет ете жүріп, эмпирикалық әлеуметтанудың зерттеу тақырыптары үлкен әлеуметтік мәселелерді қамти алмағанын байқап, оны өткір сынға алды. Ол әлеуметтік стратификация, яғни қоғамда топқа, жікке бөліну және әлеуметтік мобильдік (қозғалу, ауысу) мәселелеріне эмпирикалық зерттеу жүргізе отырып, бұларды әлеуметтік ірі мәселелермен, мысалы, қоғамның әлеуметтік құрылымымен тығыз байланыстырды. Одан әрі ол қоғамның жалпы өзгерісін, қозғалысын осы алуан түрлі қоғамды құратын элементтердің атқаратын қызметімен байланыстырып түсіндіруге тырысты. Осындай элементтердің бірі ретінде Сорокин әлеуметтік институттарды алды. Осыған орай ол әлеуметтік институттардың, оның негізгі түрлері: мектептің, бюрократияның, әскердің, мамандырылған ұйымдардың, шіркеудің, т.б. әлеуметтік мобильдікке қандай әсерлері бар екенін зерттеді. П.А. Сорокин әлеуметтанудың ірі тұжырымдамасын жасап, дүние жүзіндегі өзгерістердің болашағын түсіндірді. Оның бұл жөнінде екі тұжырымдамасы болды. Олардың біріншісі, әлеуметтік-мәдени динамика, екіншісі – қоғамның тұтастық (яғни, біріктіруші - И.А.) тұрпаты. Бірінші тұжырымдамасына қандай да бір тарихи өзгеріс болмасын, оны мәдени типтердің дамуы ретінде қарады. Ал, мұндағы әрбір мәдени тип бір бүтін ерекше құбылыс ретінде көрінеді. П. Сорокиннің пікірінше, осындай негізгі топтардың үш түрі болады. Олар: сезімдік, ақыл-парасаттылық (рациональный), идеалистік. Біріншісінде нақты дүниені тікелей сезімдер арқылы қабылдау, екіншісінде ақыл – парасатқа, ақылға жеңдіру арқылы, үшіншісінде – интуицияның (яғни, жорам-алдап сезінудің) басым болуы арқылы іске асырылады. Осылай мәдени типтің әрқайсысы дамып отырады және олар қоғамның ілгері дамуының әрбір кезеңіне тән.

П.Сорокиннің әлеуметтік мәдени тұжырымдамасы қоғамдағы әлеуметтік өзгерістердің пайда болатын көзін және қозғаушы күштерін анықтайды. Одан әрі олардың диалектикасын анықтау әрекеті, талабы болады. П. Сорокин өзінің болашаққа көзқарасын тұжырымдады. 60-жылдары оның бұл тұжырымдамасы конвергенция тұжырымдамасының негізгі құрамында болды, өйткені П. Сорокиннің бұл тұжырымдамасы қоғамның алуан түрлі ұйымдары мен жүйелерінің арасындағы байланыс-қатынастарды және адамзат қоғамының талап-тілегіне оларды пайдалануды нақты түрде көрсетті. Олардың ішінде меншік түрлері мен саяси құрылымдағы плюрализмдегі еңбекті және экономикалық тәртіпті ынталандыру, басқа елдермен қарым-қатынастардың, әдіс-тәсілдерін жоспарлау және т.б.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		
Дәріс кешені		
39/11- 84 беттің 7 беті		

болады. П. Сорокин жалпы адамзат қоғамы қиын-қыстау жағдайды басынан өткізіп, өзгеріп отырса да, ол әр уақытта бірігу бағытына қарай дамитындығын атап көрсетті.

4. Иллюстриялық материал: презентация

<https://docs.google.com/presentation/d/1bwr5mpM1AqHskN6ult4wfnvUh71C83kp/edit#slide=id.p1>
<https://media.skma.edu.kz/video/pppppppppp>

5. Әдебиеттер:

Қазақ тіліндегі негізгі:

1. Әлеуметтану: оқу құралы / М. А. Ертаев, С. М. Тасқынбаева, Ф. М. Каратаева. - Қарағанды: ЖШС «Medet Group», 2020. - 330 бет.
2. Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 208 с.
3. Жанысбеков М.А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: дәрістер кешені/ ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі. ОҚМФА. «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндері». - Шымкент: [б. и.], 2015. - 101 б.
4. Сыдықов, Ұ. Саясаттану: оқулық. - Алматы: New book, 2022-96 бет
5. Бринкерхоф, Д.Әлеуметтану негіздері: оқулық / Д. Бринкерхоф, Р. Уейтс, С. Ортега; Қаз.тіл.ауд.С.А Амандосова[және т.б.]. - 9- басылым. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 464 б. с.: (Рухани жаңғыру).
6. Ритцер, Д. Әлеуметтану теориясы: оқулық / Д. Ритцер, Д.Степницки; қаз. тіл. ауд. Г.О. Әбдікєрова [және т.б.]. - 10- басылым. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856 б.: (Рухани жаңғыру).
7. Әлеуметтану: жаңа буынға арналған оқулық / А. Н. Тесленко, Ж. Ж. Сембина, А. Т. Аязбаева; ҚР білім және ғылым министрлігі. «ҚазГЮУ университеті» АҚ. - Қарағанды: ЖШС «Medet Group», 2015.
8. Забєрова, А. Т. Практикалық әлеуметтану: оқу құралы / А. Т. Забєрова. – Алматы: Эверо, 2014. - 206 бет
9. Нысанбаев, Ә. Социология: оқулық. - Алматы: Эверо, 2014.
10. Әбсаттаров, Р. Әлеуметтік: өзекті мәселелер. (Екі томдық оқу құралы). 1,2-том: оқу құралы / Р. Әбсаттаров, М. Дәкєнов ; ҚР Білім және ғылым министрлігі. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Пед. ун. - 2-ш. бас., толық. - Алматы : Қарасай, 2015. - 408 с..
11. Әженєв, М. С. Қоғамның әлеуметтік құрылымы : оқу құралы Алматы : Эверо, 2014

Қазақ тіліндегі қосымша:

1. Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігі = Dictionary of the social sciences / сөздік; ред. К.Калхунның. - Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 480 бет: (Рухани Жаңғыру).
2. Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016.
3. Решетников, А. В. Медицина әлеуметтануы: оқулық / А. В. Решетников; ред. Т. Қ. Рақыпбеков; қаз.тіліне ауд. А. М. Марқабаева; жауапты ред. Т. Қ. Рақыпбеков. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2015.
4. Армстронг, К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: құдайтану баяны = A History of God The 4000-year Quesf of Judaism.Christianity and Isiam: монография / К.Армстронг; ауд. Д. Кєнжетай [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 432 б. с.: (Рухани жаңғыру).

QAZAQSTAN QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		
		39/11- 84 беттің 8 беті

5. Андерсон Джеймс Э. Мемлекеттік саясат = Public Policymaking : оқулық / Джеймс Э. Андерсон ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Х.Ғ. Масадиков. - 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 448 б. с
6. Синглтон Ройс А. Әлеуметтік зерттеу әдістері = Approaches to Social Research : оқулық / Ройс А. Синглтон, Брюс С. Стрейтс ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Н.Ә. Муминов. - 6-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 816 б. с
7. Хейвуд Эндрю. Саясаттану = Politics : оқулық / Эндрю Хейвуд ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 5-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 520 б. с
8. Коннолли Мэри. Әлеуметтік жұмыс: контексті мен практикасы = Social Work:Contexts and Practice : оқулық / Мэри Коннолли, Луиза Хармс, Джейн Мейдмент ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б. Мизамхан. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 384 б. с
9. Нортхауз Питер. Көшбасшылық: теория және практика = Social Work:Contexts and Practice : оқулық / Питер Нортхауз ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.М. Икрамова. - 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 560 б. с.
10. Постон Дадли Халық саны және қоғам. Демографияға кіріспе = Ethnography. Principles in Practice : оқулық / Дадли Постон, Леон Ф. Бувье ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 488 б. с
11. Смитт Энтони Д. Ұлттың этностық тамыры = The Ethnic Origins of Nations : оқулық / Энтони Д. Смитт ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. И. Алибаева. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 388 б. с
12. Хаммерсли Мартин. Этнография: зерттеу принциптері = Ethnography. Principles in Practice : оқулық / Мартин Хаммерсли, Пол Аткинсон ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Мусина. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 400 б. с

Электронды оқулықтар

1. Основы антикоррупционной культуры [Электронный ресурс]: учебное пособие / под ред. Б. С. Абдрасилова. - Электрон. текстовые дан. (702Мб). - Астана: Акад. Гос. упр. при Президенте РК, 2016. - 176 с.
2. Гендерная социология. Акбаева Л.Н., 2017. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
3. Әлеуметтану. Ертаев М.А., Тасқымбаева С.М., Қаратаева Ф.М., 2020. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
4. Әлеуметтану. Тесленко А.Н., Сембина Ж.Ж., Аязбаева А.Т., 2019. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
5. Решетников, А. В. Социология медицины / Решетников А. В. - Москва: ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 864 с. - ISBN 978-5-9704-3067-5. - Текст: электронный. <http://rmebrk.kz/>
6. Тәжітаева, Р.С. Саясаттану: Электрондық оқулық. - Жетісай: «Сырдария» университеті, 2016. <http://rmebrk.kz/>
7. Ритцер, Д., Степнишки, Д. Әлеуметтану теориясы: Оқулық. - 10-басылым - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856б. - ISBN 978-601-7943-17-2. <http://rmebrk.kz/>

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Әлеуметтану қоғамдық ғылым ретінде нені зерттейді ?
2. Әлеуметтік ғылымдар жүйесіндегі әлеуметтанудың орнын анықтаңыз.
3. Әлеуметтанудың құрылымы қандай?

QOŃTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		

39/11-
84 беттің 9 беті

4. Қазіргі құрылымдық функционализм теориясы қандай жағдайларға негізделеді?
5. XX ғ. әлеуметтанудың дамуында американдық эмпирикалық әлеуметтанудың қандай мағынасы бар?
6. Қазіргі батыс әлеуметтануда қандай ағымдар, мектептер және бағыттар бар?

№2 дәріс

1. Тақырыбы. Әлеуметтік құрылым және қоғамның стратификациясы. Әлеуметтену және бірегейлік. Отбасы және қазіргі заман. Девиация, қылмыскерлік және әлеуметтік бақылау.

2. Мақсаты: білім алушылардың қоғамның әлеуметтік құрылымы мен стратификациясын, әлеуметтену және бірегейлік түсініктерін және отбасы типологиясы мен әлеуметтік қызметтерін ұғынуы.

3. Дәрістің тезистері:

1. Қоғам, теңдік және теңсіздік. Ашық және жабық қоғам. Стратификация әр түрлі топтар арасындағы құрылымданған теңсіздік ретінде.
2. Әлеуметтену және бірегейлік теориялары (Т.Парсонс, Г.Х.Мид).
3. Отбасы кроссмәдени және тарихи перспективада. Отбасы типологиясы.
4. Отбасы мен отбасылық қарым-қатынастарды салыстырмалы зерттеу.

Қоғам әлеуметтік жүйе ретінде. Қоғам дегеніміз – адамдардың жиынтығы, олардың бірігуі (бірлестігі), бір-біріне қарым-қатынасы. Белгілі социолог П.Сорокин атап көрсеткендей, қоғам деген – ол бір адам емес, ең кемінде бір-бірімен байланысты екі адам. К.Маркс «Қоғам дегеніміз – адамдардың өзара әрекеттесуінің нәтижесі деп есептеді. Қоғамды бар деп тану үшін адамдардың бірігуіне мынадай жағдайлар қажет:

- 1) Адамдар өмір сүруі үшін тұрғылықты жер территориясының ортақтығы. Әдетте ол мемлекет территориясымен сәйкес келеді.
- 2) Қауымдастықтың бүтіндігі мен тұрақтылығы.
- 3) Өздігінен ұдайы өндіру, өзін-өзі қамтамасыз ету және өзін-өзі басқару.
- 4) Халықтың дамуына қажетті белгілі бір мәдени деңгейдің болуы.

Қоғамның анықтамасы: ол өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында өзара байланысты және өзара әрекет ететін тарихи қалыптасқан формалар арқылы біріккен, тұрақтылығымен, бүтіндігімен, өздігінен ұдайы өндірілетіндігімен өзін-өзі реттеуімен, қажетті мәдениет деңгейіне жеткен жетістігімен ерекшелініп, сипатталатын адамдардың жиынтығы.

Кейбір ұғымдарды салыстырайық. «Ел» – бұл көбінесе географиялық ұғым. «Мемлекет» – саяси ұғым, ал «қоғам» – социологиялық ұғым. Социология кез-келген көлемдегі әлеуметтік топтарды зерттейді деу дұрысырақ болар еді, ал қоғам дегеніміз – өте үлкен әлеуметтік топ.

Қоғамның негізінде не жатыр? Бұл сұраққа социологтар түрліше жауап береді. К.Маркс қоғамның негізі материалдық өндіріс деп есептеді. Э.Дюркгейм қоғамның негізін ұжымдық санада, сезімде және сенім-нанымда көрді. М.Вебер – адамдардың бір-біріне бағытталған әрекеттерінде деп түсіндіреді.

Барлық түсіндірмелерде қоғам біртұтас құрылым, бүтін жүйе ретінде қарастырылады. Бұл қоғамды зерттеп білу үшін жүйелі амал-тәсіл деп аталады (системный метод). («Система» сөзі грек тілінен аударғанда «бүтін» дегенді білдіреді). Жүйе – өзара байланысты және бүтіндік, біртұтастық құрайтын барлық элементтердің бірлігі. Жүйе- элементтерден тұрады. Әлеуметтік жүйе дегеніміз – негізгі элементі адамдар, олардың қарым-қатынастары мен байланыстары болып табылатын біртұтас құрылым.

Әлеуметтік әрекеттер мен байланыстар. Адамдық қимыл-әрекеттер тек басқа адамдардың әрекеттерімен байланысты болғанда және саналы түрде, жете ұғынған жағдайда ғана әлеуметтік әрекеттер ретінде қарастырылады. Адамдар мен олардың топтарының тәуелділігі және сиысушылығын білдіретін әлеуметтік байланыстар деп атайды. Әлеуметтік байланыстың элементтері: субъект, байланыс пәні, байланыстың жүзеге асуы және оны реттеу механизмі. Әлеуметтік байланыстар адамдар субъект ретінде әрекет етіп және өмір сүретін әлеуметтік жағдайларда жүріп жатады.

Әлеуметтік өзара әрекет ету. Бұл – адамдардың бір-біріне әсерін, ықпал етуін сынап көретін және әрекет ететін процесі. Өзара әрекет ету жаңа әлеуметтік қатынастардың қалыптасуына алып келеді. Әлеуметтік қатынастар дегеніміз – бұл жеке тұлғалар (адамдар) мен әлеуметтік топтар

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы			39/11-
Дәріс кешені			84 беттің 10 беті

арасындағы біршама тұрақты және дербес тәуелсіз байланыстар. Мысалы, тап аралық, ұлтаралық және басқа топ аралық қатынастар. Әлеуметтік қатынастар өте көп.

Әлеуметтік өзара әрекетті көптеген түрлерге бөлуге болады. П.Сорокин өзара әрекетті алты түрге бөледі:

- 1) өзара әрекет ету субъектісінің санына қарай (екі адам, бір және көп адам, көп және көп адам);
- 2) айырмашылығына байланысты (біржақты, екі жақты, келісімді, жаулық, т.б.);
- 3) өзінің ұзақтығына байланысты (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді);
- 4) ұйымдасуына қарай (ұйымдасқан: мемлекет, партия, отбасы) және ұйымдаспаған (тобыр);
- 5) саналы және санасыз;
- 6) интеллектуалдылығына қарай (идеялық), сезімдік (эмоциональды) және жігерлі (ерікті).

Білім беру педагогика, психология, философия, тарих, экономика, әлеуметтану секілді ғылымдар қатарын зерттеудің объектісі мен пәні болып табылады. Олардың әрқайсысы өздеріне тән шекарасын зерттейді. Білім беру әлеуметтануы - білім жүйесін әлеуметтік институт ретінде және оның қоғаммен өзара әрекеттестігін зерттейтін ғылыми пән. Әлеуметтанудың мұндай ерекше саласының бөлініп шығуы білімнің тарихи ауыспалы жүйесіне және шартты дербестігіне, оларды тудыратын қоғамдық қатынастар шеңберінде қоғамның дамуы мен қызмет етуіне белсенді әсер ете алу қабілеттілігіне негізделген.

Білім беру әлеуметтануының пәні әлеуметтік институт ретінде білім (оның қоғамдағы қызметі мен басқа институттармен өзара байланысы), әлеуметтік ұйым ретіндегі оның мекемелері (мектеп, ЖОО, т.б.), сонымен бірге білім саласындағы әлеуметтік саясат болып табылады. Білім беру әлеуметтануы, сондай-ақ білім жүйесінің әлеуметтік институт ретінде қоғаммен және оның негізгі элементтерімен өзара әрекеттесулерін зерттейді; мысалы, қоғамдық өндіріс элементтері, экономикалық қатынастар элементтері, саяси жүйе элементтері рухани өмір элементтері. Білім жүйесі мен оның жеке кіші жүйелер ішінде пайда болатын әлеуметтік мәселелерге (мектеп, кәсіби оқу орны, оқытушы мен оқушы арасындағы өзара қатынас, ұжым мен топ арасындағы қатынас) мектеп сыныптары ішіндегі қатынас саласындағы мәселелерге келетін болсақ, мұндай мәселелер білім беру әлеуметтанушының саласы педагогика әлеуметтануын қалыптастырады.

Білім беру әлеуметтануының ерекше міндеттері бар:

- білім алудағы қажеттілікті зерттеу, қоғам өмірі мен жеке өмірдегі оның рөлін түсініп бағалау
- олардың әлеуметті маңыздылық астарындағы білім сапасын және деңгейін бағалау;
- қоғам мен білім алушылардың білімге қатынасы оның әлеуметтік құндылықтарын зерттеу;
- әлеуметтік мәртебенің факторы ретінде білімнің рөлін көрсету
- рухани қажеттіліктер мен мүдделер серпініне оның әсер ету деңгейін анықтау.

Білім беру әлеуметтануының негізін М. Вебер және Э. Дюркгейм қалаған. Олар білімнің әлеуметтік қызметтерін, оның экономикалық және саяси процестермен байланысын, сонымен қатар, әлеуметтану көзқарасы бойынша оқу орындары мен педагогикалық процестерді зерттеуді кейінірек Т.Парсонс білімді қазіргі қоғамда әлеуметтендіру институты ретінде зерттеуді, оқу орындары мен оның элементтерін әлеуметтік жүйе ретінде қарастыруды ұсынды. Осы тұрғыдан алғанда мектептер, сыныптар, әлеуметтік психологиялық орта, топтық процестер, жанжалдың шығу тегі, оқыту тәсілі, әлеуметмеғриялық құрылымдарға ие болатын білім алушылардың бейресми топтары зерттеледі. Н.Гросс, Р.Будон, Р.Коллинс білім алушының әлеуметтік жағдайын, оның оқу жүйесіндегі жетістіктерін қарастырды

Білім беру жүйесі - әлеуметтік институттың ең маңыздыларының бірі функционалды көзқарас бойынша білім жүйесі адамдардың әлеуметтенуін қамтамасыз ететін институционалды құрылымдар қатарында. Әлеуметтендіру мәдениеттің сабақтастығын, ойын ұрпақтан-ұрпаққа берілуін қамтамасыз етеді. Алғашқы әлеуметтендіруді алып жүруші агенттер болып отбасы болып табылады,

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 11 беті

әлеуметтендіру көбінесе стихиялы сипатта болады. Осылармен қатар, өмір бойы әрекет етіп жеке адамдар әлеуметтендіруші агенттіктер, қоғамның құрылымдары болып табылады. Бұл жерде әлеуметтендіру басымдылығы бойынша мақсатты бағытталған сипатта болады. Мақсатты бағытталған әлеуметтендірудің тарихи, институционалды құрылымы осы кезге дейін қоғамның аз ғана бөлігін қамтыды және біртұтас саяси, діни, әскери және экономикалық элитаны қалыптастыру мақсатын көздеді. Қазіргі кезде білім беру жүйесі өзінің маңыздылығы, мазмұны, көлемі жағынан қоғам өмірінде шешуші рөл атқарады. Егер өткен ғасырларда білім жетістігі тарихи, экономикалық табыссыз, бірақ элита тобының пұрсатты тар өкілдерінің мәртебелі құрамында болса, қазіргі кезде қоғамның өндіріс әлеуетінде.

Адамзат қоғамы түрлі кезеңдерде қоғамның жастар проблемалары ретінде айқындауға болатын ерекше мәселені шешу қажеттілігіне тап болды. Осы проблеманың ерекшелігі мен өзектілігі барлық қоғамды біріктіреді: қоғам жастар арқылы биологиялық және сол сияқты рухани жаңғырады.

Қоғамда демографиялық топтың осы санатын айқындаудың әртүрлі әдістері бар. Маркстік теорияда жастар, ұқсас антропологиялық ерекшеліктері және психологиялық қасиеті бар жастық топ қана емес, олар қоғамдық қатынастардың тарихи айқындалған сипатына негізделген әлеуметтік ерекшеліктері мен белгілері бар топ дейді. Сонымен, өскелең ұрпақты адамдар қатарына қосып, қоғамда өзін еркін ұстарлық дәрежеге жеткізетін әлеуметтенудің бірінші саласы — іс-әрекет болса, жастарды әлеуметтендіруге үлкен әсер ететін екінші сала — тілдік қатынас. Ол — адамдардың бір-бірімен түсінісу құралы. Тіл арқылы адамдар пікір алмасып, пікір таластырады, қоғамда қалыптасқан адамгершілік принциптерін игереді, адамзат жасаған құндылықтар мен тағылымдарды бойларына сіңіреді, өзін өзі ұстауды, қоғамдық өмірге белсенді араласуды үйренеді. Тілдің арқасында оқып, білім алады, дүниеде не болып, не қойып жатқанын естіп біледі, ой-өрісін кеңейтіп, сапасын толықтырады, айналада толып жатқан қоғамдық-саяси оқиғаларға баға береді. Тіл-тек қатынас құралы емес, сонымен бірге ол әр халықтың тарихы, оның өмірін, тіршілігін, шаруашылығы мен мәдениетін білдіреді.

Сөзіміз дәлелді болу үшін, профессор Л.А. Байделдиновтің пікіріне сүйенсек: " Бала былдыры мен ананың сырлы сөзі — екі индивидтің ең алғашқы инстинктивті байланысы".

Жоғарыда көрсетілген жастарды әлеуметтендіруде айтарлықтай орын алатын үшінші сала — адамдардың сана-сезімінің жетілуі, олардың өзін-өзі тануы өзіндік сананың қалыптасуы. Сананың негізінде білім жатыр.

Білім — жеке тұлғаның әлеуметтік-саяси көзқарасын дамытып, дүниетанымының аясы кеңейтетін маңызды факторлардың бірі. Ол жеке тұлғаның әлеуметтік мәртебесін айқындауда, сондай-ақ қоғамда саяси келісім мен ішкі тұрақтылықты орнықтырып, саяси құрылымды дамытуда үлкен рөл атқарады.

Білім - біздің қоғамымыздың ХХІ ғасырдағы басым бағыттарының бірі, елдің барлық қоғамдық-саяси өмірін демократиялық және зиялы құруында басты стратегиялық даму бағытын анықтайды.

Ортағасырлық ойшыл Ж. Баласағұн "Құтты білік" еңбегінде: " Мемлекеттік ойлауды қалыптастырудың басты шарты — білім немесе өмірлік заңдар арқылы, қанша мықты бола тұрып, ғалымдарсыз елді басқара алмайды", — дейді. Ендеше, мемлекетіміз өз бағытын айқындаудың стратегиялық мақсат-міндеттері қатарына жас ұрпақтың білімі мен тәжірибесін алға шығаруы — заңды құбылыс. Ел Президенті үстіміздегі жылғы халыққа Жолдауында: "Ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады..." - деп атап көрсетті.

Жастарға білім беруді, оның ішінде саяси білім беруді қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымынан, мәдени құндылықтарынан, ұлттық дәстүр, рухани негізден бөле жара қарауға болмайды.

Саяси білім азаматқа өмір сүріп отырған қоғамдық және саяси құрылыста, мемлекеттегі өз орны мен рөлін құқығы мен міндеттерін дұрыс ұғынуына, жете түсінуіне көмектеседі. Бүгінгі таңда кімнің қандай кәсіппен айналысқанына қарамастан, саяси және құқықтық білім әр адамға қажет. Өйткені ол қоғамда тұрып, тіршілік еткендіктен, басқа адамдармен, ұйым, мекемелермен және мемлекетпен қатынаста болады. Ал құқықтық-саяси білімі жоқ адамдар қандай да бір саяси істерде амал-айла, қулықтың жетегінде кетеді. Адамдардың саяси сауаттылығына қоғам да мүдделі. Саяси сауаттылық

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 12 беті

қоғамды деспоттық басқарудан, адамгершілік құндылықтарға қарсы негізделген жүйеден сақтандырады.

Қазіргі қоғамдық сұраныс өз ісіне мығым, жұртшылықпен араласатын жастарға беріледі.

Отбасы институты. Қарапайым қоғамдарда отбасы – бірден-бір шынайы, ақиқат жұмыс істейтін институт. Мысалы, Орталық Африкада немесе Солтүстіктің кейбір халықтарының басқа әлеуметтік институттары жоқ. Отбасы екі түрге бөлінеді: туыстық (туыскандардың үлкен тобы, оның ішінде жұбайлар да болуы мүмкін) және жұбайлық (онда тек ері, әйелі және балалары ғана болады).

Некенің тұрпаты. Тарихта некенің түрлері белгілі. Полигамия (грек тілінен аударғанда «көпнекелілік» дегенді білдіреді). Полиандрия – бір әйелдің бірнеше күйеуінің болуы. Мысалы, Тибетте, Оңтүстік Үндістанда әйелдерден еркектер көп болған жағдайда, қыздар бір ағасына күйеуге шыға отырып, сонымен бір мезгілде күйеуінің інілерінің де әйелі болады. Полигиния, керісінше, бір еркектің көп әйелінің болуы. Моногамия (грек тілінен алынған, «бір неке» дегенді білдіреді). Еуропада, Ресейде моногамия орын алған: бір еркектің бір ғана әйелі болады, және керісінше. Жұптық неке, мұнда екі адам неке құрады. Оған топтық неке қарама-қарсы қойылады. Топтық некеде бірнеше еркек пен бірнеше әйел бір мезгілде өзара некелік қатынаста болады. Мұндай қарым-қатынастар алғашқы қауымдық құрылыста болған. Сонымен бірге некеге отыру тәсілі бойынша некелер эндогамды (мысалы, туысымен некеге отыруға болмайды) және экзогамды (мысалы, Библияда еврей Абраам өзінің қарындасына үйленеді, (ал, Құранда ол Ибрагим баба), сол сияқты Библияда Лоттың қыздары (Құранда Лут) өз әкесінен көптеген бала туған).

Отбасының қызметі (функциясы, орны). Отбасының бірталай қызметін бөліп көрсетуге болады.

1) Сексуальды (нәсіпқұмарлық) реттелу. Отбасы арқылы қоғам адамдардың табиғи сексуальдық (нәсіпқұмарлық) қажеттіліктерін жүйелейді, бағыттайды және тәртіпке келтіріп отырады. Қоғамда жұбайлық адалдық нормалары бар, өмір сүреді. Мысалы, патриархты отбасында («патриарх» деген грек тілінен «әке») әйел адамның некеге тұрғанға дейін жыныстық қатынасты көруіне тиым салынады.

2) Репродуктивті қызмет – ол сәбилердің дүниеге келуі, балалар мен немерелерді тәрбиелеу. Отбасы дегеніміз – қоғамда жаңа мүшелерді өндіруге жауапты болатын негізгі институт.

3) Социализациялау қызметі. Жеке тұлғаның социализациялауға қатысушы әлеуметтік институттардың санының көптігіне қарамастан (мектеп, балабақша, әскер, пионер, комсомол, т.б.), бұл процесте отбасы орталық орынға ие болады. Тек семьяда индивидтің алғашқы социализациялануы жүзеге асады, оның жеке тұлға ретінде қалыптасуының негіздері қаланады. Отбасылық социализацияның негізгі тәсілі баланың әке-шешесін, сол секілді ағалары мен апаларын үлкендерден үлгі ала отырып оларды айнытпай қайталауы болып табылады.

4) Экономикалық қызмет деген – бұл отбасының игілігіне жұмыс істеп, бір-біріне көмектесіп материалдық тұрғыда бірін-бірі көтермелеп, отбасының жұмыс істемейтін және еңбекке жарамсыз мүшелерін бағып, асырап, мысалы, ата-аналарды, ортақ шаруашылықты жүргізу.

5) Отбасы мүшелерінің рухани қарым-қатынас жасауы, араласуы. Психиатрлар қарым-қатынастағы эмоциональды және мінез-құлықтағы қиындықтардың негізгі себептері – отбасында махаббаттың, жылылықтың, толық интимдік қатынастың болмауы. Әке мен шешенің махабатынсыз тәрбиеленген бала ауытқымозшғұрт алы мінез-құлыққа бейім тұрады, қылмыс жасауы мүмкін.

6) Мәртебелік қызмет. Отбасында тәрбие алған әрбір адам ұлттық қасиет, өмірге дайындық материалдық қолдау, материалдық қамтамасыз етілу және т.б. секілді белгілі бір мәртебеге ие болады.

2. Отбасылық өмірдің проблемалары. Некеге тұру отбасылық өмірді құруға әкеледі. Отбасы – бірге өмір сүріп, бірлескен шаруашылықты жүргізетін және туыстықпен байланысты шағын әлеуметтік топ.

Некелер фактілік (латын тілінен «шын мәніндегі» деген) және юридициялық (заң бойынша тіркелген) болып бөлінеді. АХАЖ-ЗАГС- те некені тіркеу тұрғысынан некелік қатынастардың үш түрі бөлініп көрсетіледі: 1) шын мәніндегі қалыптасқан және ЗАГС-те тіркелген; 2) шын мәнінде қалыптасқан бірақ ЗАГС-те тіркелмеген; 3) шын мәніндегі некелік қатынастарсыз заң бойынша тіркелген неке. Мысалы, ерлі-зайыптылар ажырасып кеткен, бірақ ЗАГС-те әлі тіркеулі ажыраспаған.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 13 беті

Қазіргі кезде көптеген елдерде ер мен әйел арасындағы ерікті одақ саны өсіп келеді. Сол себепті некесіз туған балалар көбеюде. Занды түрде тіркелмеген некелерден туған, сол секілді ата-анасы некеге ресми түрде тұрмаған жағдайларда туған балалар некесіз туған балалар болып саналады, ал христиан дінінде – шіркеуде неке қиюсыз туған балалар. Библияда шіркеуде неке қимай тұрғандарды бұзық, қаңғыбас деп атайды және ол үшін шешесін қатаң жазалайды.

Ал шындық өмірде барлық балалар бірдей, олар ата-аналарының қарым-қатынасына тәуелсіз. Әсіресе, әйелдің күйеуі жоқ болса, оған көмектесу керек, себебі оның жалғыз өзіне баланы тәрбиелеу қиын. Ана болу әрқашан құрметті. Қазіргі кезеңде әсіресе, Латын Америкасында некесіз туған балалар көп. Мысалы, Мексикада 1960 жылы сондай балалардың есебі 25%, Панамада – 66,5% болған. КСРО-да 1988 жылы некесіз балалар 10,2% құрады, бірақ олардың 43%-ін кейіннен әкелері мойындады.

Заң бойынша тіркелген және заң бойынша тіркелмеген некелердің болуы кейбір жағдайда шатастыруға әкеледі. 1970 жылы КСРО-дағы Бүкілодақтық халықтық санақ, шын мәнінде тең болуға тиіс, үйленген еркектерден күйеуге шыққан әйелдердің 1 млн. артық екенін көрсетіп берді. Сол себепті бұл мәселеге байланысты әйелдер адресіне көптеген әзілдер айтылды. Халықтан сұрау құжаттарды тексерусіз жүргізілді, сол себепті ер адам әйелінен бөлек тұрып, бірақ әлі ажыраспаған (ЗАГС арқылы) жағдайлардың болуы мүмкін. Әйелі күйеуге тигенін айтады, ал еркегі отбасынан кетуіне байланысты өзін бойдақ деп санайды.

3. Отбасының мәні. Сау адамға өлім қандай болса, дұрыс өмір сүріп жатқан отбасы үшін ажырасу да сондай, табиғилыққа қарсы, жат. Отбасы проблемасы туралы жазатын авторлар отбасының мынадай қызметтерін бөліп көрсетеді. И.В.Гребенников: адам санын өндіру, жасау (репродуктивті); қарым-қатынас үшін (коммуникативті); тәрбиелік және экономикалық. Л.М.Панкова сол сияқты отбасының қызметінің төрт түрін көрсетеді: бала туу, тәрбиелік, шаруашылық және қарым-қатынас, араласу.

Балаларды тәрбиелеу отбасының басты қызметі болып табылады. Сонымен ересектер өз балаларының тәрбиесі үшін қоғам алдында жауап береді. Бала тәрбиесінде біз мынандай проблемаларды бөліп көрсетеміз: баланың тууы, олардың тірі қалуы, отбасындағы балалар мен ата-аналардың қарым-қатынасы, т.б.

1987 жылы шілдеде бүкіл дүние жүзі жердің 5-млрд. тұрғынының дүниеге келуін атап өтті. КСРО-ның халқы 300 млн. есебіне жеткен. 1986 жылы КСРО-да рекордты жыл болған, сол жылы дүниеге 5 млн. сәбилер келген. Алайда барлық дамыған елдерде тұрғындардың өсуі төмендеп барады, бала туу төмен. Әсіресе тұрғындардың капитализмге өтудің басындағы жағдаймен байланысты материалдық жағдайлардың күрт төмендеуінен бұрынғы Кеңестер Одағы территориясында бала туу қатты азайды.

Бала туудың төмендігінен халықтың денсаулығы нашарлап барады. Біріншіден, халықтың құрамында зейнет жасындағы адамдардың үлесі көбейіп барады. Екіншіден, ғалымдардың дәлелдегеніндей, ананың ең денсаулығы мықты, сау баласы болатыны – төртінші бала, ал ол дүниеге сирек келеді. Үшіншіден, бұрынғы КСРО-ның территориясының еуропалық бөлігінде маскүнем әйелдер көп туады (босанады). В.В.Бойко өзінің кітабында көрсеткендей, әрбір 215 маскүнем ата-аналардан сондай аурулары және ауытқушылығы бар балалар туады: 37 шала, 16 өлі, 36 нашар дамыған балалар (соның салдарынан еңбекке жарамсыз), 55-і туберкулезбен, 145-і психикасының бұзылуымен ауырады (17 бет).

Орта Азияда бала туудың, дүниеге бала әкелудің мөлшері үлкен. Бұрын мұнда КСРО-ның халықтарының оннан бір бөлігі тұрды және әрбір бесінші бала туылып отырды. Бірақ, мұнда балалар өлімі жиі, мөлшері көп әсіресе Түркіменстанда. Жұқпалы аурулар ауруханасы жоқ, ауылда әйелдер көп жұмыс жасайды, нашар тамақтанады. Ауруханаларда санитарияға қарсы жағдайлар орын алған және дәрігерлердің кәсіби білімділігі төмен.

КСРО-да жаңа туған сәбилердің өлімі көп болған (ал әзір азайды деп айта алмаймыз!). 1500 грамм салмақпен туған сәбилердің тек жартысы ғана тірі қалады екен. Салмағы 1 килограммнан төмен сәбилер түсік деп есептелген, олардың өлім-жетімі, жаңа туғандардың шетінеуі секілді мәселелер статистикада ескерілмеген. ВОЗ – Бүкілдүниежүзілік денсаулық ұйымы – салмағы 0,5 кг-нан төмен ғана сәбилерді түсік деп есептеген, қалғандарын қалыпты, дұрыс балалар дейді. КСРО-да жүкті

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/11-
Дәріс кешені	84 беттің 14 беті

әйелдердің әрбір төртіншісі аборт жасады. Жоғары дамыған елдердің әйелдері бала бітуге қарсы құралдарды пайдаланатын болса, біздің әйелдер әлі де кемтар болуды жалғастыруда.

Мұнымен бірге көптеген ерлі-зайыптылар баланың болмауымен азап шегеді. Дүниеде жұбайлардың біреуінің немесе екеуінің кінәсінен от басылардың 15% балалы бола алмайды. Егер күйеуі бала туғызуда қабілетсіз болып, әйелінің қабілеті болса, онда жасанды ұрпақтандырады. КСРО-да оған 1987 жылдан бастап рұқсат етілген. Сонымен бірге балаларды пробиркаларда есіреді. Ерлі-зайыптылардың денсаулықтары дұрыс болған жағдайда, тұқым жаюдың жоғарылауына кедергі жасайтын басқа себептер де болуы мүмкін. Социологтар ол себептерді жақсы біледі. Жоғары білімді, табысы мол және қалалы жерлерде тұратын ерлі-зайыптылардың селода (ауылда) тұратын, табысы аз және білімі де сондай ерлі-зайыптыларға қарағанда балалары аз болады. Маскеуде бір әйелге орта есеппен 1 баладан аз келеді, ал Қырғызстанда бір әйелге 6 баладан келеді.

Қазіргі жағдайда отбасылар бір ұрпақты болып келеді: шеше, әке, балалар. Ресейде ондай отбасылар 76%. Мұндай отбасыларында тәрбиеленген жастар қарттарды түсінбейді және сыйламайды. Балалар өздерінің ата-аналарына емес, теледидардағы қаһармандарға еліктейді. Балалар ата-аналарға үлкен қуаныш әкеледі, өзін-өзі таныту мен өзінің мүмкіндіктерін жүзеге асырудың тәсілі ретінде қызмет етеді. Бірақ әрбір бала тілеп алынған болуы керек. Қажетсіз бала шала болып тууы мүмкін, оның үстіне ата-анасы оған нашар қарайды. Балаға қандай да бір мақсатқа жетудің құралы деп қарау дұрыс емес; бала – ойыншық емес және ата-ананың жеке меншігі емес. Адам ретінде ол өзіне деген құрметті бастан талап етеді. В.В.Бойко бала мен ата-ананың өзара түсінісуінің бес кірпішін бөліп көрсетеді: 1) балалардың мінез-құлқына құлақ асу; 2) баланың бетін қайтармау, жасытпау, өзіне ұқсауын талап етпеу; 3) баланың тұлға ретінде қасиеттерін мойындау; 4) баланың ерекшеліктерін білу, 5) баламен незік қарым-қатынас жасау.

Ажырасуды қалай азайтуға болады? Біреулер некеге тұру мен ажырасудың құжаттарын дайындау процедурасын адамдар асықпай шешім қабылдауы үшін қиындатуды ұсынады. Бұл неге келтіреді? Некесіз, заңсыз туылған балалар саны көбейеді. Бұл туралы профессор А.Г.Харчев жазады. Ол берік неке құру үшін бір ғана жолды көреді – ол жастарды отбасылық өмірге дайындау. Профессор И.С.Кон жастардың әлеуметтік толысуының (кемеліне келуі) жыныстық толысуынан арадағы үзілістің күшеюін атап көрсетеді, яғни жыныстық өмір әлеуметтік толысқанға дейін әлдеқайда бұрын басталады. Профессор жастарға презервативтерді пайдалануға кеңес береді. Б.А.Леонидова ажырасуға асыққандарды кінәлайды. Эгоизм (латын тілінен «өзімшілдік») мен жеңілтектік ажырасу «вирусын» тарту үшін ең жақсы себеп. Солай деп жазады ол.

Адамдар неге ажырасады? Әр түрлі себептер келтіріледі. Мінездердің сәйкес келмеуі туралы жиі айтылады. Бірақ, оның артында көп нәрсе жасырынып жатуы мүмкін. И.В.Гребников әйелдердің ажырасуының үш түрлі себебін көрсетеді: күйеуінің маскүнемдігі, көзге шөп салу немесе адалдығына күмән келтіру және мінездерінің сәйкес келмеуі. Ер адамдардың ажырасуына себепкер бес сылтау: мінездерінің сәйкес келмеуі, басқа отбасының пайда болуы, жиі ұрысып-керісу, әйелінің адал болмауы, махаббат сезімін жоғалтуы. Кейбір ерлі-зайыптылар ажырасуға өте жеңіл қарайды, онша қайғырмайды. «Екі рет тұрмыста болдым...» (28 жаста), «Ажырасқанымызды мейрамханада тойладық» (білім алушы), «Адамдар салқын, көз жасынсыз, естен танып құламай, іскерлікпен ажырасатын болды» (судья), т.с. Алайда, мұның бәрі тек сыртқы жағы, көз бояу, батырсыну, құр кеуде болуы мүмкін. Ажырасқандардың тең жартысы қайта некеге отырады. Әсіресе, әйелге қиын. Әйел ажырасқаннан кейін жасының ұлғаюына байланысты және егер балалары болса өмір бойы жалғызбасты болып қалуы мүмкін.

4. Иллюстрациялық материал: презентация

https://docs.google.com/presentation/d/1KIBkVM5HboIPT6_j7Q_YqR-zNxEt7wyF/edit

5. Әдебиет:

Қазақ тіліндегі негізгі:

1. Әлеуметтану: оқу құралы / М. А. Ертаев, С. М. Таскынбаева, Ф. М. Каратаева. - Қарағанды: ЖІШС «Medet Group», 2020. - 330 бет.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		39/11- 84 беттің 15 беті

- Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 208 с.
- Жанысбеков М.А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: дәрістер кешені/ ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі. ОҚМФА. «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндері». - Шымкент: [б. и.], 2015. - 101 б.
- Сыдықов, Ұ. Саясаттану: оқулық. - Алматы: New book, 2022-96 бет
- Бринкерхоф, Д.Әлеуметтану негіздері: оқулық / Д. Бринкерхоф, Р. Уейтс, С. Ортега; Қаз.тіл.ауд.С.А Амандосова[және т.б.]. - 9- басылым. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 464 б. с.: (Рухани жаңғыру).
- Ритцер, Д. Әлеуметтану теориясы: оқулық / Д. Ритцер, Д.Степницки; қаз. тіл. ауд. Г.О. Әбдікєрова [және т.б.]. - 10- басылым. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856 б.: (Рухани жаңғыру).
- Әлеуметтану: жаңа буынға арналған оқулық / А. Н. Тесленко, Ж. Ж. Сембина, А. Т. Аязбаева; ҚР білім және ғылым министрлігі. «ҚазГЮУ университеті» АҚ. - Қарағанды: ЖШС «Medet Group», 2015.
- Забиєрова, А. Т. Практикалық әлеуметтану: оқу құралы / А. Т. Забиєрова. – Алматы: Эверо, 2014. - 206 бет
- Нысанбаев, Ә. Социология: оқулық. - Алматы: Эверо, 2014.
- Әбсаттаров, Р. Әлеуметтік: өзекті мәселелер. (Екі томдық оқу құралы). 1,2-том: оқу құралы / Р. Әбсаттаров, М. Дәкєнов ; ҚР Білім және ғылым министрлігі. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Пед. ун. - 2-ш. бас., толық. - Алматы : Қарасай, 2015. - 408 с..
- Әженєв, М. С. Қоғамның әлеуметтік құрылымы : оқу құралы Алматы : Эверо, 2014

Қазақ тіліндегі қосымша:

- Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігі = Dictionary of the social sciences / сөздік; ред. К.Калхунның. - Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 480 бет: (Рухани Жаңғыру).
- Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016.
- Решетников, А. В. Медицина әлеуметтануы: оқулық / А. В. Решетников; ред. Т. Қ. Рақыпбеков; қаз.тіліне ауд. А. М. Марқабаева; жауапты ред. Т. Қ. Рақыпбеков. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2015.
- Армстронг, К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: құдайтану баяны = A History of God The 4000-year Quesf of Judaism.Christianity and Isiam: монография / К.Армстронг; ауд. Д. Кєнжетай [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 432 б. с.: (Рухани жаңғыру).
- Андерсон Джеймс Э. Мемлекеттік саясат = Public Policymaking : оқулық / Джеймс Э. Андерсон ; ред. А. Б. Исємбердиева ; Қаз. тіл ауд. Х.Ғ. Масадиков. - 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 448 б. с
- Синглтон Ройс А. Әлеуметтік зерттеу әдістері = Approaches to Social Research : оқулық / Ройс А. Синглтон, Брюс С. Стрейтс ; ред. А. Б. Исємбердиева ; Қаз. тіл ауд. Н.Ә. Муминов. - 6-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 816 б. с

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		39/11- 84 беттің 16 беті

7. Хейвуд Эндрю. Саясаттану = Politics : оқулық / Эндрю Хейвуд ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 5-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 520 б. с
8. Коннолли Мэри. Әлеуметтік жұмыс: контексті мен практикасы = Social Work:Contexts and Practice : оқулық / Мэри Коннолли, Луиза Хармс, Джейн Мейдмент ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б. Мизамхан. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 384 б. с
9. Нортхауз Питер. Көшбасшылық: теория және практика = Social Work:Contexts and Practice : оқулық / Питер Нортхауз ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.М. Икрамова. - 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 560 б. с.
10. Постон Дадли Халық саны және қоғам. Демографияға кіріспе = Ethnography. Principles in Practice : оқулық / Дадли Постон, Леон Ф. Бувье ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 488 б. с
11. Смитт Энтони Д. Ұлттың этностық тамыры = The Ethnic Origins of Nations : оқулық / Энтони Д. Смитт ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. И. Алибаева. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 388 б. с
12. Хаммерсли Мартин. Этнография: зерттеу принциптері = Ethnography. Principles in Practice : оқулық / Мартин Хаммерсли, Пол Аткинсон ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Мусина. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 400 б. с

Электронды оқулықтар

1. Основы антикоррупционной культуры [Электронный ресурс]: учебное пособие / под ред. Б. С. Абдрасилова. - Электрон. текстовые дан. (702Мб). - Астана: Акад. Гос. упр. при Президенте РК, 2016. - 176 с.
2. Гендерная социология. Акбаева Л.Н., 2017. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
3. Әлеуметтану. Ертаев М.А., Таскымбаева С.М., Қаратаева Ф.М., 2020. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
4. Әлеуметтану. Тесленко А.Н., Сембина Ж.Ж., Аязбаева А.Т., 2019. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
5. Решетников, А. В. Социология медицины / Решетников А. В. - Москва: ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 864 с. - ISBN 978-5-9704-3067-5. - Текст: электронный. <http://rmebrk.kz/>
6. Тәжітаева, Р.С. Саясаттану: Электрондық оқулық. - Жетісай: «Сырдария» университеті, 2016. <http://rmebrk.kz/>
7. Ритцер, Д., Степнишки, Д. Әлеуметтану теориясы: Оқулық. - 10-басылым - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856б. - ISBN 978-601-7943-17-2. <http://rmebrk.kz/>

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Стратификацияның негізгі критерийлерін және тарихи типтерін атаңыз.
2. Әлеуметтік ұтқырлық ұғымын қалай түсінесіз?
3. XXI ғ.қазақстандық отбасының қазіргі жағдайы қандай?
- 4.Қазақстандағы көп әйел алу мәселесін анықтап беріңіз?
- 5.Әкесіз өсудің әлеуметтік мәселелерінің зардаптары қандай?
6. Әлеуметтендіру дегеніміз не?

№3 дәріс

1. Тақырыбы. Дін, мәдениет және қоғам. Этнос және ұлт әлеуметтануы. Білім және әлеуметтік теңсіздік.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 17 беті

2. Мақсаты: Қоғам түсінігі мен оның мәдениетпен өзара әрекеттесуі, әлеуметтік-этникалық қауымдастықтар түсініктерін білім алушылардың меңгеруі.

3. Дәрістің тезистері:

1. Девиация мен әлеуметтік бақылау. Девиация туралы теориялық бағыттарды қысқаша шолу (әлеуметтанулық, биологиялық, психологиялық, экономикалық, мәдениеттанулық).
2. Дін: негізгі түсініктер. Дінді әлеуметтанулық талдау. Дін және әлеуметтік теңсіздік.
3. Мәдениет элементтері. Мәдениет және өркениет: ұғымдардың мазмұны мен ара-қатынасы. Мәдениет әлеуметтануы. Құндылықтар, дәстүрлер мен ғұрыптар. Ұлттық бірегейлік пен мәдениет.
4. Әлеуметтік-этникалық қауымдастықтар. Этнос, халық, ұлт. Этникалық бірегейлік. Ұлттық бірегейлік.

Қандай да бір ғылым болмасын, оның белгілі бір құрылымы болады. Бұл құрылым сол ғылымның қоғамда алдына қойған міндеті мен атқаратын қызметіне байланысты анықталады. Әлеуметтану ғылымы да осындай. Оның құрылымы екі үлкен жағдаймен түсіндіріледі:

Біріншіден, әлеуметтану әлеуметтік өмірді бейнелеу, түсіндіру, ұғындыру білімдерін қалыптастырып, әлеуметтік зерттеу теориясын, әдістемесін, әдісін, талдау тәсілін жасап, қоғамның даму мәселелерін шешеді. Әлеуметтік өмір туралы әр түрлі деңгейде теориялық қорытындылар жасалады.

Екіншіден, әлеуметтану қоғамдық және әлеуметтік құбылыстар мен үдерістерді өзгерту, қайта құру үшін оларға жоспарлы, әрі тиімді жолдар, құралдар арқылы ықпал етіп әлеуметтік мәселелерді талдап зерттейді. Бұл әлеуметтанудың қолданбалы саласын құрайды.

Сонымен, әлеуметтанудың теориялық және қолданбалы салаларының айырмашылығы олардың зерттейтін объектісі мен зерттеу әдісі арқылы емес, жалпы әлеуметтанудың алдына қойған мақсаты мен міндеті арқылы ғылыми немесе практикалық мәселелерді шешуіне байланысты ажыратылады.

Теориялық немесе фундаменталды әлеуметтану барлық қоғамдық, гуманитарлық ғылымдардың ілгері дамуына жол ашады. Ол әлеуметтік зерттеулер арқылы зерттелетін құбылыс пен үдерістер туралы білімнің онан әрі дамуын, жетілуін мақсат етеді. Қолданбалы зерттеулер арқылы теориялық негізгі мәселелерді нақтылап шешуге тырысады. Бұлардың негізінде бағалы, құнды кеңес, нұсқаулар, ұсыныстар, болжаулар жасалады.

Әлеуметтік білім –теория мен практиканың бірлігінде қалыптасады. Теориялық зерттеулер әлеуметтік болмысты, өмір жалпы және арнаулы бағыттардың деңгейінде түсіндіріп, оның дамуын және қандай қызмет атқаратынын анықтайды. Оның одан әрі даму заңдарының бағытын, көрінісін белгілеп отырады. Ал, эмпирикалық (яғни, практикалық, тәжірибелік) әлеуметтік зерттеулер- нақтылы құбылыстар мен процестер туралы жаңа мағлұмат, хабарлар статистикалық талдау, нақты әлеуметтік әдістерді (яғни, сауалнама, сұрыптау, бақылау, құжаттарды талдау, сараптау, үлгілеу, тестілеу, т.б.) қолдану арқылы іске асырылады. Ал, теориялық зерттеулер абстрактілі философиялық әдістерді (яғни, талдау мен синтез, логикалық пен тарихи, индукция және дедукция, абстрактіліден нақтылыққа шығу, т.б.) арқылы іске асырылады.

Теориялық білім жан-жақты, әмбебапты, ал эмпирикалық – ақиқатты, шындықты белгілеуші білім. Теориялық білім эмпирикалық білімнің негізінде сүйенеді, ал, эмпирикалық ғылым теориялық білімнен біршама басым болғанымен, ғылымның жоғары даму деңгейін көрсете алмайды. Ғылымның дамуы әр уақытта теориялық білім деңгейінің эмпирикалық білім деңгейінен басым болуын қажет етеді.

Теориялық және қолданбалы әлеуметтану нақтылы әлеуметтік зерттеулерге сүйене отырып, бір-біріне қарсы тұрмайды, олар әр уақытта бірлікте болып, бір-бірінің одан әрі дамуының әсер етеді.

Теориялық әлеуметтану – ол алуан түрлі теория мен тұжырымдардың жиынтығы. Бұлар қоғамның әлеуметтік дамуын тұжырымдап, оларға терең жан-жақты түсінік береді.

Бұрынғы КСРО-да әлеуметтануды тарихи материализммен шатастырып келді. Бұл дұрыс емес. Тарихи материализм- бұл әлеуметтік философия. Ол қоғамды тек абстрақтылы түрде қарап, оны нақтыламады. Ал, әлеуметтану нақтылы әдістермен қоғамды, оның дамуын жан-жақты зерттеп, ғылыми теорияны қалыптастырды. Адам өзінің даму өркениетінде әлеуметтік дамудың алуан түрлі

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/11-
Дәріс кешені	84 беттің 18 беті

теориясын ашып тұжырымдады. Мысалы, XX ғасырдың ортасында әлеуметтік стратификация (яғни, жіктелу), индустриялы қоғам, конвергенция, жалпы әлеуметтік теориялардың арнаулы түрлерін тұжырымдады. Әлеуметтанудың арнаулы теориялары әлеуметтанудың жеке қоғамдық және гуманитарлық ғылымдармен тығыз байланыс, қатынастарының негізінде пайда болды. Әлеуметтануда бұларды орта деңгейдегі теориялар деп атайды. Қазіргі уақытта мұндай арнаулы орта деңгейдегі теориялардың саны 100-ден астам. Бұл теориялардың негізін салушылар М.Вебер, Э.Дюркгейм, К.Маннгейм, Т.Парсонс. Әсіресе, американдық әлеуметтанушы Роберт Мертонның есімін ілтипатпен айтуға болады. Бұл орта деңгейдегі арнаулы теориялардың пайда болуының тағы бір басты себебі мынада: жалпы теориялық әлеуметтану қоғамның жалпы заңдылықтарын зерттей отырып, оның кейбір жақтарының дамуына көңіл аудармауы мүмкін. Ал, әлеуметтану құрамында орта деңгейдегі теориялардың болуы қажет. Орта деңгейдегі теориялар, мысалы, отбасы, әлеуметтік топтар, жіктер, т.б. қоғамның біртұтас жүйесімен өзара байланыс, қатынастарын, даму заңдарын ашып, анықтайды. Қазіргі уақытта орта деңгей теориялары қоғам дамуының өзекті мәселелерін шешуде дұрыс, нақтылы жауап бере алады.

Сонымен, әлеуметтік білімнің құрылымы деп қоғамның әлеуметтік жүйесінің серпінді дамуы, іс-әрекет, қызмет жүргізілуі туралы әр түрлі жиналған фактілерді, ақпараттарды, хабар-мәліметтерді ғылыми дұрыс түсіндіруді және ғылыми ұғымдардың жиынтығының реттелуін, тәртіпке келтірілуін айтамыз. Әлеуметтік білімнің негізгі құрылымы, тұжырымы, қағида, бағыттары мыналар:

1. Қоғам біртұтас әлеуметтік жүйе. Бұл тұжырым, қағида өзінің зерттеу объектісінде қоғамдық қатынастар жүйесін, олардың мазмұнын зерттейді.
2. Қоғамның жеке салаларының дамуын, атқаратын қызметі туралы түсініктердің байланысын-экономикалық, саяси, рухани, т.б. салаларын, әрбір салада жеке тұлғаның немесе әлеуметтік топтардың қызметінің әлеуметтік қалыптасу мүмкіндігін зерттейді.
3. Қоғамның әлеуметтік құрылымы немесе жалпы әлеуметтік құрылым туралы білімді қалыптастыру үшін әлеуметтік топтардың экономикалық, әлеуметтік, саяси, рухани қатынастар жүйесінде алатын орны мен байланысы туралы білімдер болуы керек. Әлеуметтік топтар деп отырғанымыз – үлкен топтар, кішігірім топтар, кәсіби мамандандырылған топтар, демографиялық және этникалық топтар.
4. Саяси әлеуметтануға кіретін алуан түрлі ғылыми түсініктер, ой-пікірлер, теориялар. Бұған жататын зерттеу объектілері:

- а) әлеуметтік топтардың саяси қатынастар жүйесіндегі алатын орны;
 - ә) қоғам субъектілерінің әлеуметтік – саяси құқық және бостандықты, тәуелсіздікті алудың жолдары мен тәсілдері туралы;
 - б) қоғамның саяси жүйесінің құрылымы, қызметі және функциясы туралы;
5. Әлеуметтік институттардың (мемлекет, құқық, ғылым, мәдениет, отбасы, т.б.) қызметтері туралы ғылыми түсініктер мен қортындылар;
 6. Қоғамның жеке салаларының және кішігірім жүйесінің қызметтері туралы теория. Оны мынандай объектілерді зерттеу арқылы түсінуге болады: өндірістік ұжымдар, ресми емес топтар мен ұйымдар, адамдар арасындағы кішігірім топтар, жеке тұлғалар, т.б. кіреді.
- Әлеуметтік білімнің деңгейлері қоғамдағы құбылыстар мен процестерді терең талдап, кең қортынды жасау арқылы анықталады. Жоғарыда көрсетілгендей әлеуметтік үш негізгі деңгейі бар:

- а) жалпы әлеуметтану теориясы;
- ә) эмпирикалық (тәжірибелік) әлеуметтану;
- б) орта деңгей теориялар.

Осыларға сәйкес әлеуметтік зерттеулерді теориялық және эмпирикалық зерттеулер деп екіге бөледі.

Дін қоғамда әлеуметтік организм өмірінің бір көрінісі ретінде өмір сүреді. Дін мен қоғам арасындағы байланысы екі дербес шамалардың әрекеттесуі ретінде қарастырылуы дұрыс болмаған еді. Дін – одан оқшаулана алмайтын қоғамдық өмірдің бір бөлігі, ол қоғам өміріне соншалықты сіңісіп кеткен. Солай бола тұра, қоғам мен діннің мұндай байланысының сипаты мен дәрежесі оның дамуының әртүрлі кезеңінде біркелкі болмайды. Әлеуметтік жіктелудің күшеюі мен қатар қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларының тәуелсіздігі арта түседі. Қоғам, мамандану және жіктелу жолымен

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 19 беті

жылжи отырып, онда әлі оның өмір саласын құрайтын бөліктері бір жерде топтасып, оларды айыру мүмкін болмайтын тұтастық жағдайынан көп бейнеліктің бірлігін білдіретін жалпыламалыққа бірте-бірте өзгереді.

Бұл діннің атқарып отырған қызметтерін егер мәселе дамыған қоғам жайында болса, олардың қоғамда қызмет атқарушы басқада әлеуметтік жүйелермен институттар мен етене араласуы тұрғысынан қарастыру керек, ал егер дамушы қоғамда болса ортағасыр кезіндегідей діннің жаппай билеп-төстеуі сияқты емес, сәйкес немесе ұқсас жолдары бойынша қарастыру керек екендігін білдіреді.

Жанжалдар тек діни топтар арасында ғана болмайды, сонымен бірге олардың ішінде де болады. Топ ішіндегі әлеуметтік жүріс-тұрыстар көбіне индивидтердің өзіншілдік мүдделерін қанағаттандыруға ұмтылуының нәтижесі болып табылады және билік, артықшылық, мәртебе үшін күрес барысында жанжалдар туындайды. Мысалы, діни топтардың көпшілігінде (ортодоксальді иудаизмге қатысты, православие де, католик шіркеуінде, протестанттық конгрегациялардың көпшілігінде, исламда да солай) ер адамға басым рөл беріледі, әйел адам дін қызметкері бола алмайды. Басқа бір қарапайым жанжал ол клир мен миряндар арасында. Ол діни басылар көпшілік қоғамдарда, пұрсатты қоғам топтарының еншісінде болуы сияқты әлеуметтік жағдайларға байланысты.

Қазіргі заманғы қоғамда діни өмір консерватор-дәстүршілдер мен модернистер, діни жаңару мен реформалардың жақтастары арасындағы жанжалдармен көрініс береді. Әдетте, олардың арасындағы күрес таза теологиялық пікірталас шеңберінен шығып кетеді және дін басыларының әлеуметтік саяси бағыт ұстануының біртекті еместігін көрсетеді.

Дін ішіндегі жанжалдар көбінесе қоғамдағы өзгерістердің де көзі болып келді, оған әулиелік діндер мысал бола алады. Көне Өсиетте әулиелер, құдай әлеуметтік теңдікті көреді, оны құдай жасап берді ал адамдар оны өз еркімен бұзды деп жария еткен. Әулиелер үлкен әділеттік үшін қоғамды өзгерістерге шақырды және көбінесе төмен, кедей таптардың мүдделерін қорғаушылар ретінде алға шықты. Германиядағы шаруалар соғысында бұқара халықтың жетекшісі реформацияның радикалды қанатының өкілі Томас Мюнцер болды. Ол жер бетіндегі тәртіптерді ортақ мүдделерге сәйкес (билеп төстеушілердің мүддесінде ғана емес) қайта өзгертуге шақырды. Бұл жерде ол құдайдың о баста ойластырғанының орындалуын көрді. Бұл діншілік жанжал (Мюнцер католик шіркеуін және дін қызметкерлерін сынға алады, бірқатар қасаң қағидаларды мойындамады) қалайша нағыз соғысқа әкелетін әлеуметтік жанжалға айналуының мысалы бола алады.

Осыған орай дін социологиясы харизмалық жетекшілердің рөлі жайлы мәселеге ерекше назар аударады. Вебер харизмадан әлеуметтік тұрақтылықтың іргелі қарсы әсерін және өзгерістердің маңызды бастамасын көрді.

Дін қоғам тұрақтылығының факторы ретінде ғана болмай (бұл жерден функционалисте оның негізгі қызметін жиі көреді), сонымен қатар, *әлеуметтік өзгерістердің қайнар көзі* болып қызмет етеді. Мысалы, Вебер протестанттық реформацияның шешуші рөлін “капитализм рухын” жасауда кальвинизмнің ерекшеліктеріне негіздеді және нәтижесінде Еуропа тарихында жаңа дәуір мен индустриалдық өркениеттің дамуының басталуын білдірген орасан зор тарихи алға басушылықты дәлелдеді.

Басқаша түрдегі мысалдарды келтіруге болады. Алайда діни тұрақтылық көбінесе бүкіл қоғам үшін сөзсіз өте үлкен игілік бола отырып, радикалды саяси қозғалыстарға өзін балама ретінде көрсетті, ал белгілі бір жағдайда функционалды түрде қоғам үшін пайдалы болатын тұрақтылықты қиратуға бағытталған қозғалысқа қосылуы мүмкін. АҚШ-тағы Мартин Лютер Кинг бастаған негрлердің азаматтық құқық үшін күш көрсетусіз түрде болған қарсылығы, апартеидке қарсы болған діни қозғалыспен байланысты болды. Егер діни идеология, барлық адамдар құдай алдында тең деп айтқанымен де, сонда да әлеуметтік, ұлттық теңсіздік құқығын шектеушілік болатын болса, онда жапа шегуші топ өкілдері үшін, құдай алдында адамдардың бәрі тең дегені жайындағы діни оқылымдар, теңдік үшін, бостандық үшін күрестің рухани себепкері ретінде қызмет етуі мүмкін.

Сонымен, егер функционалды теория діннің тұрақтылықты ұстап тұратын факторы ретіндегі рөліне назарын шоғырландыратын болса, жанжалдар теориясы - оның өзгерістердің шығатын көзі

ONTÜSTÜK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/11-
Дәріс кешені	84 беттің 20 беті

ретіндегі рөліне назарын шоғырландырады. Жанжалдар теориясы діннің рөлін өзінше түсінуін, салмақты тарихи мәліметтермен дәлелдеу мүмкіндігіне ие. Ол қоғамды әлеуметтік статикаға бағыт алушы, тек функционалды байланыстарды анықтауға ғана көңіл бөліп, жанжалдарды елеуге бейім деген түсініктерге маңызды түзетулер енгізеді. Діни жанжалдар әлеуметтік өзгерістерге жол ашуы мүмкін және өз кезегінде әлеуметтік өзгерістер мен әлеуметтік жанжалдар діни салада өзгерістерге алып келуі мүмкін немесе алып келеді.

Сонда да жанжалдар теориясы өз назарын қарама-қарсылық пен күреске шоғырландыра отырып, оларсыз қоғам өмір сүруге қауқарсыз деп ынтымақтастық пен кооперацияны түсіндіруде айтарлықтай қиыншылыққа тап болады. Әлеуметтік өмір теориясы екі сәтті де - үйлесім мен диссонансты есепке алуға міндетті, - алайда олардың сәйкестенуі, тепе-теңдігі нақты материалды таңдауда бірде басқасына, екіншісінде басқасына екпін салуға мүмкіндік бере отырып, айтарлықтай кең шектерде құбылып отырады. Соңына келе бұл екі тұрғы өзара жоққа шығарушы емес, өзара бірін-бірі толықтырушы болады. Діннің қоғамдағы рөлі тек функционалдыққа немесе тек дисфункционалдыққа келіп тірелуі мүмкін еместігі анық. Діннің кері интеграцияның, киратудың, жанжалдың факторы ретінде көрініп жататын жағдайлары, оны әлеуметтік патология қатарына қосу үшін негіз болмауы керек.

Қарастырылып отырған ара қатынастың маңызды жағы - белгілі бір әлеуметтік топтар, қоғамдық стратификация мен наным-сенімдердің белгілі бір жүйелер арасындағы байланыс. “Сословие, таптар, дін” мәселесі Вебер тарапынан “әлемдік діндердің шаруашылық этикасы” атты жұмысында өте тамаша қарастырылған. Ол қандай да бір топтардың өмірлік жүріс-тұрыстары тиісті діндердің іс жүзіндегі этносына күшті әсер еткенін және оларға бір-бірінен ерекшеленіп тұратын өзіндік ерекшелігі бар белгілер бергенін көрсетуге тырысты. Айталық, конфуцишілдік, пайда болған ақсүйектік рационалдық бюрократияның сословелік этикасы болды. Ерте индуизм иеленушелрі, әдеби тұрғыдан ойдан ойластырылған мұрагері касталардың өкілдері болды; керісінше, ешқандай қызмет орындарында болмаған, тек ведалық білімі бар брахмандар діни дәстүрлерді иеленуші шынайы діни сословие ретінде болды. Буддизм болса, ойға шомуға берілген және дүниеден безіп қаңғырып, ел аралап жүрген монахтар тарапынан көпшілікке таратылды. Ислам алғашында дін үшін күресуші жауынгерлердің, басқыншылардың, рыцарлық орденнің діні болған. Иудаизм вавилондық тұтқыннан кейін - “пария - халық” діні болды; ал христиандық әуел баста ел аралап жүрген қол өнершілердің ілімі, сипаты бойынша өзіндік ерекшелігі бар қалалық дін болды.

Тағы бір естен шығармау қажет жағдай; ол діни тиістілік кез келген топтардың өздерінің “сәйкестенуі” арқылы топтасу құралы ретінде, мысалы ескі дәстүршілер ресми- провославиелік ортада, иудаизмнің жақтастары христиандық ортада, яғни азшылық жағдайда қызмет етуі мүмкін.

Діннің саясатқа қатынасы түрлі аспектілерде зерттелген. Мемлекеттің пайда болуы мәселесі ерте кезеңдерде діни тұрғыдан қарастырылды. Алайда деректі тарихқа жүгінер болсақ, ол жерде дін мен саясат архаикалық мәдениет заманынан бері екі жеке дербес сала ретінде көрінеді. Онымен қоса, саяси билікті заңдастыру қажеттілігі туындайды, бұл қызмет белгілі бір қатынастарда саяси элитамен бәсекелестікке түсе алатын ерекше топтың, діни кәсіпқойлар мен дін басыларының қолына шоғырланды. Алайда мемлекеттік - ұымдасқан қоғамдардың көбісінде саяси элитаға діни жағынан шынайы қауіп тудыруға өте сирек болды. Атап айтқанда, антикалық Грецияда немесе Римде. Сонда да дін басыларының саяси амбицияларының белгілі бір жағдайда күшейе түсуі (былайша айтқанда “құтқарушы діндерде” олардың нақтылы тарихи күштердің әрекет ететін саласынан тыс жататын бұл әлемдік емес мақсаттары - “құдай патшалығы” деген ұстанымдарымен) әбден мүмкін. Осындай негізде өзін шіркеуге саяси жақындығы бар зайырлы биліктен жоғары қоятын теократиялық идеал түріндегі баламаның қалыптасуы мүмкін. Әсіресе исламда азап шегу мен қарама-қайшылықтарда рухани және зайырлы биліктің тең позицияларының қалыптасуы жүреді, ол жерде о бастан діни шектеулер қасаң қағидалышылық түрінде бекітілген.

Қазіргі қоғамда діни мен саяси институттардың өзара қатынасы келесі екі аспектіде қарастырылады. Біріншісі діннің сол қоғамның құндылықтарын негіздеу мен қолдау қызметін орындауымен байланысты. Бұл құндылықтар заңға және билікке қатысты көзқарасқа әсер ете отырып,

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 21 беті

саяси әрекетке (қарсы шығу немесе қолдау) тартылған. Екіншісі - діннің саясатпен, қандай да бір әлеуметтік топтардың ықпалының күшеюіне байланысты мүдделерін білдіруші институция ретінде қатыстығын анықтау. Діни ұйымдар, институционалды діни ұйымдарды қоса алғанда, белсенді идеологиялық әрекет арқылы саясатқа араласады, адамдардың ақыл-ойы үшін идеологиялық шайқастарға қатысады. Діни топтар қалай болғанда да түрлі формаларда және түрлі дәрежеде қоғамның саяси өміріне қатысады. Бұл қатысу діни идеологиямен немесе оның қызмет етуінің объективті жағдайларымен анықталады. Қатысу саяси енжарлыққа, қатыспауға бағыт алуда, бұл топтардың қатыстырылмауында көрінуі мүмкін, ол халықтың белгілі бір бөлігінің биліктен жатсынғанын білдіреді.

Қазіргі тарихи кезеңнің ерекшелігі ол этикалық өлшемдермен санасатын саясатқа қажеттілік болып табылады. Моральдық міндеттемелерге тәуелді болмайтын саясат ядролық ғасырда өте қауіпті. Осыған байланысты діннің саясатқа, саяси күштердің күресінде төреші рөлін орындаушы этникалық фактор ретінде әсер етуі ұлғая түседі.

Діннің экономикамен ерекше байланыстары бар. Вебердің шаруашылықтың капиталистік жүйесінің пайда болуында протестантизмнің рөлі туралы зерттеуі дін мен экономика арасындағы әрекеттесуге көңіл бөлуді күшейте түсті. Бұл бағыттағы жұмысты Р.Белла жалғастырды. Ол жапон дінінің белгілі бір белгілері елдің жылдам экономикалық дамуында маңызды рөл атқарғанын көрсетуге ұмтылыс жасады. Ол жапондық самурайлардың діни-этикалық жүйесінде протестантық этиканың баламасы бар екенін көрсетті. Олар Р.Белланың болжауынша Жапонияда капитализмнің дамуына жол ашты.

Вебер ұсынған бағытпен қатар экономика саласында сиқыршылық әрекеттердің рөлін де зерттеу жүргізіліп жатыр, этнологтар бұл әрекеттер қажетті түрде тиімді және қоршаған әлемге бейімделуді қамтамасыз ете алушы бола алатынын көрсетті.

Жалпы діннің басқа әлеуметтік институттармен қатынасы проблемасының бүкіл жиынтығы діннің әлеуметтік-мәдени өзгерістердегі рөлі деген басты мәселелермен байланысты. Бұл мәселе, діннің рөлі қоғамда болып жатқан өзгерістерді уақыт бойынша қандай да бір артта қалушылықта болумен шектеліп отырады ма немесе дін осы өзгерістердің қозғаушы күші “моторы” болып табылама деген мәселе жөнінде. Қазіргі уақытта бұл проблеманың тәжірибелік жоспары “үшінші әлем” елдерін жаңарту процесінде пайда болатын өте өткір қарама-қайшылықтар мен қиыншылықтарға байланысты аса мол.

Мысалы, христиандықтың бірте-бірте дамуы қазіргі оразасын жиі “сектанттық” деп атайды. Оны діни плюрализм және дінді жекешелендіру деп сипаттауда. Сенушінің әрекеттеу саласы өзіне-өзі жауап бола отырып, еңбек етіп, өмір сүретін секуляризацияланған қоғам болып табылады. Қазіргі кездегі христиандықтың негізгі проблемасы - бұл дәстүрлі христиандық этиканы қазіргі замандағы қоғамның күрделі проблемаларын түсінуге сәйкестендіре алатын, қоғамда христиандық құндылықтарды тереңірек түрде іске асыруға жол ашатын жаңа “өмірлік құндылықтар” жүйесін жасап шығару болып отыр.

Осыған байланысты қазіргі дін социологиясында, діннің қоғамға әсер етудің екі тұтас процесі және діннің әлеуметтік факторлардың әсерімен өзгеруі қоғамның тарихи даму барысында өзгеруі ретінде діннің эволюциясы тұжырымдамасы жасалуда.

Дін социологиясы дінді дамушы құбылыс ретінде оны талдауға көңіл бөле отырып, қазіргі уақытта шынайы тарихи контекстінде, ислам дінінің зайырлы мәдениетпен және дінсізденген қоғаммен әрекеттесуі, қазіргі әлеуметтік-саяси процестерге, сонымен қоса Еуразия кеңістігіндегі посткоммунистік қоғамдар жағдайында исламның ықпалының мүмкіндіктері мен сипаты сияқты, қазіргі кезеңнің маңызды проблемаларын қояды.

1. Этнос және ұлт. Этнос белгілі бір сыртқы түр-келбеттің ортақ белгілері, сондай-ақ біршама қалыпты мәдениеті және тіл белгілері бар, мінез-құлық, қоғам және басқа ұлттар мен нәсілдерге ұқсайтын адамдар тобының тарихи қалыптасқан бірлестігі, одағы. Этностың сипатын, қатынасын көрсететін және басқа этностардан ажырататын белгілері: тіл, халықтық өнер, әдет-ғұрып, дәстүр, қалыптасқан тәртіп, дағды, яғни ұрпақтан ұрпаққа берілетін мәдениет компоненттері. Бұлар өзіндік ерекшеліктері бар этностық мәдениетті құрады. Этностың белгісі-мәдени құндылық. Этнос

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 22 беті

дегеніміз бір мемлекет территориясында өмір сүретін адамдардың тұрақты өзара әрекеті. Сонымен этностың негізгі белгілеріне тіл, өнер, әдет-ғұрып, мәдениет, т. б. білігі жатады. Олар жиынтығында белгілі этникалық мәдениетті құрады. Әдетте этнос территориялық және экономикалық бірлік негізінде құрылады. Қазіргі ұлттар-дамыған капитализмнің жемісі. Ал тайпа, халық, этностар қазіргі ұлттар қалыптасқанға дейін пайда болған.

Қазіргі заманғы ең негізгі этностық топ-ұлттық топтасу. Ұлт дегеніміз территория бірлігі, тіл бірлігі, мәдениет бірлігінен көріетін психикалық кейіп бірлігі және экономикалық өмір бірлігі негізінде тарихи қалыптасқан адамдардың тұрақты қауымдастығы. Халықтық этнос құлиеленуші және феодалдық қоғамдарға тән қауымдастық еді. Оның негізгі белгілері территория, тіл және психикалық кейіп бірлігі болды, бірақ корольдік, князьдық, хандық-сұлтандық сияқты толып жатқан ұсақ феодалдық қауымдастықтардың арасында тұрақты экономикалық қарым-қатынас, бірлік болмады, сондықтан бытыңқы шаруашылық негізінде ұлттық қауымдастық қалыптаса алмады.

Тек капитализмнің тууы мен дамуы ғана ұлттың пайда болуына жағдай жасайды. Ұлт – капиталистік дамудың жемісі. Ұлт феодалдық ыдыраудың және капитализмнің қалыптасуы дәуірінде әртүрлі халықтардың бірігуі нәтижесінде пайда болды. Бұл жаңа қатынас терең еңбек бөлінісі, кең ауқымды және мықты экономикалық байланысты, т.б. талап етеді. Ұлттың қалыптасуында мемлекет маңызды рөл атқарады.

2. Ұлт этностың жоғары типі. Ұлт этностың жоғарғы типі – ортақ тілі, қалыптасқан мәдениеті, біріктіруші салт – дәстүрлері мен діні бар адамдардың әлеуметтік бірлестігі. Сонымен бірге, көптеген ұлттардың ортақ аумағы, ортақ экономикасы, сол ұлт өкілдерінің біріктіретін мемлекеті болады. Ұлттың қалыптасуында адамдардың бірлігінің бастауы болатын ортақ этногенетикалық тек те маңызды рөл атқарады. Осындай талап тұрғысынан қарастырғанда «ұлт және этнос» ұғымдары біріне – бірі өте жақын, екіншісі біріншісінің туып, қалыптасуына негіз болады. Этностан айырмашылығы ұлттар этностық белгілерде қоса саяси, экономикалық және әлеуметтік белгілерге ие болады. Дегенмен, әлі де философиялық және саяси – әлеуметтік ой – пікірде «ұлт», «этнос» категориялары туралы бір арнаға тоғысқан түсінік қалыптаспаған. Жер шарында 2-мыңнан астам ұлттармен этностар бар. Олар 5-мыңнан астам диалектілерде сөйлейді 330 – ға жуық этностың 1.мил және одан көп өкілдері бар. Ал қалған 1700 – ден астамы 1.мил-ға жетпейтін адамы бар аз санды этностар қатарына жатады. Осыншама көп санды ұлттар мен этностар әлемде 200- ден астам мемлекеттерге біріккен. Сондықтан әлемдегі мемлекеттердің 90 % - ы көп ұлтты немесе көп этносты мемлекет болып табылады. Көптеген көп миллионды халқы бар этностардың жеке, тәуелсіз мемлекеттері жоқ. Ұлттық өмір мен ұлтаралық қатынастардың өте күрделі екендігін осы деректерден - ақ көруге болады. Олардың арасында жерге, қазба байлықтарына, билікке, тілге байланысты этностық қайшылықтар тоқтаусыз жүріп жатады. Мысалы Таяу Шығыстағы еврилер мен арабтардың жер үшін таласы, Испаниядағы, Ресейдегі, Солтүстік Ирландиядағы т.б. елдердегі этно қайшылықтар ұзақ жылдар бойы үздіксіз жалғасуда. 19 – 20 ғасырларда азсанды этностық топтар аса жылдам ассимиляциялана бастады. Мысалы 1939 ж өткен халық санағында Кеңес Одағында 193 этнос, ал 1959 ж 135 ұлт пен ұлыс ресми тіркелген. Немесе 20 жыл ішінде 60 – ға жуық саны аз этностық топтар жойылып, ассимиляцияланып кеткен.

3. Қоғамдағы ұлттық және этникалық қатынастар. Республикамызда әрбір адамзаттың қай ұлтқа, қай партияға және қай дінге жататынын өзі ұйғаруға және оны көрсетуге немесе көрсетпеуіне болады. Әркімнің ана тілі мен өзінің төл мәдениетін пайдалануға, қарым – қатынас тілін, тәрбиені, оқуды және шығармашылықты еркін тандап алуға құқығы бар.

Қазақстанда қазір 130 – ға жуық ұлттар мен ұлыстардың, этникалық топтардың өкілдері өмір сүріп жатыр. Олардың әрқайсысы өз ұлтының көркеюін қалайды, өз ана тілінде сөйлегілірі келеді, өздерінің балаларын, немерелерін өз ұлттық дәстүр, әдет – ғұрып, мәдениетіне сай тәрбиелеп, баулығылары келуі - табиғи, заңды нәрсе. Сондықтан біз өзге ұлт өкілдерін кеміспейміз, шеттетпейміз керек. Өйтсек, оларды өз ұлтымызға қарсы қойып, ашындырып аламыз. Сондықтан осы атамекеннің иесі – қазақ халқы республикамыздағы басқа халықтардың басын қосып, оларға ұйтқы болып, бір қоғамға топтастыруға тырысқанымыз абзал. Біз Қазақ Республикасын мекендеуші әр халықтың санасында

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 23 беті

«қазақстандық ұлтжандық», «жалпы қазақстандық мақтаныш» рухын, сезімін оятып, қалыптастырғанымыз жөн.

Республикамыздың гүлденуі оның саяси, экономикалық, әлеуметтік, ғылыми – техникалық, мәдени жетістіктеріне байланысты. Сонда оның әрбір адамы да ауқатты, жақсы тұрады. Сондықтан мұнда тұрған әр халықтың өкілі жалпы Қазақстанның, әр облыс, аудан, елді мекеннің табысына қуанып, соған қажырлы еңбегімен аянбай – талмай үлес қосу керектігін сезіну тиіс. Мұның бәрі дұрыс жүргізілген ұлттық саясат нәтижесінде ғана іске асады.

Сайып келгенде, біз құрып жатқан құқықтық қоғамның ең жоғарғы құндылығы - адам. Мұнда оның қай ұлт – ұлысқа, дінге жататыны есептелмейді. Біздің міндетіміз – этникалық өзіндік өзгешіліктерді дамыту және Қазақстанның ұлттық – мәдени алуан түрлігін сақтау. Сонда ғана еліміз ұлтаралық келісімі жарасқан, қоғамдық – саяси ахуалы тұрақты аймақ болып, әлемде беделі артпақ..

4. Ұлт мәселесі және оның құрылымы. Біздің көп ұлтты республикамыздың саяси өмірінде ұлтаралық қатынастың алатын орны зор. Қоғамда таптар, әлеуметтік топтармен қатар этникалық құрылымдар: ру, тайпа, халық, ұлт деген ұғымдар бар. Осы күнгі дүниеде 2 мыңнан астам ұлттар мен ұлыстар бар. Ұлтаралық қатынас күрделі әлеуметтік - саяси проблема. Осы тұрғыдан келгенде, ұлтаралық қатынаста саясат шешуші, негізгі, басты орын алады. Саясат тұрғыдан қарағанда ол проблемалар: ұлтаралық қатынас, ұлттық және интернационалдық мүдделердің арақатынасы, ұлттық мәдениет және ұлттық тілдердің ерікті түрде жүргізілуі және дамуы, басшылыққа ұлттық кадрлардың қатысуы. Осы саяси мәселелерді шешу үшін ұлттың тарихи дәстүрін, әлеуметтік көңіл күйін тағы көптеген факторлармен санасу керек. Ұлт мәселесі барлық уақытта нақтылы - тарихи мазмұнда болады.

5. Ұлт мәселесін шешудің принциптері. Ұлт мәселесін шешудегі кейбір саяси принциптер. Ең алдымен ұлттардың өзін - өзі билеу құқығы. Ол мәселе қазіргі уақытта нақтылы, ашық, тікелей қойылуының нәтижесінде республикалар өздерінің егемендігін, тәуелсіздігін жариялады, соның нәтижесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы пайда болды.

Ендігі принцип тіліне, дініне, нәсіліне, ұлтына қарамай ұлттардың толық тең құқықтығын қамтамасыз ету. Ол мемлекеттік дәрежеде халықтың қолдауымен шешілуге тиісті. Содан кейінгі принцип интернационализм.

Үлкен орын алатын мәселе халықтардың ұлттық мемлекеттік құрылымы. Ұлт саясатындағы маңызды мәселе ұлтаралық дау, жанжалдарды шешуде алдын ала зерттеу, оны шешудің тиімді жолдары мен әдістерін іздестіріп табу, дұрыс жүргізу. Ұлтшылдықтың барлық көрінісіне қарсы аяусыз күрес жүргізу. Қазіргі кезеңде біздің елімізде ұлт мәселесі ең күрделі мәселе болып отыр. Бұл проблема жайында жарияланған материалдар өте көп. Сондықтан біз бұл мәселеге көп орын бөлмеуді дұрыс көрдік. Ұлт саясаты жаңа Конституцияда кең орын алады.

Біздің плюралистік даму жағдайымызда дін саласындағы саясатқа көңіл бөлу қажет. Дін тек қана құдайға сену, діннің әдет – ғұрпын сақтау емес, сонымен қатар мораль, адамгершілік туралы ойлар. Кеңес мемлекеті өзінің алғашқы жылдарында діни көзқарас, діни сенімге құқық береді. Бірақ оның ғылыми көзқараспен қарама – қарсы екенін еске ала отырып шіркеуді мемлекеттен, мектепті шіркеуден айыру туралы декрет қабылдады. Шіркеу мемлекеттік заң, қаулы қабылдау құқығынан айрылады, дінді дәріптеуге тежеу салынады. Сөйтіп діннің қанаушы таптың қызметін қолдануына шек келтірілді. Бірақ кейін жеке адамға табыну жағдайында дінді қудалушылық, діни сенімді қорлаушылық күшейді.

6. Ұлтаралық қарым- қатынас мәдениеті және оның азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді нығайтудағы рөлі. Ұлтаралық қарым- қатынас мәдениеті және оның азаматтық бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді нығайтудағы маңызы зор. Кеңес Өкіметі тұсында Қазақстан көп ұлтты мемлекетке айналады. Қандай да бір қайшылықтар мен қайшылықтар болмасын, Қазақстанды мекендеген халықтар өзара достықта өмір сүрді. Бір бірімен қарым - қатынастары тығыз болды. Сөйтіп қазіргі өзара түсіністік пен азаматтық татулықтың негізі сол кезден бастап қалыптаса бастады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		39/11- 84 беттің 24 беті

Қазақстандағы экономикалық және саяси реформаларды жүзеге асырудағы басты тұлға – адам. Біз құрып жатқан жаңа қоғамның ең жоғары құндылығы да адам. Қазіргі өзгерістің бәрі сол адам үшін, адамның игілігі үшін жасалып жатыр.

Елімізді мекендейтін 120 ұлт пен ұлыстың достығының кепілдігі барлық ұлт өкілдеріне деген қамқорлық Конституцияның бірқатар баптарында арнайы атап көрсетілген.

Ұлтына, нәсіліне, діни сеніміне қарамастан қазақтар мен басқа да ұлт өкілдері Қазақстан халқын құрайды.

Ұлт саясатындағы маңызды мәселенің бірі - азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді орнықтыру. Бұл келісім халықтардың экономикалық теңдігі мен мәдени дамуын, өзара достықты, ұлттық мүдделер мен ұлттық ерекшеліктерді, тілдердің еркін қолданылуын, ұлттардың бір – біріне деген құрметін еркін қолданылуын, ұлттардың бір – біріне деген құрметін қамтамасыз етеді.

Әрбір ұлттың өз ерекшелігі бар. Сондықтан ұлттық қатынасты жан – жақты дамыта отырып әрбір ұлттың, халықтың өзінің тарихи қалыптасқан дәстүрлері мен әдеп – ғұрыптарын сақтап, байыта түсуге толық жағдай жасалынады. Мұны біздің Республикамызды мекендейтін ұлттардың өкілдері күнделікті тұрмыста сезіне түсуде.

4. Иллюстрациялық материал: презентация

<https://docs.google.com/presentation/d/1mmfDkfEwXshxmKqjZi-157LI4jI546Ep/edit#slide=id.p1>

5. Әдебиет:

Қазақ тіліндегі негізгі:

1. Әлеуметтану: оқу құралы / М. А. Ертаев, С. М. Тасқынбаева, Ф. М. Каратаева. - Қарағанды: ЖШС «Medet Group», 2020. - 330 бет.
2. Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 208 с.
3. Жанысбеков М.А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: дәрістер кешені/ ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі. ОҚМФА. «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндері». - Шымкент: [б. и.], 2015. - 101 б.
4. Сыдықов, Ұ. Саясаттану: оқулық. - Алматы: New book, 2022-96 бет
5. Бринкерхоф, Д.Әлеуметтану негіздері: оқулық / Д. Бринкерхоф, Р. Уейтс, С. Ортега; Қаз.тіл.ауд.С.А Аамандосова[және т.б.]. - 9- басылым. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 464 б. с.: (Рухани жаңғыру).
6. Ритцер, Д. Әлеуметтану теориясы: оқулық / Д. Ритцер, Д.Степнишки; қаз. тіл. ауд. Г.О. Әбдікєрова [және т.б.]. - 10- басылым. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856 б.: (Рухани жаңғыру).
7. Әлеуметтану: жаңа буынға арналған оқулық / А. Н. Тесленко, Ж. Ж. Сембина, А. Т. Аязбаева; ҚР білім және ғылым министрлігі. «ҚазГЮУ университеті» АҚ. - Қарағанды: ЖШС «Medet Group», 2015.
8. Забєрова, А. Т. Практикалық әлеуметтану: оқу құралы / А. Т. Забєрова. – Алматы: Эверо, 2014. - 206 бет
9. Нысанбаев, Ә. Социология: оқулық. - Алматы: Эверо, 2014.
10. Әбсаттаров, Р. Әлеуметтік: өзекті мәселелер. (Екі томдық оқу құралы). 1,2-том: оқу құралы / Р. Әбсаттаров, М. Дәкєнов ; ҚР Білім және ғылым министрлігі. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Пед. ун. - 2-ш. бас., толық. - Алматы : Қарасай, 2015. - 408 с..
11. Әжєнов, М. С. Қоғамның әлеуметтік құрылымы : оқу құралы Алматы : Эверо, 2014

Қазақ тіліндегі қосымша:

1. Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігі = Dictionary of the social sciences / сөздік; ред. К.Калхунның. - Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 480 бет: (Рухани Жаңғыру).

QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		39/11- 84 беттің 25 беті

- Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016.
- Решетников, А. В. Медицина әлеуметтануы: оқулық / А. В. Решетников; ред. Т. Қ. Рақыпбеков; қаз.тіліне ауд. А. М. Марқабаева; жауапты ред. Т. Қ. Рақыпбеков. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2015.
- Армстронг, К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: құдайтану баяны = A History of God The 4000-year Quesf of Judaism.Christianity and Isiam: монография / К.Армстронг; ауд. Д. Кенжетай [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 432 б. с.: (Рухани жаңғыру).
- Андерсон Джеймс Э. Мемлекеттік саясат = Public Policymaking : оқулық / Джеймс Э. Андерсон ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Х.Ғ. Масадиков. - 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 448 б. с
- Синглтон Ройс А. Әлеуметтік зерттеу әдістері = Approaches to Social Research : оқулық / Ройс А. Синглтон, Брюс С. Стрейтс ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Н.Ә. Муминов. - 6-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 816 б. с
- Хейвуд Эндрю. Саясаттану = Politics : оқулық / Эндрю Хейвуд ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 5-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 520 б. с
- Коннолли Мэри. Әлеуметтік жұмыс: контексі мен практикасы = Social Work:Contexts and Practice : оқулық / Мэри Коннолли, Луиза Хармс, Джейн Мейдмент ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б. Мизамхан. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 384 б. с
- Нортхауз Питер. Көшбасшылық: теория және практика = Social Work:Contexts and Practice : оқулық / Питер Нортхауз ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.М. Икрамова. - 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 560 б. с.
- Постон Дадли Халық саны және қоғам. Демографияға кіріспе = Ethnography. Principles in Practice : оқулық / Дадли Постон, Леон Ф. Бувье ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 488 б. с
- Смитт Энтони Д. Ұлттың этностық тамыры = The Ethnic Origins of Nations : оқулық / Энтони Д. Смитт ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. И. Алибаева. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 388 б. с
- Хаммерсли Мартин. Этнография: зерттеу принциптері = Ethnography. Principles in Practice : оқулық / Мартин Хаммерсли, Пол Аткинсон ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Мусина. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 400 б. с

Электронды оқулықтар

- Основы антикоррупционной культуры [Электронный ресурс]: учебное пособие / под ред. Б. С. Абдрасилова. - Электрон. текстовые дан. (702Мб). - Астана: Акад. Гос. упр. при Президенте РК, 2016. - 176 с.
- Гендерная социология. Акбаева Л.Н., 2017. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
- Әлеуметтану. Ертаев М.А., Таскымбаева С.М., Қаратаева Ф.М., 2020. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 26 беті

4. Әлеуметтану. Тесленко А.Н., Сембина Ж.Ж., Аязбаева А.Т., 2019. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
5. Решетников, А. В. Социология медицины / Решетников А. В. - Москва: ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 864 с. - ISBN 978-5-9704-3067-5. - Текст: электронный. <http://rmebrk.kz/>
6. Тәжітаева, Р.С. Саясаттану: Электрондық оқулық. - Жетісай: «Сырдария» университеті, 2016. <http://rmebrk.kz/>
7. Ритцер, Д., Степнишки, Д. Әлеуметтану теориясы: Оқулық. - 10-басылым - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856б. - ISBN 978-601-7943-17-2. <http://rmebrk.kz/>

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Діннің түсінігі мен типологиясын анықтаңыз.
2. Мәдениеттің элементтерін атаңыз.
3. Этнос, халық, ұлт түсініктерін анықтаңыз.

№4 дәріс

1. Тақырыбы. Масс-медиа, технологиялар және қоғам. Экономика, жаһандану және еңбек.

2. Мақсаты: Қазіргі қоғамда білім беру институтының ерекшеліктерін білім алушылардың меңгеруі. Қазіргі білім беру жүйесінің үрдістері.

3. Дәрістің тезистері:

1. Білім беру әлеуметтік институт ретінде. Ресми білім берудің қызметтері.
2. Білім беру: әлеуметтік тап, жыныс, этникалық айырмашылықтар. Білім берудің әлеуметтанулық перспективалары.
3. Әлеуметтік жүйедегі бұқаралық ақпарат пен бұқаралық коммуникациялар. Масс-медиа қызметтері. Бұқаралық сана мен цифровизация. Қазіргі заманғы технологиялар.

Білім — жеке тұлғаның әлеуметтік-саяси көзқарасын дамытып, дүниетанымының аясы кеңейтетін маңызды факторлардың бірі. Ол жеке тұлғаның әлеуметтік мәртебесін айқындауда, сондай-ақ қоғамда саяси келісім мен ішкі тұрақтылықты орнықтырып, саяси құрылымды дамытуда үлкен рөл атқарады.

Білім - біздің қоғамымыздың ХХІ ғасырдағы басым бағыттарының бірі, елдің барлық қоғамдық-саяси өмірін демократиялық және зиялы құруында басты стратегиялық даму бағытын анықтайды.

Ортағасырлық ойшыл Ж. Баласағұн "Құтты білік" еңбегінде: " Мемлекеттік ойлауды қалыптастырудың басты шарты — білім немесе өмірші заңдар арқылы, қанша мықты бола тұрып, ғалымдарсыз елді басқара алмайды", — дейді. Ендеше, мемлекетіміз өз бағытын айқындаудың стратегиялық мақсат-міндеттері қатарына жас ұрпақтың білімі мен тәжірибесін алға шығаруы — заңды құбылыс. Ел Президенті үстіміздегі жылғы халыққа Жолдауында: "Ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады..." - деп атап көрсетті.

Жастарға білім беруді, оның ішінде саяси білім беруді қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымынан, мәдени құндылықтарынан, ұлттық дәстүр, рухани негізден бөле жара қарауға болмайды.

Саяси білім азаматқа өмір сүріп отырған қоғамдық және саяси құрылыста, мемлекеттегі өз орны мен ролін құқығы мен міндеттерін дұрыс ұғындыруына, жете түсінуіне көмектеседі. Бүгінгі таңда кімнің қандай кәсіппен айналысқанына карамастан, саяси және құқықтық білім әр адамға қажет. Өйткені қоғамда тұрып, тіршілік еткендіктен, басқа адамдармен, ұйым, мекемелермен және мемлекетпен қатынаста болады. Ал құқықтық-саяси білімі жоқ адамдар қандай да бір саяси істерде амал-айла, қулықтың жетегінде кетеді. Адамдардың саяси сауаттылығына қоғам да мүдделі. Саяси сауаттылық қоғамды деспоттық басқарудан, адамгершілік құндылықтарға қарсы негізделген жүйеден сақтандырады.

Қазіргі қоғамдық сұраныс өз ісіне мығым, жұртшылықпен араласуда жеке басындағы барлық шынайы жағымды қасиеттерін байқата алатын жеке тұлғаны тәрбиелеуді талап етеді.

Адамның қоғамдық мәні — өмір сүрген ортасы, әлеуметтік жағдайы, білімі, санасының жоғары немесе төмен болуы оның жеке адамға тән қасиеттерінің қалыптасуының шарты. Ал

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11- 84 беттің 27 беті
Дәріс кешені		

әлеуметтендіру тәрбие берумен тікелей байланысты. Тәрбиенің, түрлері де алуан түрлі: жас бала өмірге келгеннен бастап, өмірінің соңына дейін тәрбиеден өтеді. Тәрбие екі жақты: жас өспірімдерге тәрбие беру, ересек адамдарға тәрбие беру - әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.

Адамның саяси жұмысқа саналы түрде және өз ерімен қатысу деңгейіне байланысты саяси әлеуметтенуді ғалымдар әдетте алғашқы (немесе бірінші) және екінші деп екі түрге бөледі. Алғашқы әлеуметтенуге бала кездегі және бозбала.

Экономикалық әлеуметтану экономиканы зерттеудің басты мәселесі ретінде экономиканы өз алдына жүйе деп қарайды. Ал, экономикалық жүйеде — өндіріс бөлу-айырбастау тұтыну жүзеге асырылады. Ал, бұл процестің нарықтық түрі: "Сұраныс және ұсыныс". Нарық дегеніміз, тар мағынада — азық-түлік және басқа өндіріс бұйымдарын, тауарларды сататын сауда орны. Ғылыми тілмен айтқанда, ол тауар айналымының өрісі, сатып алу мен сату ісінің жиынтығы. Тауарларды ұсыну және оған" деген төлеу қабілеті бар сұраныс. Нарық теориясы ұдайы өндіріс (воспроизводство) теориясының құрамды бір бөлігі. Нарық тауар өндірісі туып өсуімен қатар пайда болып, дами бастайды, әсіресе, ол қала мен ауылда натуралдық шаруашылық ыдырап, қоғамдықеңбек бөлінісі тереңдей түскен кезде етек алып кеңейеді.

Әлеуметтік зерттеуде бұл екі процесс. яғни сұраныс пен ұсыныс қатар қолданылады, өйткені, зерттеуші әлеуметтанушының басты назары ең алдымен мұндағы алуан түрлі адамдардың, олардың топтарының мінез-құлқына аударылады. Адам және оның топтары-жұмысшы, қызметкер, тұтынушы, айырбастаушы, сатушы, сатып алушы, т.б. ретінде қарастырылады. Экономикалық дамудың әлеуметтік аспектілерін жан-жақты ескеріп, талдап отыру керек. Мысалы, әлеуметтік, рухани құндылықтары бойынша адамның ең жоғары қасиеттері-инабаттылығы, еңбек сүйгіштігі, оған қатынасы, ынталығы, ұқыптылығы, оның қайырымдылығы, әділеттілігі, жауапкершілігі, белсенділігі, шаруақорлығы, т.б. қоғамдық өндірісті дамытып, оның өнімін көбейтуге, сапалы тауарларды көп өндіруге тікелей әсерін тигізіп отырады.

Осыларға орай, экономикалық әлеуметтану еңбектің мазмұны мен түрлерін, яғни жұмысшылар мен қызметкерлердің білім деңгейі мен мамандығы, саналылығы, әді-леттілігі, белсенділігі, жауапкершілігі, т.б. қасиеттері еңбек процесіне қалай әсер ететінін де зерттейді. Экономикалық әлеуметтанудың бір ерекшелігі сол, ол экономикалық құбылыстар мен процестерді жеке адамның, топтың, оның ішінде жіктің экономикалық жағдайы, материалдық әл-ауқаты, одан туатын сана, ойлау және мінез-құлқымен тығыз байланыстырады. Сөйтіп ол экономиканы реттеудің, басқарудың әлеуметтік механизмдерін ашады да экономикалық сананы, экономикалық ойлауды, экономикалық ынта, ықылас, мәдениет т.б. мәселелерді зерттейді. Міне. осылардың бәрі экономиканы әлеуметтік тұрғыдан зерттеудің ең басты мәселелері.

Қазіргі уақытта біздің еліміз нарықтық экономикаға өтуде. Ал, нарықтық экономика деп нарықтық қатынастарға негізделген шаруашылық өмірін ұйымдастыру, оның белгілі бір деңгейдегі құрылымы мен шартты жағдайын айтамыз. Нарықтық қатынастар-бұл экономикалық қатынастар. Нарықтық қатынастарға өтуге байланысты жаңа экономикалық құбылыстар мен процестер (жекешелендіру, акционерлендіру, аренда, фирма, корпорация, аукцион, биржа, т.б.) өмірге келіп, жаңа ұғымдар, түсініктерді туғызды. Бұл құбылыстарды, оларды бейнелейтін ұғымдарды экономикалық теория тікелей зерттейді. Ал, әлеуметтану осындай экономикалық мәселелерді қарастырғанда, ең алдымен, адамның, әлеуметтік топтың, жіктің экономикалық мінез-құлқын қарайды. Сондықтан экономикалық әлеуметтану қандай да бір экономикалық құбылыс, процесс болмасын, оларды талдау, жинақтауда әр уақытта нақтылы жеке адамнан, оның топ-жіктерінен, олардың өмір тіршілік ерекшеліктерінен, жағдайынан бастайды.

Сонымен, экономикалық жүйедегі адам, оның нысана бағыттары, тәртібі — міне экономикалық әлеуметтанудың экономикалық құбылыстар мен процестерді зерттеудің басты бағыттары мен мәселелері. Дәлірек, адамның өмір сүріп отырған ортасы қазіргі экономикалық жүйеге қатынасы, ондағы алуан түрлі жүріп жатқан өзгерістерге (ой-пікірлері, көзқарастары), нарықтық қатынастарға, ондағы экономикалық реформаларға қатынасын зерттейді. Алғашқы кезде көпшілік халық нарықтық қатынастарға, экономикаға көшкісі келмей оған бөгет жасады.

ONTÜSTÜK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 28 беті

Елде мұндай жағдайдың болуы ескі стереотипті ойлаудың, болып жатқан іс-әрекеттің сол уақыттағы кертартпалылығымен түсіндіруге болады. Тек қана кейінгі 2-3 жылдарда ғана халық нарықтық экономиканың қай жағынан болсын, пайдалы, тиімді екенін түсініп, мойындайды. Сөйтіп қазіргі халықтың басым көпшілігінің нарықтық экономикалық қатынастарды жақтап, оның ілгері дамуына күш салуда. Экономикалық әлеуметтану экономикалық құбылыстар мен процестерді зерттегенде белгілі бір әдістемелік қағидаларға сүйенеді. Олар: қандай да бір экономикалық процестерді зерттеу объектісіне айналдырғанда экономикалық әлеуметтану өндірістегі әрбір тапты оның ішінде топтың, жіктің мұң-мұқтажы, мүддесі, талап-тілегі тұрғысынан зерттейді. Гендер термині «жыныс» - деген мағынаны білдіреді. Аталмыш терминді әлеуметтануға енгізген Энн Оукли болатын. Демек жыныс ретіндегі гендер ұғымы ерлер мен әйелдер арасындағы айырмашылықтардың әлеуметтік аспектілерін қозғайды. Бірақ гендер термині қазіргі уақытта кең мағынада қолданыла бастады. Ол жеке бастың бірегей дарылығын айқындау үшін ғана емес, сонымен бірге бейнелік деңгейде еркек және әйел жынысының мәдени мұраттары мен стерелтиптерін анықтау үшін қолданылады. 1970 жылдары әлеуметтанушылар мен психологтардың негізгі назары жыныс гендер бар деген мәселені дәлелдеуге бағытталды.

Яғни олар ерлер мен әйелдердің арасындағы жіктелу мен айырмашылықты биологиялық әртүрлілікпен түсіндіруге болмайтынын, мәдени аумағында басым болып отырған еркектік пен әйелдік идеялары шын мәнінде жаттандылық екенін, олардың ақиқат шындыққа салыстырмалы ғана қатысты барын дәлелдеуге тырысты. Жыныс – гендерге, сондай-ақ еркектер мен әйелдердің рөліне қатысты астасып жататын көп мәдени нұсқалар бар екені дәлелденді. Ұлдар мен қыздардың әлеуметтану үрдістерінің нәтижесінде – жастарды тәрбиелеу білім беру, мәдени дамыту, өндірістік қатынастар мен отбасы идеологиясы арқылы ересек ерлер мен әйелдерге айналуы саласында зерттеулер жүргізіліп жатыр. Құрылымдық деңгейде үй шаруасындағы еңбектің тіпті еркек пен әйелдің екеуі де үйден тыс жұмыста болса да, олардың арасында тең бөлінбейтіні зерттелді. Сондай-ақ жұмысқа орналасқанда да жеке бастың қабілеті мен біліктіліктен гөрі жыныстық нышан басып кетіп, әйел затына қалған қызметі тимей немесе жұмыс бабымен өсе алмайды. Кейінгі кезде мәдени деңгейде гендердің құрылымдық өзгерістеріне ынта-ықылас білдіріле бастады. Кейде кәсіптік жұмыспен қамту құрылымында ерлер мен әйелдерге жұмысты тең бөлмеуге қатысты проблемалар да туындап жатады.

Гендерлік теңдіктің дамыған жері бұл Скандинавия мемлекеті болып табылады. Атап айтқанда Дания, Финляндия, Норвегия және Швецияда 1905-1920 жылдарынан бастап әйелдерге сайлауларға қатысып және өздері де тандаулы болуына мүмкіндік жасалды. Барлық скандинавиялық мемлекеттерде әйелдер мен еркектер өздерінің құқықтары, саясатқа араласу, кез-келген жұмыс істеу мүмкіндігі жағынан тең құқылы болды. Ұлттық әрқелкілікке қарамастан гендерлік теңдік бұл елдерде бірдей болды. Бұл елдер басқа елдерден айырмашылығы олардың өкімет басқарушыларына үй шаруашылығы және отбасы жайындағы проблемаларды шешуге жол берілген. Швецияда 1960 жылдары әйелдердің саясат жағында мемлекетке қызмет етуі 29% жеткен ал 1998 жылдары бұл жағдай 48% -ке өсті. Гендерлік теңсіздігіне қарамастан қыз балада, ұл балада орта оқуды бірдей тең дәрежеде білім алуға тиіс, өйткені ол білімін одан әрі жалғастыруға мүмкіндік алады. 1992 жылғы Швецияда қабылданған заң қызмет бабындағы теңдікті одан әрі күшейте түсті. Мемлекет осылайша одан әрі дами түсті. Ал енді Ботсвенде, Чилиде бақылау халықтық жиналыстарда, митингілерде белсенділік көрсету дәрежесін зерттеуде, тыңдаушылардың дәрістерге, жиналыстарға қызығушылығын зерттеуде, олардың әр түрлі шаралардағы мінез-құлқын зерттеуде қолданылуы мүмкін.

Бақылау іске қосылған немесе қосылмаған болады. Іске қосылған бақылау кезінде бақылаушы барлық бақыланушылармен бірге болады, мысалы, топта, еңбек ұжымында, т.б. ішінде. Іске қосылмаған бақылау кезінде бақылаушы сырттан бақылайды. Өз орнына байланысты бақылаудың бірнеше түрлері болады. «Далалық» деп аталатын бақылау табиғи жағдайда, «лабораториялық» бақылау арнайы ерекше жағдай жасалған кезде жүргізіледі.

4. Иллюстрациялық материал: презентация <https://docs.google.com/presentation/d/1sO7luq9chpTL-PjaM77ySD2ChbfS5IVQ/edit#slide=id.p1>

5. Әдебиет:

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		39/11- 84 беттің 29 беті

Қазақ тіліндегі негізгі:

1. Әлеуметтану: оқу құралы / М. А. Ертаев, С. М. Тасқынбаева, Ф. М. Каратаева. - Қарағанды: ЖШС «Medet Group», 2020. - 330 бет.
2. Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 208 с.
3. Жанысбеков М.А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: дәрістер кешені/ ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі. ОҚМФА. «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндері». - Шымкент: [б. и.], 2015. - 101 б.
4. Сыдықов, Ұ. Саясаттану: оқулық. - Алматы: New book, 2022-96 бет
5. Бринкерхоф, Д.Әлеуметтану негіздері: оқулық / Д. Бринкерхоф, Р. Уейтс, С. Ортега; Қаз.тіл.ауд.С.А Аамандосова[және т.б.]. - 9- басылым. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 464 б. с.: (Рухани жаңғыру).
6. Ритцер, Д. Әлеуметтану теориясы: оқулық / Д. Ритцер, Д.Степнишки; қаз. тіл. ауд. Г.О. Әбдікєрова [және т.б.]. - 10- басылым. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856 б.: (Рухани жаңғыру).
7. Әлеуметтану: жаңа буынға арналған оқулық / А. Н. Тесленко, Ж. Ж. Сембина, А. Т. Аязбаева; ҚР білім және ғылым министрлігі. «ҚазГЮУ университеті» АҚ. - Қарағанды: ЖШС «Medet Group», 2015.
8. Забєрова, А. Т. Практикалық әлеуметтану: оқу құралы / А. Т. Забєрова. – Алматы: Эверо, 2014. - 206 бет
9. Нысанбаев, Ә. Социология: оқулық. - Алматы: Эверо, 2014.
10. Әбсаттаров, Р. Әлеуметтік: өзекті мәселелер. (Екі томдық оқу құралы). 1,2-том: оқу құралы / Р. Әбсаттаров, М. Дәкєнов ; ҚР Білім және ғылым министрлігі. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Пед. ун. - 2-ш. бас., толық. - Алматы : Қарасай, 2015. - 408 с..
11. Әжєнов, М. С. Қоғамның әлеуметтік құрылымы : оқу құралы Алматы : Эверо, 2014

Қазақ тіліндегі қосымша:

1. Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігі = Dictionary of the social sciences / сөздік; ред. К.Калхунның. - Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 480 бет: (Рухани Жаңғыру).
2. Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016.
3. Решетников, А. В. Медицина әлеуметтануы: оқулық / А. В. Решетников; ред. Т. Қ. Рақыпбеков; қаз.тіліне ауд. А. М. Марқабаева; жауапты ред. Т. Қ. Рақыпбеков. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2015.
4. Армстронг, К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: құдайтану баяны = A History of God The 4000-year Quesf of Judaism.Christianity and Isiam: монография / К.Армстронг; ауд. Д. Кєнжетай [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 432 б. с.: (Рухани жаңғыру).
5. Андерсон Джеймс Э. Мемлекеттік саясат = Public Policymaking : оқулық / Джеймс Э. Андерсон ; ред. А. Б. Исємбердиева ; Қаз. тіл ауд. X.Ғ. Масадиков. - 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 448 б. с
6. Синглтон Ройс А. Әлеуметтік зерттеу әдістері = Approaches to Social Research : оқулық / Ройс А. Синглтон, Брюс С. Стрейтс ; ред. А. Б. Исємбердиева ; Қаз. тіл ауд.

QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		39/11- 84 беттің 30 беті

Н.Ә. Муминов. - 6-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 816 б. с

- Хейвуд Эндрю. Саясаттану = Politics : оқулық / Эндрю Хейвуд ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 5-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 520 б. с
- Коннолли Мэри. Әлеуметтік жұмыс: контексті мен практикасы = Social Work: Contexts and Practice : оқулық / Мэри Коннолли, Луиза Хармс, Джейн Мейдмент ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б. Мизамхан. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 384 б. с
- Нортхауз Питер. Көшбасшылық: теория және практика = Social Work: Contexts and Practice : оқулық / Питер Нортхауз ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.М. Икрамова. - 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 560 б. с.
- Постон Дадли Халық саны және қоғам. Демографияға кіріспе = Ethnography. Principles in Practice : оқулық / Дадли Постон, Леон Ф. Бувье ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 488 б. с
- Смитт Энтони Д. Ұлттың этностық тамыры = The Ethnic Origins of Nations : оқулық / Энтони Д. Смитт ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. И. Алибаева. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 388 б. с
- Хаммерсли Мартин. Этнография: зерттеу принциптері = Ethnography. Principles in Practice : оқулық / Мартин Хаммерсли, Пол Аткинсон ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Мусина. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 400 б. с

Электронды оқулықтар

- Основы антикоррупционной культуры [Электронный ресурс]: учебное пособие / под ред. Б. С. Абдрасилова. - Электрон. текстовые дан. (702Мб). - Астана: Акад. Гос. упр. при Президенте РК, 2016. - 176 с.
- Гендерная социология. Акбаева Л.Н., 2017. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
- Әлеуметтану. Ертаев М.А., Тасқымбаева С.М., Қаратаева Ф.М., 2020. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
- Әлеуметтану. Тесленко А.Н., Сембина Ж.Ж., Аязбаева А.Т., 2019. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
- Решетников, А. В. Социология медицины / Решетников А. В. - Москва: ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 864 с. - ISBN 978-5-9704-3067-5. - Текст: электронный. <http://rmebrk.kz/>
- Тәжітаева, Р.С. Саясаттану: Электрондық оқулық. - Жетісай: «Сырдария» университеті, 2016. <http://rmebrk.kz/>
- Ритцер, Д., Степницки, Д. Әлеуметтану теориясы: Оқулық. - 10-басылым - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856б. - ISBN 978-601-7943-17-2. <http://rmebrk.kz/>

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

- Қазақстан Республикасының қазіргі білім беру жүйесіне сипаттама беріңіз.
- Мектеп және жоғары білім беру салаларында қандай негізгі кемшіліктер бар?
- Білім берудің қызметтері мен кезеңдерін атаңыз.
- Масс-медианың функцияларын атаңыз.

№5 дәріс

1. Тақырыбы. Халық, урбанизация және қоғамдық қозғалыстар.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 31 беті

2. Мақсаты: Урбанизация және миграция ұғымдарын, әлеуметтік өзгерістерді зерттеудің әлеуметтанулық перспективаларын түсіндіру.

3. Дәрістің тезистері:

1. Тарихи перспективадағы экономикалық даму. Экономиканың негізгі секторлары. Жаһандық қоғамда еңбек рөлінің өзгеруі. Қазақстан жаһандық әлеуметтік-экономикалық жүйеде.
2. Денсаулық және медицинаны зерттеудің әлеуметтанулық бағыты. Денсаулық сақтаудың экономикалық және әлеуметтік аспектілері.
3. Жаңғыру және урбанизация. Миграция. Жаһандық урбанизация. Ауылдық жердегі өмір.
4. Қоғамдық қозғалыстардың бастаулары мен түрлері. Әлеуметтік өзгерістерді зерттеудің әлеуметтанулық перспективалары.

Еңбек социологиясы – еңбекті әлеуметтік процесс, әлеуметтік еңбектің қарқындылығын арттыру факторлары, техника және технологиялық, қызметтің, жағдайлардың, адамның еңбекке деген көзқарасына әсері түріндегі еңбектің мәселелерді зерттейтін әлеуметтанудың бір саласы. Еңбек социологиясының үш басты аспектісін бөліп көрсетуге болады.

Біріншіден, еңбек социологиясы – бұл адамдардың еңбек құралдарымен және заттарымен өзара әрекеттестік заңдылықтары және сол заңдылықтардың еңбек ұжымдарында және жеке адам қызметіндегі әрекеті және көріну белгілері. Мұнда адамның ұжымның жаңа технологиялық үрдістерінің даму жағдайындағы және экстремалды еңбек жағдайындағы (шахтерлар, атомдық электростанциялар және тағы да басқа жұмысшылар) қызметімен байланысты мәселелер жиынтығы талданған.

Екіншіден, еңбек социологиясы – бұл адамның және ұжымның еңбекке, оның сипатына, мәніне, жағдайына деген көзқарас жиынтығы. Мұнда адамның және ұжымның еңбекке байланысының материалдық мүддесі, еңбектің мәні, еңбектің бүтіндей мағынасының себептері талданады.

Үшіншіден, еңбек социологиясы – кәсіпорын, ұжымның әлеуметтік ұйымы, яғни позициялар, рөлдер, құндылық және ұжымдағы жұмысшылар арасындағы байланыс жиынтығын тудырушы ерекше қатынастар жүйесі. Мұнда еңбек социологиясының зерттеу саласына әртүрлі еңбек құрылымына байланысты, оның функцияларына байланысты (ұжымның әлеуметтік-психологиялық мәселелеріне, ондағы қатығыстар, ұжымдағы басқару тәсілдері, басқарушылар мен лидерлер арасындағы қатынас және т. б.) мәселелер кіреді.

Еңбек социологиясының категориялары

Еңбек социологиясының басты категориялары мыналар: еңбектің мәні, еңбектің сипаты, еңбек жағдайлары, еңбекті ұйымдастыру, еңбек түрлері, еңбектің қызметтік-себептік құрылымы, қызметке қатынас т. б.

Еңбектің мазмұны – бұл өндіруші қызметі саласымен жасалған еңбек операциясының түрлері, мүмкіншілік және өндірістік процесс үстіндегі шешім қабылдаудағы жаңалық деңгейіне байланысты бөлуді ескеретін еңбектің сипаты.

Еңбек категориясы жұмысшылардың әртүрлі еңбектік қызметтерге (физикалық немесе ой еңбегі, аграрлы немесе индустриалды, ұйымдастырушы не атқарушы, жай немесе күрделі) бекітілуін көрсетеді.

Еңбек жағдайлары әлеуметтік-экономикалық, гигиеналық, ұйымдастырушылық жағдайларды қамтиды. Еңбекке қатынас (көзқарас) – бұл индивидтің еңбек заттары, құралдары, өнімдерімен және өндіруші ортамен байланысының сипаты. Еңбекке қатынас индивидтің қоғаммен негізгі байланысын көрсетеді және еңбектің қоғаммен бағалануы (бедел, әлеуметтік статус) арқылы көрінеді.

Адамның өндірістегі қызметінде басты рөлді еңбектің белсенділігінің стимулдары мен себептері атқарады. Стимулдар – объективті факторлардың әсерінен пайда болатын саналы қозғаушы күш. Ол бір жағынан адамның белсенділігін анықтайтын көптеген факторларды қамтыса, екінші жағынан, әр түрлі адамдарға әрқилы әсер етеді.

Қазіргі әлеуметтанушылардың бірі Ф.Херцбергтің ойынша, батыс әлеуметтануы жұмысшылардың мінез-құлқын өндірістік реттеуге бағытталған және ол осындай зерттеудің үш ең маңызды тәсілін талдады.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11- 84 беттің 32 беті
Дәріс кешені		

Ф. Тейлор теориясының негізінде американ инженерлері жасап шығарған ғылыми менеджмент. Оның теориясы бойынша еңбектің қарқындылығы өндірістік тапсырманы күрделі еңбек дағдыларын қажет етпейтін кәдімгі операциялармен ұштастырған кезде артады. Бірліктік келісімді прогрессивті сыйақы төлеу жүйесі, тіпті, қарт және міндетіне жауапсыз қарайтын адамдардың да еңбек қарқындылығының жоғарлануына себеп болды. Қозғалысты экономдау және еңбек функцияларын ықшамдау мақсатымен мұқият инструктаж, сағаттық төлем және бонус жүйесі, құрастырмалы конвейер, т.б. арқылы еңбек операцияларын хронометрлеу – бұның бәрі өндірістің ғылыми ұйымдастырылуы. Жұмысшылардың өндірістегі тәртібін реттеудің екінші амалының бастауы ХХ ғасырдың 20–30 жылдарында американдық ғалым Э. Мэйоның белгілі хоторндық тәжірибелерінде көрсетілген. Өндіріс қарқындылығын жоғарылатуға әсер ететін әр түрлі факторларды зерттей отырып, Э. Мэйо адамдың және топтың факторлар рөлін көрсетеді. Бұл амал адамдар қатынасының менеджменті деп аталады. Қазіргі жағдайда ол еңбектің маңызды мәселелерін тәжірибе түрінде өндеп, зерттейді.

Жұмысшылардың өндірістік тәртібін реттеудің үшінші амалы американ ғалымы Б. Скиннер есімімен байланысты және жағдайлық менеджмент деп аталады. Мұнда материалды, әлеуметтік қозғаушы факторлары қолданылады. Еңбек үшін марапаттау еңбек үрдісіндегі белгілі бір мақсатқа жетуге байланысты, ал менеджердің басты міндеті жұмысшылар қызметінің нәтижесін бағалау және материалдың және моральдік стимулдарды мөлшерлеу болады. Еңбек себептерінің қазіргі әлеуметтік концепцияларында А.Маслоу, Ф.Херцберг және т.б. еңбек мотивтері теориялық ережелері, концепциялары пайдаланылады. Американ психологы және социологының еңбек мотивтері теориясы адам қажеттіліктерін анықтайды. Адам қажеттіліктерін класификациялай отырып, А. Маслоу оларды базистік (тамақтану, қауіпсіздік және т. б. қажеттіліктер) және туынды немесе мета-қажеттіліктер иерархиясы принципі бойынша өсу ретімен төменнен жоғарыға, яғни материалдықтан руханиға қарай орналастырады: біріншіден, физиологиялық және жыныстық қажеттіліктер – дүниеге адам әкелу, ас, тұрақ, демалыс т.б.; екіншіден, экзистенционалды қажеттіліктер – өз өмірінің қауіпсіздігінің, ертеңгі күнге сенімділіктің, өмір жағдайларының және қызметінің тұрақтылығының қажеттілігі, ал еңбек саласында – кепілді жұмыс бастылық, қайғылы оқиғалардан қамсыздану және т. б.; үшіншіден, әлеуметтік қажеттіліктер – құштарлық, ұжым қатарында болу, қарым-қатынас, біреуге қамқор болу, өзіне деген ықылас, еңбекке қатысу; төртіншіден, беделді қажеттіліктер – беделді адамдардың сыйластығы, қызмет сатысында өсу, бедел, қадір және жоғары баға; бесіншіден, рухани қажеттіліктер – шығармашылық арқылы өз ойын білдіру. А. Маслоу теориясының маңыздылығы – факторлардың әрекеттестігінде, олардың қозғаушы негізін ашуда, оның индивидке алдыңғылары өтелгеннен кейін ғана соңғыларының қамтамасыз етілуі.

А.Маслоудың концепциясы Ф.Херцбергтің мотивациялық-гигиеналық теориясында әрі қарай дамытылды. Мұнда жоғары қажеттіліктер (жетістік, сыйлау, шығармашылық өсім мүмкіндігі) және төменгі қажеттіліктерге он мотивациялық факторлар ықпал етеді: компания саясаты, техникалық бақылау, басқарушымен қарым-қатынас, ұжым арасындағы жекелік қатынас, жалақы, қауіпсіздік және жұмыс кепілі, жеке және отбасылық өмір, еңбек жағдайлары және статус. Еңбек себептеріне зерттеу жүргізе отырып, Ф. Херцберг адамдардың жұмысымен қанағаттанбаған кездерінде орта туралы, ал қанағаттанған кезде жұмыстың өзін айтатынын байқаған. Бұдан әр индивид бір ғана қажеттілік жүйесін емес, бір-бірінен сапа жағынан ерекшеленетін, бір-бірінен тәуелсіз және адам тәртібіне әрқилы ықпал ететін екі жүйесі бар деген нәтижеге келді.

Бірінші топ – гигиеналық факторлар. Олар еңбектің және болмыстың жағымды жағдайларын, еңбектің және еңбек режимінің ретті ұйымдасуын, жұмыскерлерді түрлі жеңілдіктермен және тұрақпен қамтамасыз етуде қолданылады. Қарқынды ²гигиеналық² еңбек жағдайлары персоналдың тұрақтылығына әкеледі. Бірақ еңбек өнімділігін міндетті түрде арттырмайды.

Факторлардың екінші тобы – мотивтер – Ф. Херцбергтің ойынша, ішкі (рухани) қажеттіліктерді қамтамасыз етеді және жұмыста жетістікке жеткізеді, және танымалдылықты, оның мәніне қызығушылықты және т.б. тудырады. Олар жұмыспен қанағаттанушылықты және еңбек белсенділігін анықтайды. Сондықтан да Ф. Херцберг қанағаттанушылық – еңбек мәнінің функциясы, ал

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/11-
Дәріс кешені	84 беттің 33 беті

канағаттанбаушылық – еңбек жағдайының функциясы деп санайды. Осыдан, гигиеналық шаралардың профилактикасы, ортаны жетілдіру арқылы жұмысшылардың канағаттанбаушылығын жоюға болады. Бірақ өз жұмысына деген қатынастың тек біршама нөлдік деңгейіне дейін. Адамның еңбеке деген талшынысын жоғарлату үшін еңбектің өзін байытатын қосымша шаралар қажет.

Экономикалық әлеуметтану жалпы әлеуметтану ғылымының қоғамның экономикалық өмірін зерттейтін арнаулы теориясы болып саналады. Бұл арнаулы теория жалпы әлеуметтанудың қарқынды дамуымен және оның экономикалық процестерімен тығыз байланысының негізінде пайда болды. Осыған орай экономикалық әлеуметтанудың объектісіне зерттеушінің қалауына қарай алынған қандай да болмасын экономикалық және әлеуметтік тұрғыда бір-бірімен тығыз байланысқан құбылыстар мен процестер жатады. Ал, экономикалық әлеуметтанудың пәніне қоғамның экономикалық дамуының әлеуметтік аспектілері жатады. Бұған экономиканың алуан түрлі салалары, әлеуметтік институттар (фирмалар, акционерлік қоғамдар (АО), корпорациялар, банктер, т.б.), алуан түрлі адамдар бірлігі (мысалы, өндіріс, еңбек ұжымдары, өндірістік бірлестіктер, топтар, бригадалар, т.б.); экономикалық процестер, өндіріс саласындағы әлеуметтік қатынастар (үстемдік ету-бағыну, басқару-орындау), еңбеккерлердің өндірісті басқаруға қатынасуы, жұмыс күшінің тұрақсыздығы, ауысуы, миграция, мамандықты іріктеп алу, еңбек ұжымдарының әлеуметтік қорлары мен ресурстық мүмкіншіліктері, адам және алуан түрлі топтардың экономикалық іс-әрекеттің саяси-дәлелдері, экономикалық сана, экономикалық ойлау, экономикалық-материалдық жағдайы.

Көңіл-күй, тәртіп, мұқтаждық, талап-тілек, әлеуметтік құндылықтардың еңбектің өнімділігіне, тауардың сапасының артуына әсері, т.б. жатады. Экономикалық әлеуметтану экономикалық процестерді ; адамдардың іс-әрекеті, қызметінің жемісі ретінде қарайды. Ондағы адамдардың материалдық тұрмыс жағдайы әртүрлі болғандықтан, олардың мұқтаждығы, талап-тілектері , тұтыну дәрежелері де әр түрлі. Сондықтан олар қоғамда әр түрлі рөлдер, яғни қызмет атқарады, осыған сәйкес олар қоғамда әр түрлі орында жағдайда, беделде, т.б. болады.

Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы 1948 жылы «денсаулық - ауру немесе физикалық кемшіліктердің жоқтығы ғана емес, толық физикалық, рухани және әлеуметтік амандық жағдайы» деп сипаттады. Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымы «денсаулықтың жоғарғы дәрежесін меншіктену бұл әрбір адамның негізгі құқықтарының бірі» деген қағиданы жария етті. Денсаулықты зерттеудің 4 дәрежесі белгілі:

1-ші дәреже — жеке адамның денсаулығы.

2-ші дәреже — кіші немесе этникалық топтар денсаулығы — топтық денсаулық.

3-ші дәреже— халық денсаулығы, яғни белгілі бір әкімшілік-териториалдық бірлікте (облыс, қала, аудан және т.б.) тұратын адамдар денсаулығы.

4-ші дәреже — қоғамдық денсаулық — қоғамның, мемлекет континент, әлем тұрғындарының денсаулығы.

Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау — әлеуметтік факторлар мен қоршаған ортаның шарттары халық денсаулығына әсерін зерттейтін және халықтың денсаулық дәрежесін көтеру мақсатында денсаулық сақтау жүйесін ұйымдастыруды нығайтуды әлеуметтік факторлардың кері әсерін болдырмау немесе алдын алуға бағытталған, ғылыми дәлелденген нұсқауларды жасайтын ғылым. Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтау халық денсаулығын қорғау аймағында әр түрлі медициналық аспектілерді, әлеуметтік, экономикалық, басқарушылық, фәлфәфиялық мәселелерді зерттейді.

Әр түрлі клиникалық пәндерге қарағанда қоғамдық денсаулық жеке дараның денсаулығын қарастырып қоймай, ұжым, әлеуметтік топ және қоғамның денсаулығын әлеуметтік шарттармен өмір салтымен байланыстыра отырып зерттейді. Физика, химия, биология аясындағы заманауи ұлы жаңалықтар, XX ғ. Тұрғындар урбанизациясы, өнеркәсіптің құрлыстың тез дамуы экологияны өзгертуде, бұл өз әсерін тұрғындар денсаулығына тигізіп әр түрлі аурушандықты тудырады. Ал бұндай аурушандық эпидемиологиялық болып кетуі мүмкін. .

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11- 84 беттің 34 беті
Дәріс кешені		

Қоғамдық денсаулық және денсаулық сақтаудың өзіндік әдістемесі мен зерттеу әдістері бар. Олар статистикалық, тарихи, экономикалық, тәжірибелік, социологиялық хронометраждық зерттеулер және т.б. әдістер.

Статистикалық әдіс көптеген зерттеулерде кеңінен тараған. Ол тұрғындар денсаулығының дәрежесін, емдеу-алдын алу мекемелерінің жұмысының эффективтілігімен сапасын объективті анықтауға мүмкіндік береді.

Тарихи әдіс зерттелетін мәселенің мемлекет дамуындағы әр түрлі тарихи кезеңдерде бақылап отыру мүмкіндігін береді.

Экономикалық әдіс экономиканың денсаулық сақтауға және денсаулық сақтаудың мемлекет экономикасына әсерін орнату, халық денсаулығын эффективті қорғау үшін мемлекеттік қаржыны жұмсаудың тиімді жолдарын анықтау мүмкіндігін береді. Медициналық мекемелердің және денсаулық сақтау органдарының қаржыландыру қызметтерін жоспарлау, бөлінген қаржыны тиімді жұмсау, тұрғындарды сауықтыру мақсатында денсаулық сақтау қызметінің эффективтілігін және сол қызметтің мемлекет экономикасына әсерін бағалау – осының бәрі денсаулық сақтау аясындағы экономикалық зерттеулерді құрайды.

Тәжірибелік әдіс медициналық мекемелердің, денсаулық сақтаудың жеке қызметтерінің зерттеулердің жаңа және тиімдірек түрлері мен әдістерін іздеуге арналған тәжірибелерді жасауды қарастырады.

Зерттеулерде айтылған әдістердің көбісі кешен ретінде қолданылатынын атап кеткен жөн. Мысалы, егер зерттеуде тұрғындарға амбулаторлы-поликлиникалық көмек көрсету дәрежесін және оны толық жетілдіру жолдарын зерттеу міндеті тұрса, онда статистикалық әдіспен тұрғындар сырқаттылығы, поликлиникалық мекемелерге өздігімен келуі зерттеледі, тарихи әдіспен оның динамикасы, әр түрлі кезеңдердегі дәрежесі сарапталады. Тәжірибелік әдіспен поликлиника жұмысына ұсынылған жаңа түрлері сарапталып, оның экономикалық мақсатқа лайықтылығы мен эффективтілігі тексеріледі.

Зерттеуде хронометражды әдістер қолдану мүмкін (медициналық қызметкерлер жұмысының хронометриясы, аурулардың медициналық көмекті алу үшін уақыт шығынын сараптау және т.б.).

Эксперттік бағалау әдісі медициналық көмектің тиімділігі мен сапасын зерттеу және жоспарлау үшін кеңінен қолданылады. Бұл өте маңызды әдіс және оны ұмытпау керек.

Социологиялық әдістер (интервью ұйымдастыру, анкеталық әдістер), зерттеу объектісі немесе үрдісі туралы адамдар тобының жалпы ойын білу мүмкіндігін береді, бұл әдісте жиі қолданылады.

Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатпринциптері.

1. Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясаты:

- 1) азаматтардың қауіпсіз, тиімді және сапалы медициналық және дәрілік көмек алу құқығының теңдігін қамтамасыз ету;
- 2) мемлекеттің, жұмыс берушілер мен азаматтардың жеке және қоғамдық денсаулықты сақтау мен нығайту үшін ортақ жауапкершілігі;
- 3) Қазақстан Республикасының азаматтарын тегін медициналық көмектің кепілді көлемімен жаппай қамтамасыз ету;
- 4) денсаулық сақтау жүйесі қызметіндегі профилактикалық бағыттың басымдығы;
- 5) медициналық және дәрілік көмектің қолжетімділігі;
- 6) медициналық және дәрілік көмек сапасын ұдайы арттыру;
- 7) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы қамтамасыз ету;
- 8) медициналық ұйымдардың медициналық көмек көрсетудегі қызметінің сабақтастығы;
- 9) медициналық және фармацевтикалық білім берудің үздіксіздігі мен сабақтастығын қазіргі заманғы оқыту технологияларын пайдалана отырып қамтамасыз ету;
- 10) денсаулық сақтау саласындағы ғылымның, техниканың алдыңғы қатарлы жетістіктерін және әлемдік тәжірибені пайдалану;
- 11) ерікті әрі қайтарымсыз донорлықты көтермелеу;
- 12) отандық әзірленімдерге және бәсекеге қабілетті медициналық және фармацевтикалық өнеркәсіпті дамытуға мемлекеттік қолдау;
- 13) денсаулық сақтау саласындағы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау;

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11- 84 беттің 35 беті
Дәріс кешені		

14) азаматтардың денсаулық сақтауға құқықтарын қамтамасыз етуге қоғамдық бірлестіктердің қатысуы принциптері негізінде жүргізіледі.

Демография (demos – халық, grapho – жазамын) деген екі грек сөздерінен құралған – халық туралы және оның қоғамдық қатынастары туралы ғылым. Халық туралы мәліметтердің маңызы өте зор. Біріншіден, қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы жоспарлау, емдеу, санитарлық, т.б. медициналық мекемелердің жұмысын тиімді ұйымдастыруға және сауықтыру шараларын жүргізуге, дәрігерлер мен орта білімді мамандарды дайындау мақсатында пайдаланылады. Екіншіден, демографиялық көрсеткіштер халық денсаулығын сипаттайтын көрсеткіштерге жатады. Үшіншіден, емдеу-профилактикалық мекемелердің жұмысын талдауда пайдаланады. Тұрғындар түсінігі – белгілі бір территорияда, мемлекетте немесе облыс, аудан, қалада тұратын адамдар тобы. Тұрғындардың негізгі мінездемелерінің бірі денсаулық жағдайы болып табылады.

Жалпы демография (ерекше экономикалық) және әлеуметтік медицинаның қиылысуында аралас ғылым аймағы - медициналық демография пайда болды. Медициналық демография аймағындағы маманы, белгілі ғалым, профессор М.С. Бедный (1984) жылы «медицинская демография — халық денсаулығының жағдайы мен оның өзгеру тенденцияларына әсер ететін тұрғындар популяциясы мен әлеуметтік және табиғи факторлардың байланысын зерттейтін ғылым» деп жазды. Тұрғындардың статистикалық зерттеуі екі негізгі бағытта жүргізіледі:

1. Халық статистикасы.
2. Халық динамикасы.

Халық статистикасы – бір уақытқа сәйкес халық санын білу, яғни халық санын бір тұрақты қалыптыңда жыныс, жас, әлеуметтік, топтық, кәсіби және қызметі, үйелмендік жағдайын сипаттау. Сонымен қатар ұлты, ана тілі, мәдениеттілік деңгейі, сауаттылығы, білімі, туған жері (қала, ауыл), географиялық орналасуы және тығыздығы анықталады.

Халық динамикасы – қозғалыс және халық санының өзгерушілігін зерттеу. Халық санының өзгерушілік себебі халықтың механикалық қозғалысы немесе халықтың табиғи өзгеруі болуы мүмкін.

Халық саны мәселесі Қазақстан үшін ерекше маңызды. Тұрғындар тығыздығы жалпы республика бойынша бір шаршы километрге 5,5 адамды құрайды. Мысалы, Қытайда бұл көрсеткіш бір шаршы километрге 140 адамды құрайды.

Қазақстан Республикасының статистика Агенттігінің мәліметтері бойынша 2010 жылы 1-ші қаңтарда мемлекет тұрғындарының саны 15 394,6 мың адамды құрады, соның ішінде қалалық тұрғындар - 8838,1 мың (57,4%), ауыл тұрғындары – 6 556,5 мың адам (42,6%), ал 2008 жылы 1-ші қаңтарда - 15 565 647 адам, соның ішінде қалалық тұрғындар 8 230 319 (52,8%); ауыл тұрғындары 7 335 328 (47%).

2010 жылы 1-ші қаңтарда республика тұрғындарының жас құрамы былай құралды: жалпы халық санынан 15 жасқа дейінгі балалар 24% (24,2), 15 пен 65 жас аралығындағылар – 68,2% (68,0), 65 жас және жоғары жастағылар – 7,8%. 2009 жылы 1-ші қаңтардағы көрсеткіштермен салыстырғанда 0 ден 15 жасқа дейінгі балалар саны 0,2%, 15-64 жас арасындағылар саны 1,5%, 65 жас және жоғары жастағылар саны 1,2% өсті.

Қазақстанда гендерлі ассиметрия - әйелдердің сандық басымшылығы орын алды. 1000 ер адамға 1078 әйел келеді. 2010 жылы 1-ші қаңтарда жалпы халық санынан ерлер саны 7407,8 (7324,8) мың адамды, немесе 48,1%, ал әйелдер саны 7986,8 (7894,5) мың, немесе 51,9% құрады. 15-64 жас аралығындағы әр 100 әйелдің өліміне осы жас тобындағы 246 ерлер өлімі келетіні бұл жағдайды ұлғайта түседі.

15-64 жас аралығындағы ерлер өмірінің қысқаруы стресске алып келетін заманауи әлеуметтік-экономикалық факторлардың бір қатар мәселелеріне байланысты.

Республикада 2010 жылы халықтың табиғи өзгеруі 157 891 адамды құрады. Халықтың табиғи өзгеруінің жалпы коэффициенті 2010 жылдың 1-ші қаңтарда 1000 тұрғынға 10,2 адамды құрады.

Мемлекетте 2001 жылы қаңтар-желтоқсанда өлім-жітім саны 158931 адамды құрады, соның ішінде, қалалық тұрғындар 92881 және 66050 ауыл тұрғындары. Бұл кезеңде 90760 ер және 68171 әйел,

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 36 беті

немесе 133 ер 100 әйелге қайтыс болды. Өлім-жітімнің жалпы коэффициенті 1000 тұрғынға 10,3 өлгендерді құрады.

2010 жылы қаңтар-желтоқсанда мемлекетте 1 жасқа дейінгі сәбилердің 4561 өлімі тіркелді, соның ішінде ер балалар - 2701 және қыздар - 1860. Сәби өлімінің коэффициенті 1000 тірі туылғанға шаққанда 14,5 өлімді құрады. Сәби арасындағы өлімнің негізгі себебі перинаталды кезеңде пайда болған күй-жағдайлар. Сол себептен 2010 жылы қаңтар-желтоқсанда 2169 сәби, немесе барлық сәби өлімінен 47,6% құрады.

Демографиялық жағдайды жақсарту ролі денсаулық сақтауға байланысты. Тұрғындар миграциясы 2010 жылы қаңтар-желтоқсанда 10878 адамды құрады, соның ішінде ТМД елдерімен - 2989. Республикаға келгендердің саны 53309 адамды, ал шыққандардың саны - 42431 адамды құрады.

Қазақстанға келгендердің арасындағы қазақтардың ара салмағы 78,2%, орыстардың - 12,5%, немістердің - 1,0% құрады. Қазақстан шекарасынан тыс шыққандар арасында орыстар 69,5%, немістер - 7,1%, қазақтар - 5,3% құрады.

Статистика көрсеткіштері бойынша 15 пен 29 жас аралығындағы жастар саны Қазақстан тұрғындарының бүкіл санының 28% құрайды. Жастарға ересек қоғамның барлық мәселелері тән. Соның ішінде жұмыссыздық, жастар арасында ересектерге қарағанда 2 есе артық, ауыл жастарының қала жастарымен салыстырғанда кедейлік, жалпы құқықбұзушылық статистикасындағы жастар арасындағы қылмыстың өсуі.

Демографиялық сұрақтарды шешетін экономикалық ынталандыруды сипаттай отырып, Қазақстанда сәбилерге арналған тауарлар мен азық-түлік өндірісінің жоқтығын айта кеткен жөн. Қазақстанның өнеркәсіп өндірісі демографиялық мәселелерді шешуге бағытталмаған. Сонымен қатар, мемлекетте мектепке дейінгі дайындық мекемелерінің жетіспеушілігі орын алды. Бұл мәселе әйелдің, ананың еңбек потенциалын іске асыруына жол бермейді. Бүгінгі таңда тұрғындардың туу көрсеткішінің өсу тенденциясы байқалуда. Бұл жағдайды кейбір зерттеушілер демографиялық кризисінен шығудың басы деп бағалайды.

Қазіргі таңда Қазақстанда туу көрсеткіштері жоғарылауда, жыл сайын 300 мың сәби дүниеге келіп жатыр. Ал бірақ, жалпы тұрғындар саны, 1989 жылы өткен халық санағымен салыстарғанда, азайып отыр. Қазақстанға келіп қоныстанған жарты миллион иммигранттар демографиялық жағдайды жақсартуға қол жеткізген жоқ. 1989 жылы өткен халық санағының көрсеткіштері бойынша Қазақстанның тұрғындар саны 16 199 154 құрады, ал қазіргі таңда халық саны 15 565 647 құрайды.

Демографиялық жағдайды жақсартуға арналған жұмысты бірнеше бағытта жүргізу керек:

- жанұя, әсіресе көп балалы жанұя статусын жоғарлату;
- көп балалы жанұя пәтер немесе жер берілу құқығын заңды түрде орнату;
- үш-төрт балалы жанұя, жанұялы өмір салтына халықты тұрақты түрде ынталандыру;
- жанұялы өмір салты әлеуметтік қалыпты жағдай ретінде болуы тиіс;
- заңды түрде ата-аналық еңбекті мамандырылған еңбекпен теңестіру және сол үшін «жанұялық айлықты» енгізу, яғни балаларды бағып отырған әйелге жанұядағы балалар санына байланысты минималды айлық төлеу;
- демографиялық мониторингті, әсіресе екінші және үшінші туылған балалар бойынша тұрақты түрде жүргізіп отыру;
- балалары жоқ жанұялық жұптардың емделуін мемлекеттік деңгейде қаржыландыру;
- шетелдердің тәжірибесіне негізделі отырып сәбилер туылуын қаржылай ынталандыру;
- фертильді жарсағы әйелдердің емделуінің ақысыз жүйесіне үлкен көңіл бөлу.

Қазіргі таңда ауылдық тұрғындардың шамадан тыс қалалық мекенге көшу себебі нарықтық қоғамның қалыптасуына байланысты әртүрлі мәселелерге алып келіп отыр. Яғни бұл тұрғындардың әлеуметтік экономикалық жағдайының біршама салыстырмалы деңгейін көрсетеді. Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Қазақстан жолы -2050 Бір мақсат, Бір мүдде, Бір болашақ» атты халқына жолдауында Қазақстан халқының урбанизация деңгейін жаһандық үрдісіне орай қалалық тұрғындар үлесі барлық халықтың қазіргі 55%-нан 70%-дай деңгейге дейін өсетінін көрсетті. Қазақстанның

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 37 беті

қалалары мен елді мекендерін сапалы жолдар мен көліктің барлық түрінің жүрдек бағыттары байланыстыратын болады. Озық және бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін құру аяқталады.

Қазақстан әлемде адамдар үшін қауіпсіз және тұруға жайлы елдің біріне айналуға тиіс – деп насихаттаған болатын. Соңғы жиырма жыл ішінде қазақ қоғамының мәдени, саяси және әлеуметтік құрылымы нарықтық түрлену жағдайына байланысты үлкен өзгерістерге ұшырады. Бұл өзгерістер қоғамның барлық саларын қамти отырып, біздің алдымызға көптеген шешуін талап ететін мәселелерді әкелді. Олардың бірі ретінде ХХІ ғасырдың ерекшеліктерінің бірі ретінде урбанизацияны айтуға болады.

Урбанизация үрдісі қандай халықтың болмасын басынан ерте ме, кеш пе өтетін құбылыс. Урбанизация – адамзатты таратып орналасудағы қалалардың рөлі мен ара салмағына байланысты қалалық өмір салтын орнату сипатындағы тарихи процесс болып табылады. Бұл әлеуметтік стратификациялық қоғамда жаңа түрлену, экономикалық таптардың деңгейі анықталуда. Бұл өз кезегінде, Қазақстандағы бірден бір маңызды әлеуметтік теңсіздік параметр ретінде байқала бастады. 2014 жылғы 1 шілдесінде еліміздегі халық саны 17 264,6 мың адамды құрады, соның ішінде қалалықтар – 9 508,4 мың немесе 55,1%, ауылдықтар – 7 756,2 мың немесе 44,9% адамды құрап отыр. Осыған орай урбанизация процесі кезінде ауылға немесе қалаға алып келер оң және теріс жақтарын қарастырған жөн. Оң көзқарас ретінде урбанизация үрдісі экономика дамуына үлесін қосады. Егер ауылдан адамдар келсе қала тұрғындарының саны артады. Ал тұрғындар санының артуы елге түсер қаражаттың өсуіне алып келеді. Ауылдан келген адамдар қаланың көркейуіне үлес қосар болса, онда тек экономика емес қаланың технологиялық, мәдени және саяси әл-ауқатыда өсіп өркендейді.

Мысал ретінде америкалық ғалым Адам Аланның айтуы бойынша ауылда тұратын тұрғындардың тез үйреніп алу қабілеті қалалық тұрғындарға қарағанда 3 есе жоғары кетеді. 2004 жылы жүргізілген қала мен ауыл адамдарынан тест алу барысында ауыл тұрғындарының 42,5% қабілетті болып шыққан ал қала тұрғындары 39% құраған. Демек ауылдық адамдар жақсы дамыған, ол айтпасада белгілі ауылдық жерлерде таза ауа, егін шаруашылығы, керемет табиғат, ауылдың экологиясы қаланың экологиясына қарағанда бірнеше есе таза. Бұл көзқарсымды қорытып кетер болсам әрине білімді адамдар қазіргі таңда өте қажет, Әрине егер қала дамитын болса, онда біз ауылдық жерлерді де дамыта аламыз. Теріс көзқарас ретінде урбанизация үрдісінің адам өміріне алып келер кері әсерлерінде айта кеткен жөн. Яғни урбанизация экологияға зиян алып келеді. Урбанизация процесі кең ауқым алған жерлердің экологиялық жүйесі әлсірейді. Қала адамдарының саны артса адам әрекетінен шығатын антропогенді факторларда жылдам өседі. Демек экология ластанса адам денсаулығына алып келер әртүрлі зияны болады. Сонымен қатар жастар субмәдениетінің және қалалық ортаның әсері ауылдық жерде шектеулі болғандықтан ауыл жатары арасында жаға ұрпақтан жаттану, аполистік, агрессивтілік секілді процестердің дамуына кедергі келтіреді.

Урбанизация үрдісі негізінен жастар категориясына әсері басқа топтарға қарағанда айтарлықтай, бұл ең алдымен модернизациялық дамуға орай олардың үлкен қалаларға жеке мақсаттарға байланысты (оқу, жұмыс т.б.) қоныс аударумен тығыз байланысты. Елдегі тұрғындар нарықтық қозғалыстарға бейімделе алмауына байланысты және жұмысқа деген бәсекелестік секілді әр түрлі мәселелер орын алып отыр. Бұл мәселелерге сонымен қатар «монетизация» түріндегі әлеуметтік қызметтер; жұмыссыздық және қайыршылық деңгейдің өсуі; өмір сүру жағдайы және халықтық бөлінуі, әлеуметтік экономикалық инфрақұрылымының нашарлауы, ауылдық тұрғындар қалада жұмыс іздеу тапсырысының өсуі және басқада нарықтық қоғамда жарамсыз әрекеттер қосылды. Сонымен қатар мемлекеттік қаржыдан және қолдаудан айрылған аграрлық сектордың қызметі және инвестиция едәуір төмен болды. Бұл факторлардың барлығы жұмыссыздық деңгейінің орын алуына және ауылдық тұрғындардың тұрмыс сапасының нашарлауына алып келді. Қалалар көпшілігінде алуан этносты болып келсе, ауылда бір этносты басым болып келеді. Егер, ауылды жерде дәстүрлі ұлттық мәдениеттің белгілері басым болса, ал қалада сан алуан этностардың түрлі мәдениетінің нышандарын кездестіруге болады. Қалада жоғары оқу орындары, ғылыми мекемелер, театр, филармония, көрмелер және сол сияқты сан қилы мәдениетті құру және тарату құралдарының бай қоймасы шоғырланған

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 38 беті

болса, ал ауылды жерде бұл мүмкіншіліктер шектеулі. Қай заманда, қай қоғамда да тарихи дауылдардың, төңкерістер мен сілкіністердің ауыртпалығын ауыл тартты.

Қазіргі өмір сүріп отырған қоғамымыздың – өзекті мәселелерінің бірі ауыл мен қала мәселесі. Осы ауыл мен қалаға қатысты негізгі мәселе қоғамымыздағы урбанизация процесі. Қорыта айтқанда, қазіргі Қазақстан қоғамының дамуында урбанизация құбылысына үлкен мән беру керек. Урбандалудың қазіргі әсерінен елімізде үлкен – үлкен қалалық агломерация пайда бола бастады, ал кейбір ауылдар халықтан босап қалды. Бұл мәселеге мемлекетте араласып, реттеу тетіктерін іске қосқаны жөн болар еді. Қазақстан жері кең байтақ, ал онымен салыстыра қарағанда халқының саны аз. Мұның өзі халықтың қайта қоныстану үлгілерін жоспарлауды қажет етеді. Ауыл мен қаланың өзара байланысын жан-жақты зерттеу орынды. Әсіресе стихиялы түрде жүріп жатқан осы процесске мәдени-әлеуметтік, әлеуметтік-философиялық тұрғыдан талдау жасау алда тұрған маңызды шаралардың бірі. Қазақ қанша қалалық мәдениетті бойына сіңіргенімен оны өзінің менталитетіне сәйкестендіріп қабылдауы қажет. Ал дәстүрлі мәдениет ошағы – ауыл.

4. Иллюстрациялық - материал: презентация https://docs.google.com/presentation/d/1R_bGY-wy_Hg5LcHn9Tw53N1uquHCmpyv/edit?usp=drive_web&ouid=106659929443614445216&rtpof=true

5. Әдебиет:

Қазақ тіліндегі негізгі:

1. Әлеуметтану: оқу құралы / М. А. Ертаев, С. М. Тасқынбаева, Ф. М. Каратаева. - Қарағанды: ЖШС «Medet Group», 2020. - 330 бет.
2. Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 208 с.
3. Жанысбеков М.А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: дәрістер кешені/ ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі. ОҚМФА. «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндері». - Шымкент: [б. и.], 2015. - 101 б.
4. Сыдықов, Ұ. Саясаттану: оқулық. - Алматы: New book, 2022-96 бет
5. Бринкерхоф, Д.Әлеуметтану негіздері: оқулық / Д. Бринкерхоф, Р. Уейтс, С. Ортега; Қаз.тіл.ауд.С.А Аамандосова[және т.б.]. - 9- басылым. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 464 б. с.: (Рухани жаңғыру).
6. Ритцер, Д. Әлеуметтану теориясы: оқулық / Д. Ритцер, Д.Степнишки; қаз. тіл. ауд. Г.О. Әбдікєрова [және т.б.]. - 10- басылым. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856 б.: (Рухани жаңғыру).
7. Әлеуметтану: жаңа буынға арналған оқулық / А. Н. Тесленко, Ж. Ж. Сембина, А. Т. Аязбаева; ҚР білім және ғылым министрлігі. «ҚазГЮУ университеті» АҚ. - Қарағанды: ЖШС «Medet Group», 2015.
8. Забєрова, А. Т. Практикалық әлеуметтану: оқу құралы / А. Т. Забєрова. – Алматы: Эверо, 2014. - 206 бет
9. Нысанбаев, Ә. Социология: оқулық. - Алматы: Эверо, 2014.
10. Әбсаттаров, Р. Әлеуметтік: өзекті мәселелер. (Екі томдық оқу құралы). 1,2-том: оқу құралы / Р. Әбсаттаров, М. Дәкєнов ; ҚР Білім және ғылым министрлігі. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Пед. ун. - 2-ш. бас., толық. - Алматы : Қарасай, 2015. - 408 с..
11. Әжєнов, М. С. Қоғамның әлеуметтік құрылымы : оқу құралы Алматы : Эверо, 2014

Қазақ тіліндегі қосымша:

1. Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігі = Dictionary of the social sciences / сөздік; ред. К.Калхунның. - Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 480 бет: (Рухани Жаңғыру).

QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		
		39/11- 84 беттің 39 беті

- Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016.
- Решетников, А. В. Медицина әлеуметтануы: оқулық / А. В. Решетников; ред. Т. Қ. Рақыпбеков; қаз.тіліне ауд. А. М. Марқабаева; жауапты ред. Т. Қ. Рақыпбеков. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2015.
- Армстронг, К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: құдайтану баяны = A History of God The 4000-year Quesf of Judaism.Christianity and Isiam: монография / К.Армстронг; ауд. Д. Кенжетай [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 432 б. с.: (Рухани жаңғыру).
- Андерсон Джеймс Э. Мемлекеттік саясат = Public Policymaking : оқулық / Джеймс Э. Андерсон ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Х.Ғ. Масадиков. - 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 448 б. с
- Синглтон Ройс А. Әлеуметтік зерттеу әдістері = Approaches to Social Research : оқулық / Ройс А. Синглтон, Брюс С. Стрейтс ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Н.Ә. Муминов. - 6-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 816 б. с
- Хейвуд Эндрю. Саясаттану = Politics : оқулық / Эндрю Хейвуд ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 5-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 520 б. с
- Коннолли Мэри. Әлеуметтік жұмыс: контексі мен практикасы = Social Work:Contexts and Practise : оқулық / Мэри Коннолли, Луиза Хармс, Джейн Мейдмент ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б. Мизамхан. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 384 б. с
- Нортхауз Питер. Көшбасшылық: теория және практика = Social Work:Contexts and Practise : оқулық / Питер Нортхауз ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.М. Икрамова. - 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 560 б. с.
- Постон Дадли Халық саны және қоғам. Демографияға кіріспе = Ethnography. Principles in Practise : оқулық / Дадли Постон, Леон Ф. Бувье ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 488 б. с
- Смитт Энтони Д. Ұлттың этностық тамыры = The Ethnic Origins of Nations : оқулық / Энтони Д. Смитт ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. И. Алибаева. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 388 б. с
- Хаммерсли Мартин. Этнография: зерттеу принциптері = Ethnography. Principles in Practise : оқулық / Мартин Хаммерсли, Пол Аткинсон ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Мусина. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 400 б. с

Электронды оқулықтар

- Основы антикоррупционной культуры [Электронный ресурс]: учебное пособие / под ред. Б. С. Абдрасилова. - Электрон. текстовые дан. (702Мб). - Астана: Акад. Гос. упр. при Президенте РК, 2016. - 176 с.
- Гендерная социология. Акбаева Л.Н., 2017. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
- Әлеуметтану. Ертаев М.А., Таскымбаева С.М., Қаратаева Ф.М., 2020. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 40 беті

4. Әлеуметтану. Тесленко А.Н., Сембина Ж.Ж., Аязбаева А.Т., 2019. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
5. Решетников, А. В. Социология медицины / Решетников А. В. - Москва: ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 864 с. - ISBN 978-5-9704-3067-5. - Текст: электронный. <http://rmebrk.kz/>
6. Тәжітаева, Р.С. Саясаттану: Электрондық оқулық. - Жетісай: «Сырдария» университеті, 2016. <http://rmebrk.kz/>
7. Ритцер, Д., Степнишки, Д. Әлеуметтану теориясы: Оқулық. - 10-басылым - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856б. - ISBN 978-601-7943-17-2. <http://rmebrk.kz/>

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. «Мазмұн» және «еңбек нысаны» түсініктері нені білдіреді?
2. Еңбек мазмұнын қай деңгейде қарастыруға болады?
3. Қоғамда медицинаның рөлі қандай?
4. Денсаулық сақтаудың экономикалық және әлеуметтік аспектілерін атаңыз.
5. Жаңғыру, урбанизация және миграция ұғымдарын анықтаңыз.
6. Әлеуметтік өзгерістерді зерттеудің әлеуметтанулық перспективалары қандай?

№6 дәріс

1. Тақырыбы. Саясаттану ғылым және оқу пәні ретінде. Саяси ғылымның қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері. Қоғамдық өмір жүйесіндегі саясат.

2. Мақсаты: Саясаттану мәні, оның әдістемелік базасы: объект, субъект, пәні, әдістері мен қызметтерін, саяси ғылымның қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін ашу.

3. Дәрістің тезистері:

1. Қазіргі білімдер жүйесіндегі саяси ғылымның алатын орны, саясаттанудың қалыптасуы мен дамуы, оның негізгі категориялары, саясаттанудың пәні мен объектісі. Саяси шынайылықты зерттеу әдістері. Саяси ғылымның ғылыми-танымдық, әдіснамалық және қолданбалы функциялары.
2. Саяси ойдың қалыптасуы мен даму тарихының дәуірлік кезеңдері. Ежелгі дәуір ілімдеріндегі саясаттанудың элементтері (Конфуций, Платон, Аристотель). Орта ғасырдағы саяси идеялар (Августин, Аквинский, Әл-Фараби). Қайта өрлеу және Ағарту дәуіріндегі саяси идеялардың дамуы. Саясаттың мәні туралы Макиавеллидің көзқарасы. Ж.Боденнің мемлекеттік билік егемендігі теориясы. Утопиялық социализм идеяларындағы мінсіз қоғамдық құрылыс. (Т.Мор, Т.Кампанелла).
3. Табиғи құқық пен қоғамдық келісім теориялары. Ағарту дәуірінің негізгі саяси доктриналары ретінде. Ж.-Ж.Руссоның радикалды демократизмі. И.Кант пен Г.Гегельдің концепцияларындағы мемлекет пен азаматтық қоғам концепциялары.

Бүкіл әлемде, оның ішінде түбегейлі бетбұрыс жасап демократиялық өзгерістерді іске асырып жатқан елімізде, саясаттан тыс тұрған адам жоқ. Сондықтанда кәсіби мамандығына, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан, әрбір адамға қажет деп тұжырымдау орынды, өйткені ол қоғамда өмір сүріп отырып, басқа адамдармен және мемлекетпен өзара іс-қимыл жасайды. Пайымды адам саяси мәдениетке, саяси құндылықтарға қарым-қатынаста болуы туралы мәселеде баламықты көре алмайды, өйткені ол мемлекет және басқа да саяси күштер тарапынан өзінің айналысатын объектісіне айналуына жол бере алмайды.

Қазақстан қоғамдық өмірдің барлық салаларында – экономика, саясат, әлеуметтік, рухани салаларда сапалық түбегейлі өзгерістерді басынан кешіріп отырған мемлекеттер санатына жатады. Бұл өзгерістер қазірдің өзінде-ақ қоғамнан саяси білімдар, білікті де жауапты, жаңаша, таптаурынсыз ойлауға қабілетті адамдарды талап етіп отыр.

Саясаттану адам және қоғам туралы өзге де ғылымдар сияқты адамның білімін қалыптастыруға, өткенді, қазіргіні, келешекті дұрыс түсініп, орнын анықтауға көмектеседі.

Саясаттану сөзі гректің “политика” және “логос” деген сөздерден шыққан, саясат туралы ғылым деген мағынаны білдіреді. Саясат термині мемлекетпен, өкімет билігі қатынастарымен, адамдар мен қоғамға басшылық ету ғылымдармен байланысты көне заманғы ұғымдарға негізделген.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 41 беті

Дәстүрлі түсінік бойынша Саясат дегеніміз, ең алдымен, мемлекеттік және қоғамдық істер, адамдар, әлеуметтік топтар, халықтар мен мемлекеттер арасындағы айқын көрінетін және өкімет билігі жөніндегі қатынастармен байланысты қызмет саласын білдіреді. Әлеуметтік сирек ұштасатын құбылыс ретінде оған саяси институттар мен ұйымдардың қызмет атқаруы, саяси нормалар мен дәстүрлері, адамдардың басқару қызметі, олардың әлеуметтік-саяси мүшелері мен қажеттері, саяси идеялары мен көзқарастары жатады.

Саясат - өкімет билігі мен қоғамды басқару тұрғысындағы таптар мен әлеуметтік топтар арасындағы қатынастардың, қызметтің, тәртіптің, бағдарлардың және коммуникациялық байланыстардың сан алуан әлемі ретінде түсіндірілетін әмбебап қоғамдық сирек ұшырасатын құбылыс. Ол адамзаттың қоғамдағы құқығы, еркіндігі мен міндеттері, жеке адамның саяси-құқықтық жағдайы, оның саяси өмірге қатынасу тәсілдері, саяси өзгерістердің түрлері, саяси мәдениетті қалыптастыру жолдары, қазіргі заманғы сан түрлі саяси идеалық көзқарастар, саяси сананың дамуы туралы, дүниежүзілік дамудың қозғаушы күштері туралы түсінік береді. Ол өткендегі және қазіргі саяси жүйелерді, адамдардың санасындағы, көзқарасындағы, мақсат-мүддесіндегі және мінез-құлық, іс-әрекетіндегі саяси өзгерістерді қарастырады. Ал, бір жағынан жиналған деректерді қорытады, екінші жағынан, құбылыстардың өзара ұқсастығы бойынша болашаққа болжам жасайды.

Қорыта айтқанда саясаттану дегеніміз – саясат туралы, саясаттың адам және қоғам қарым-қатынастары туралы жинақталған ғылым. Ол саяси биліктің қалыптасуы мен даму заңдылықтарын, оның жұмыс істеуі мен пайдалануын, түрлері мен әдіс-тәсілдерін зерттейді.

Кез келген ғылымның зерттеу әдістері болады сондықтан саясаттану саяси құбылыстар мен өзгерістердің мән мағынасын түсініп білу үшін бірнеше әдістер қолданылады. Әдіс деп зерттеу жүргізуді ұйымдастыру тәсілін айтады. Оларға салыстырмалы, жүйелеу, социологиялық, тарихи, бихевиористік, нормативтік және т.б. әдістер жатады.

Салыстырмалы әдіс. Түрлі елдердегі саяси құбылыстарды өзара салыстырып, олардың жалпы ортақ және жеке ерекшеліктерін ажыратуға оны танып білуге мүмкіндік береді. Осы арқылы елдегі саяси тұрақтылық пен саяси ахуалды бағалауға, нақты саяси шешімдер қабылдауға жағдай туады.

Жүйелеу әдісі. Саяси құбылыстарды басқа күрделі құрылымының бір бөлігі ретінде қарап, оны құрайтын элементтердің әлеуметтік өмірдегі орнын, қызметін, айналадағы ортамен, өзге құбылыстармен байланыстырып зерттейді.

Социологиялық әдіс. Саясатты қоғам өмірінің экономикалық, әлеуметтік құрылым, мәдениет және сана деңгейіне т.б. жағдайларына байланысты анықтайды.

Тарихи тәсіл. Саяси құбылыстарды мерзімі жағынан дәйекті, заманына қарай, өткендегі, қазіргі және болашақтағы байланысымен айқындай отырып қарастырады. Бұл әдіс әртүрлі саяси оқиғаларды, процестерді, деректерді олардың болған уақтын мезгілін ескере отырып соның негізінде танып білуді қажет етеді.

Бихевиористік әдіс. Жеке адамдар мен топтардың іс-әрекетін, белгілі бір саяси жағдайларда адамдардың өздерін өздері қалай ұстауын танып білуге негізделген.

Нормативтік әдіс. Қоғамдық игілікті ең мол қамтамасыз ететін немесе адамға әуел бастан тән ажыратылмас табиғи құқықты іске асыруға барлық мүмкіндікті жасайтын саяси құрлыстың түрін зерттейді.

Ғылымның басқа саласы сияқты саясаттану ғылымындада өзіндік категориялары бар. Оларға саяси құбылыстар мен процестердің мәнін білдіретін ғылыми терминдер, сөз тіркестері жатады. Мысалы: саясат, саяси билік, саяси жүйе, саяси тәртіп, саяси пратия, саяси өмір, саяси қатынастар, қоғамдық ұйымдар, мемлекет, демократия, сыртқы саясат т.б.

Танымдық (гносеологиялық). Әртүрлі қоғамдық-экономикалық формациялардағы әлеуметтік- саяси тенденцияларды объективті түрде көрсетудегі рөлмен айқындалады. Саясаттанудың бұл функциясы кездесетін қиындықтар мен қайшылықтарды айқындап, оларды шешудің әдістерін көрсетеді. Ол өмірдегі саяси құбылыстар туралы ғылыми дәлелдер жинап, сол арқылы қоғамның саяси бағытын ғылыми негіздеуге қызмет етеді. Осы функция арқылы саясаттану ғылымы қоғамдағы әртүрлі негізгі

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/11-
Дәріс кешені	84 беттің 42 беті

саяси күштердің арақатынасын жағдайын, саяси мақсаттарының іс-жүзінде асырылу әдістерін, жолдарын қадағалап отырады.

2. Бағалау (аксеологиялық). Ол саяси құрылысқа, институттарға, іс-әрекеттерге және оқиғаларға саяси баға береді.

3. Реттеушілік, басқарушылық. Оның ерекшелігі-қоғамның саяси өмірмен тығыз байланысында. Соған орай ол адамдардың саяси өмірінде өзін-өзі ұстауына, іс-әрекетіне тікелей әсер етеді. Саяси дамудың үрдіс, бағдарын бақылай отырып, саясаттану қоғамдық оқиғаларды тиімді басқару үшін нақтылы мәлімет, мағлұматтар береді.

4. Жетілдірушілік. Бұл ғылым саяси институттар мен қатынастарда, басқаруда реформалар жасап, оларды қайта карауда теориялық негіз болады. Оның көмегімен заң шығарушы және атқарушы органдар қабылдайтын құқықтық жарғылармен саяси-басқарушылық шешімдер алдыа ала сарапқа салынып, зерттеледі, қоғам немесе оның жеке аймақтарында қалыптасып жатқан нақтылы жағдайлар саяси тұрғыдан талданады.

5. Болжамдық. Саяси зерттеулердің құндылығы саяси процестердің үрдісін айнытпай бейнелеумен ғана тынбайды. Ол белгілі бір саяси жағдайларда алдыңғы қатарлы, озық саяси өзгерістер жасауға бағытталған ғылыми негізделген болжаумен аяқталуы тиіс. Саяси ғылымының түп мақсатыда сонда

6. Методологиялық функция саясат пен саяси жүйенің, саяси партия мен қозғалыстардың пайда болу заңдылықтарын ашып, саясатқа адамдарды тартудың формалары мен әдістерін көрсетіп соған жол ашады.

Ежелгі дәуірдегі саяси ғылымға мол мұра қалдырған ежелгі грек ойшылы Платон, ол б.з.б. 427-347 жылдарда өмір сүрген. Шын аты Аристокл. Спортпен көп шұғылданғандықтан, жауырыны кең болыпты. Сондықтан «плотный» Платон атанып кеткен. Осы атымен тарихта мәңгілік қалды.

Платон атақты ғалым Сократтың мектебінде оқиды. Кейін Афиныда өз академиясын ашады. Платонның екі жүзге тақау еңбектері бар. “Мемлекет”, “Заңдар” т.с.с. саясатқа байланысты шығармалары бар.

Платонның ойынша қажеттілік мемлекетті тудырады. Себебі, біреу егіншілікпен, біреуі мал шаруашылығымен, енді біреу қолөнермен айналысады. Кейін өз қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін айырбас жасайды. Халық тек бірігіп қана өмір сүре алады деген. Платон адамдарды үш топқа бөлген:

1.Әкімдер.

2.Қорғаушылар.

3.Өндірушілер.

Әкімдер - табиғи жаратылысынан шындықты, ақиқатты, танып біле алатын адамдар болуы керек деген.

Қорғаушылар - мемлекетті қорғайды.

Өндірушілер - мемлекетті материалдық жағынан қамтамасыз етіп отырады. Бір таптың екінші тапқа өтуіне болмайды. Әркім өз міндетін атқарады. Ешкім бай-кедей болмағанын қалады деген. Сонымен қатар Платон қоғамдық меншікті қолдады. Ал жеке меншіктің болуы; талас-тартыс туғызады деп түсінді. Мұнда әкімдер мен қорғаушылардың мүддесі ортақ болса, ортақ игілік үшін адал еңбек етеді деп айтқан, яғни барлығының ортақ болғанын жөн көрді. Оларды мемлекет қорғайды деп түсінген.

Платон мемлекеттік құрылысты беске бөлді:

1.Аристократия - мемлекетті ақсүйектер билейді.

2.Тимократия - мемлекеттік билік бірадам қолында болады.

3.Олигархия - мемлекет аз ғантай топ қолында болады.

4.Демократия - мемлекет халықтың қолында болады.

5.Тирания - мемлекет күшпен басып алушы қолында болады.

Платонның ойынша бұлардың ішінде ең тиімдісі – аристократиялық мемлекет түрі. Мұнда ақыл-естілік, парасаттылық билейді, оның принциптері - адамгершілік, абырой, ар-намыс деп саналады. Ежелгі Рим ойшылы Марк Тулий Цицерон (б.з.д. 106-43ж.) саяси даму тарихында айтарлықтай із қалдырған. Оның "Мемлекет туралы", "Заңдар туралы", "Міндеттер туралы" деген еңбектері бар.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 43 беті

Цицеронның ойынша мемлекет меншікті қорғау, адамдардың бірігіп өмір сүруге тырысатын табиғи талабынан туады. Мемлекетті үшке бөлген:

1. Патшалық билік.
2. Аристократия.
3. Демократия.

Цицерон мүлктік теңдік идеясына қарсы болды, қоғамдық-саяси қатынастарда әлеуметтік жіктелу мен теңсіздікті әділеттілік деп санады.

3. Ортағасырлық саяси ойлардың дамуы. Ортағасыр ойшылдарының саяси идеялары Феодалдық теологиялық идеологияның үстемдігі.

Мемлекет алдындағы шіркеудің беделінің негізделуі. Табиғат пен қоғамның заңдары - мақсатқа жетудің ережелері - Ф. Аквинский ХІІІ ғ.

Мемлекеттің діни мәнінің тұжырымдамасы: әлемдік тәртіпті құдай жаратқан. Өкіметті сөзсіз тыңдау, келісімділік уағызы. Дегенмен, адамдар жаратқанның алдында да, жер бетінде де тең. Шіркеудің рухани диктатурасымен күрес, саяси құрылысты өзгерту үшін зорлықты жоққа шығару. Орта ғасырда феодалдық қоғамның орны ерекше болды. Батыс Еуропада феодализм мың жылдан астамға созылды. Бұл уақытта дін үстемдік етті. Патша шіркеуге бағынышты болуы керек деді, ал аксүйектер көңісі келмеді.

Бұл кезде христиан дініне зор еңбек сіңірген Аврелий Августин (354-430) еді. Ол христиан фәлсафасының негізгі қағидаларын зерттеп, жетілдірді. Оның саяси көзқарасы "Құдай қаласы туралы" деген еңбегінде баяндалған.

Августин барлық әлеуметтік, мемлекеттік және құқықтық мекемелер мен заңдарды адамның күнәсінің нәтижесі деп санады. Құдай адамға еркіндік береді, яғни адамдардың құдай жолымен өмір сүруге мүмкіндігі бар. Осыған байланысты адамдарды екіге бөлген: Құдай жолымен өмір сүрушілер - болашақта құдаймен мәңгілік патшалық құрады. Адам жолымен өмір сүрушілер - жын-шайтаннан мәңгілік жапа шегеді. Христиан дінінің саяси теориясын негіздеп, шыңына жеткізген монах Фома Аквинский (1225-1274) болды. Оның "Билеушілердің басқаруы туралы", "Психологияның жиынтығы" деген еңбектері бар. Оның ойынша жалғыз адам өз мұқтаждығын, қажеттігін жеке-дара қанағаттандыра алмайды. Сондықтан бірігіп өмір сүру үшін мемлекет керек. Мемлекеттік биліктің мақсаты "ортақ игілікке жету", адамдарға лайықты, ақылға сыйымды өмір сүруге жағдай жасау, барлығы жоғары тапқа бағынуы керек деп санаған. Ф. Аквинскийдің ойынша билік құдайдың құдіретімен орнайды. Сондықтан патшалық билік діни билікке бағынуға тиіс. Аспанда құдай жерде Рим папасы билік етуі керек деген.

4. "Қайта өрлеу" және "Ағарту" дәуіріндегі саяси ойдың ерекшеліктері.

Қайта өрлеу дәуірінің төмендегідей ерекшеліктері бар. Саяси ғылымның теологиядан оқшаулануы, мемлекеттің пайда болуының табиғи идеяларын негіздеу. Мемлекет туралы жүйелі ілім қалыптастыруға ұмтылу, "Мемлекет" деген ұғымды енгізу. Буржуазиялық мемлекеттің абсолютизмнен республикаға дейінгі формаларын тұжырымдау. Буржуазиялық саяси-құқықтық ойлардың пайда болуы. Азаматтық қоғам және қоғамдық келісім теориясының өкіметті бөлісу принципі туралы ілімнің қалыптасуы.

XVI ғасырдағы алғашқы утопиялық социализм және XVII-XVIII ғасырлардағы сыншыл утопиялық социализм. Қоғамдық дамудың, білімнің, ақыл-ойдың рөлін дәріптеу. Гуманизм, адам құқы мен бостандығы идеяларын жария ету. Саяси басқару нысандарының ауысу заңдылықтары мен әлеуметтік күрестің мойындауы - саяси өзгерістердің қозғаушы күші. Феодализм ыдырап капитализм орнай бастады. Католик шіркеуінің озбырлығы мен оның діни қағидаларына қарсы шыққан халық адам құқығын, ар-намысын қорғауға ұмтылды. Бұл уақыт "Қайта өрлеу" немесе "Гуманизм" деп тарихқа енді. Реформациялау, яғни шіркеуді өзгерту демократияландыру басты мақсат болды. Бірақ гуманистер халыққа сенбеді.

"Қайта өрлеу" дәуірінің негізін салушы Николло Макиавелли (1469-1527) болды. Оның "Патша", "Тит Ливийдің бірінші онкүндігі жайлы ойлар", "Флоренцияның тарихы", т.с.с. еңбектері

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		39/11- 84 беттің 44 беті

болған.Макиавелли дінге қарсы болды. Тұңғыш рет мемлекет ұғымын енгізді. Макиавеллидің ойынша мемлекет басқарушы мен бағынушының қарым-қатынасы. Ол Республикалық мемлекеттік еркіндікті, теңдікті аңсады. Мемлекет ерікті болса ғана, қуатты, абыройлы болады деп сенді. Максатқа жету үшін амал айланың қай түрін болсын қолдануды сұрады.

5. Жаңа және жаңаша дәуірдегі саяси ойлар. Жаңа және жаңаша дәуірдегі идеялар

1. XVIII ғ. аяғы - XIX ғ. басындағы "Философиялық революция": И.Кант, И.Вихте, Ф.Шеллинг, Гегельдің саяси ілімі азаматтық қоғам, мемлекет, үш үкімет, тәуелсіздік, әлемдік Рух;
2. Сыншыл утопиялық-социализм - Сен-Симон, Ш. Фурье, Р.Оуэн; капитализмді күрт сынау, қоғамдық меншіктің пайдасына бола жеке меншікті жоққа шығару, еңбек басты тұтыным жеке адамның дамуы революцияны жоққа шығару.
3. Революциялық демократиялық утопиялық социализм-Н.Чернышевский, А.Герцен, В.Белинский, Н.Добролюбов. Қоғамды революциялық жолмен жанартуды қолдау, халықтың күшіне сену орыс шаруаларының қауымдастығы негізіндегі социализм.
4. Марксизм-ленинизм - К.Маркс, Ф.Энгельс, В.И.Ленин. Капитализмнің тарихи күйреуінің сөздігі және коммунистік қоғам құру Әлеуметтік социалистік революция және социализм теориялары. Әлемдік революциялық процесс. Социализм құрылысының жолдары.

Жаңазаман XVII ғасырдағы Англиядағы буржуазиялық революция тұсында басталды. Бұл дәуірдің көрнекті өкілдерінің бірі – ағылшын ойшылы Томас Гоббс (1588-1679). Оның ойынша мемлекет жалпыға бірдей бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін керек. Адамдар өз тілектері мен еріктерін шектеп, барлық билікті мемлекетке береді. Францияда буржуазиялық революцияның өкілі Шарль Луи Монтескье (1689-1775) әр халықтың адамгершілік бейнесін, оның заңдарының айырмашылығын, қоғамның дамуын географиялық ортамен байланыстырды. Мемлекет азаматтарды тіршілікке қажетті қаражатпен қамтамасыз етуге міндетті деген ұстанымда болды.

Францияның тағы бір ойшылы - Жан-Жак Руссо (1712-1778) ұсақ буржуазияның шаруалардың мүддесін қорғады. Ол еркіндік пен теңдікті ең жоғары игілік деп санады. Мемлекет шектен тыс байлық пен кедейлікке жібермей, адамдар арасында теңдікті сақтауы керек.

Американың ойшылы Томас Джефферсон (1743-1826). Ол Америка Құрама Штатының "Тәуелсіздік декларациясын" жазды. Декларацияда адамдардың табиғи құқығы мемлекет белгілеген заңдардан жоғары тұруы керек. Жаратушы барлық адамдарды тең етіп жаратты және олардың өмірге, бостандыққа, бақытқа тырысуына құқығы бар делінген. Келесі ойшыл-Томас Пейн (1737-1809). Ол Америка халқын азаттық күреске шақырды. Ол бірінші болып қоғам мен мемлекетті ажыратты. Оның ойынша, мемлекетті қоғам тудырды. Үкіметтің мақсаты қауіпсіздікпен бостандықты қамтамасыз ету. Пейн соғысқа қарсы болды, бейбітшілікті жақтады.

Германияның ойшылы Иммануил Кант (1724-1804). Оның "Космополиттік көзқарас жөніндегі жалпы тарихтың идеялары", "Өмірлік бейбітшілікке" деген еңбектері бар. Оның ойынша адам бір іс бастағанда өнегелік, адамгершілік заңын басшылыққа алу керек. Ол басып алушылықты, тонаушылық соғысты, оған дайындықты әшкерледі. Мемлекеттер арасындағы халық аралық сауда мен өзара қарым-қатынасты бейбітшілікті орнату мен сақтаудың құралы деп білді.

Пролетариат күресінің алғашқы кезеңінде Сен-Симон. Фурье, Оуэн сияқты социалист-утопистер болды. Әркім өз қабілетіне қарап еңбек ету, ақы алу сияқты пікірлер айтты. Олар материалдық игіліктерді әділ бөлу мәселесіне баса назар аударды.

6. К.Маркс пен Ф.Энгельстің саяси идеялары

1. Капиталистік қоғамды жою туралы қажеттілік.
2. Коммунизмді құру идеясы.
- 3.Саясат туралы жалпы теориялық және методологиялық ойлары.
- 4.Тап күресі, пролетариаттың тарихи міндеті және оның одақтар туралы пікірлері.
5. Мемлекет, пролетариат диктатурасы туралы тұжырымдама.
- 6.Жұмысшытобыныңазаттықкүресіндекоммунистікпартияныңжетекшіліккөрілі.
- 7.Пролетариаттар күресінің стратегиясы мен тәсілдері жөніндегі принциптері.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 45 беті

8. Ғылыми социализмнің коммунистік қоғамның негізгі белгілері, мәні сипаты туралы қағидалары.
9. Соғыс және әскер, революция жеңістерін қорғау тұрғысындағы саяси ойлар.
XIX ғасырдың бірінші жартысындағы буржуазиялық қоғамның таптық күресінің шиеленіске бастауы - марксизм теориясын тудырды.

К.Маркс (1818-1883) философия мен саяси экономияда жаңалық ашты: өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар салдарынан қақтығыс туып, аяғы социалистік революцияға айналады, басты рөлде – пролетариат болады. Олар шаруамен одақтасуы қажет деді.

К.Маркс пен Ф.Энгельс пролетариат диктатурасы туралы ілімді дүниеге әкелді. Ал басшылық жасаушы-коммунистік партия болады деген тұжырымдама жасады.

7. В.И.Лениннің саяси теориялық көзқарастары. В.И.Лениннің идеялары

В.И. Ленин төмендегідей идеялар ұсынды:

1. Жаңа тұрпатты саяси партия туралы ілім.

2. Жұмысшы табының одақтары туралы маркстік идеяларды жаңа жағдайға байланысты тұжырымдауы.

3. Социалистік революцияның лениндік теориясы.

4. Жаңасаясижағдайдакоммунистікпартияныңстратегиясыментәжірибесінұсынуы.

5. Буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы, империализм туралы пікірлері.

6. Пролетариат мемлекетінің ұлт саясаты жөніндегі теориялары.

7. Социализм тұжырымдамасының негізгі бағыттары.

В.И.Ленин (1870-1924) К.Маркс пен Ф.Энгельстің ізбасары болды. Ол капитализм дамуының, империалистік сатысының заңдылықтарын зерттеді. Жаңа тұрпатты партия туралы ілімді жасады және соның ұйымдастырушысы болды. Жаңа қоғам құру ісін Ленин елді индустрияландыру мен ауыл шаруашылығын кооперациялаумен және мәдени революцияны жүзеге асырумен байланыстырды. Марксизм-ленинизм идеясы коммунизм кезінде мемлекет, саясат болмайды деп ұқты.

8. Қазақ жеріндегі ойшылдар

Қазақ халқының рухани мұрасы да саяси ой-пікірлерге бай. Қазақтың алғашқы философы, әлеуметтанушысы. Математигі, физигі, астрономы, ботанигі, логика және тіл маманы, музыка зерттеушісі Әбу Насыр Мұхаммед Ибн Тархан әл-Фараби 870-950 жылдары өмір сүрген. Ол екінші Аристотель атанған. Барлығы 160-тан астам трактат жазған. "Бақытқа жету жолдары", "Саясат туралы", "Азаматтық саясат" деген еңбектері бар. Әл-Фараби басқару түрін екіге бөлген:

1. Қайырлы – халықты бақытқа апарады.

2. Қайырымсыз – мұнда теріс әрекеттер болады. Әл-Фарабидің айтуынша адам бақытты болуға лайықты, сондықтан сол ол бақытын табуға тиіс. Оған ол тынымсыз еңбек арқылы ғана жетуге болады дейді.

Ұлы дана халықтар достығын қолдады. Қазақ даласындағы ойшылдардың бірі — Жүсіп Хас-хаджиб Баласағұни (1021-1075). Ол - ақын, философ, қоғам қайраткері болған. "Құтадғу білік" (Құтты білік) деген дастаны бар. Ол түрік тілінде жазылған. Мұнда адамның тағдыры, қоғамдағы орны мен рөлі, халықтың санасы, әдет-ғұрпы, т.с.с берілген. Өмірден әділ заңды, еркіндікті аңсаған.

Қазақ халқының, тарихында өшпес із қалдырған хандар да бар. Олар Қасым, Есім, Тәукехандар, "Қасымханның қасқа жолы", "Есім ханның ескі жолы" деп халық олар жасаған заң, тәртіптерді көпке дейін ұмытпаған.

Ал Тәукехан "Жетіжарғы" деп аталған қазақ әдеп-ғұрып заңдарының жиынтығын жасады. Мұнда құқықтық тәртіп деп мемлекеттік құрылымының негізгі принциптері айқындалды. Ол "халық кеңесі" мен "Билер кеңесін" тұрақты орган ретінде қалыптастырып, рөлін арттырады. Тәуке хан қазақ қоғамына түбегейлі өзгерістер әкелген ірі реформатор болды.

Қазақтың белгілі ойшысы-Шоқан Уалиханов (1835-1865). Ол ғалым. ағартушы-демократ, саяхатшы, этнограф, зерттеуші. Халықты патша-шенеуліктері мен жергілікті байлардың зорлық-зомбылықтарынан қорғауды, қолынан келгенше оның рухани және мәдени өркендеуіне ықпал жасауды

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 46 беті

өзінің мақсат-мүдесі деп білді. Шоқанның ойынша, халықты қанаудан құтқару үшін билікті жою керек, сонда ғана халық бақытты болады. Қазақ еліндегі тәртіпті өзгертудің жолдарын іздеді. Қоғамдық құрылыстың жаңартудың жолы ретінде реформаны таңдады. "Сот реформасы жайындағы хат" деген еңбек жазды. Сол реформаны іске асыру үшін көп зерттеулер жүргізген.

Саясатқа атсалысқан тұңғыш ұстаз – Ыбырай Алтынсарин (1841-1889) халықты дүниеге "дұрысқөз қараспен" қарауға тәрбиелеуді өзінің негізгі мақсаты етіп қойған. Тек білім, ағартушылық қана бұқара халықты билеп-төстеушілердің қысым қыспағынан құтқара алады деп, барлық күш-жігерін олардың білімін көтеруге арнаған. 1887ж. Ырғызда 20 адамдық интернат және қазақ қыздарына арнайы мектеп ашқан. Қазақ даласының ғұлама ойшылы - Абай Құнанбаев (1845-1904). Ол қазақ халқының мүддесі үшін күресте достық, татулық, бірлік- керектігіне назар аударды. Ол адамның "ақыл, ғылым, қайрат" арқылы жоғары дәрежеге көтеріліп, асқақтайтындай қоғамның прогрестік дамуын аңсады.

4. Иллюстрациялық материал: презентация

https://docs.google.com/presentation/d/1vQr6kmMsj4oZwh9Vc-l-24OBIafqUKxa/edit?usp=drive_web&ouid=106659929443614445216&rtpof=true

5. Әдебиет:

Қазақ тіліндегі негізгі:

1. Әлеуметтану: оқу құралы / М. А. Ертаев, С. М. Тасқынбаева, Ф. М. Каратаева. - Қарағанды: ЖШС «Medet Group», 2020. - 330 бет.
2. Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 208 с.
3. Жаныбеков М.А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: дәрістер кешені/ ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі. ОҚМФА. «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндері». - Шымкент: [б. и.], 2015. - 101 б.
4. Сыдықов, Ұ. Саясаттану: оқулық. - Алматы: New book, 2022-96 бет
5. Бринкерхоф, Д.Әлеуметтану негіздері: оқулық / Д. Бринкерхоф, Р. Уейтс, С. Ортега; Қаз.тіл.ауд.С.А Амандосова[және т.б.]. - 9- басылым. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 464 б. с.: (Рухани жаңғыру).
6. Ритцер, Д. Әлеуметтану теориясы: оқулық / Д. Ритцер, Д.Степницки; қаз. тіл. ауд. Г.О. Әбдікєрова [және т.б.]. - 10- басылым. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856 б.: (Рухани жаңғыру).
7. Әлеуметтану: жаңа буынға арналған оқулық / А. Н. Тесленко, Ж. Ж. Сембина, А. Т. Аязбаева; ҚР білім және ғылым министрлігі. «ҚазГЮУ университеті» АҚ. - Қарағанды: ЖШС «Medet Group», 2015.
8. Забєрова, А. Т. Практикалық әлеуметтану: оқу құралы / А. Т. Забєрова. – Алматы: Эверо, 2014. - 206 бет
9. Нысанбаев, Ә. Социология: оқулық. - Алматы: Эверо, 2014.
10. Әбсаттаров, Р. Әлеуметтік: өзекті мәселелер. (Екі томдық оқу құралы). 1,2-том: оқу құралы / Р. Әбсаттаров, М. Дәкєнов ; ҚР Білім және ғылым министрлігі. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Пед. ун. - 2-ш. бас., толық. - Алматы : Қарасай, 2015. - 408 с..
11. Әженєв, М. С. Қоғамның әлеуметтік құрылымы : оқу құралы Алматы : Эверо, 2014

Қазақ тіліндегі қосымша:

1. Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігі = Dictionary of the social sciences / сөздік; ред. К.Калхунның. - Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 480 бет: (Рухани Жаңғыру).

QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		39/11- 84 беттің 47 беті

- Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016.
- Решетников, А. В. Медицина әлеуметтануы: оқулық / А. В. Решетников; ред. Т. Қ. Рақыпбеков; қаз.тіліне ауд. А. М. Марқабаева; жауапты ред. Т. Қ. Рақыпбеков. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2015.
- Армстронг, К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: құдайтану баяны = A History of God The 4000-year Quesf of Judaism.Christianity and Isiam: монография / К.Армстронг; ауд. Д. Кенжетай [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 432 б. с.: (Рухани жаңғыру).
- Андерсон Джеймс Э. Мемлекеттік саясат = Public Policymaking : оқулық / Джеймс Э. Андерсон ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Х.Ғ. Масадиков. - 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 448 б. с
- Синглтон Ройс А. Әлеуметтік зерттеу әдістері = Approaches to Social Research : оқулық / Ройс А. Синглтон, Брюс С. Стрейтс ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Н.Ә. Муминов. - 6-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 816 б. с
- Хейвуд Эндрю. Саясаттану = Politics : оқулық / Эндрю Хейвуд ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 5-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 520 б. с
- Коннолли Мэри. Әлеуметтік жұмыс: контексі мен практикасы = Social Work:Contexts and Practise : оқулық / Мэри Коннолли, Луиза Хармс, Джейн Мейдмент ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б. Мизамхан. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 384 б. с
- Нортхауз Питер. Көшбасшылық: теория және практика = Social Work:Contexts and Practise : оқулық / Питер Нортхауз ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.М. Икрамова. - 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 560 б. с.
- Постон Дадли Халық саны және қоғам. Демографияға кіріспе = Ethnography. Principles in Practise : оқулық / Дадли Постон, Леон Ф. Бувье ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 488 б. с
- Смитт Энтони Д. Ұлттың этностық тамыры = The Ethnic Origins of Nations : оқулық / Энтони Д. Смитт ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. И. Алибаева. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 388 б. с
- Хаммерсли Мартин. Этнография: зерттеу принциптері = Ethnography. Principles in Practise : оқулық / Мартин Хаммерсли, Пол Аткинсон ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Мусина. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 400 б. с

Электронды оқулықтар

- Основы антикоррупционной культуры [Электронный ресурс]: учебное пособие / под ред. Б. С. Абдрасилова. - Электрон. текстовые дан. (702Мб). - Астана: Акад. Гос. упр. при Президенте РК, 2016. - 176 с.
- Гендерная социология. Акбаева Л.Н., 2017. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
- Әлеуметтану. Ертаев М.А., Таскымбаева С.М., Қаратаева Ф.М., 2020. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 48 беті

4. Әлеуметтану. Тесленко А.Н., Сембина Ж.Ж., Аязбаева А.Т., 2019. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
5. Решетников, А. В. Социология медицины / Решетников А. В. - Москва: ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 864 с. - ISBN 978-5-9704-3067-5. - Текст: электронный. <http://rmebrk.kz/>
6. Тәжітаева, Р.С. Саясаттану: Электрондық оқулық. - Жетісай: «Сырдария» университеті, 2016. <http://rmebrk.kz/>
7. Ритпер, Д., Степнишки, Д. Әлеуметтану теориясы: Оқулық. - 10-басылым - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856б. - ISBN 978-601-7943-17-2. <http://rmebrk.kz/>

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Саясаттану пәнін анықтаудағы негізгі бағыттарын ата.
2. Саясаттанудың әлеуметтік-гуманитарлық білім жүйесіндегі орнын көрсет.
3. Саясаттанулық зерттеудің қандай әдістерін білесіз?
4. Саяси ғылымның қалыптасу және даму кезеңдерін атаңыз.
5. Орта ғасырдағы саяси идеяларды сипаттаңыз.
6. Утопиялық социализм идеяларындағы мінсіз қоғамдық құрылыстың мәні неде?
7. Қазақ ағартушыларының саяси көзқарастары қандай?

№7 дәріс

1. Тақырыбы. Саяси билік: мәні мен жүзеге асыру механизмдері. Саяси элиталар және саяси көшбасшылық. Қоғамның саяси жүйесі.

2. Мақсаты: қоғамда саяси биліктің қызмет ету мәні мен ерекшеліктерін ашу.

3. Дәрістің тезистері:

1. Саясат түсінігі. Саясат функциялары. Саясаттың қоғамның басқа да салаларымен өзара әрекеттестігі.
2. Қазақстан Республикасының қоғам модернизациясы кезеңіндегі саясаты.
3. Саяси биліктің мәні, оны анықтаудағы түрлі әдістер (бихевиористік, телеологиялық, жүйелік, релятивистік). Биліктің функциялары. Саяси биліктің объектісі мен субъектісі, қайнар көздері, қорлары. Биліктің деңгейлері.
4. Саяси және мемлекеттік билік. Саяси биліктің легитимділігі және оның көздері. Егеменді Қазақстандағы мемлекеттік билік.

Саясаттануда саяси билік теориясы негізгі орын алады. Ол саясатпен тығыз байланысты және саясаттың, саяси институттар мен барлық саясат әлемінің мәнін түсініп – білуге мүмкіндік береді. Саясаттың негізгі мәселесі – билік, ал мазмұны – билік үшін күрес және билікті жүргізу.

Билік адамзат қоғамымен бірге пайда болады және оның даму барысында бола бермек. Ол ең алдымен қоғамдық өндірісті ұйымдастыру үшін керек. Онсыз барлық қатысушы адамдарды біртұтас ерікке бағындыру қиын. Билік адамдар арасындағы қарым – қатынастарды, адамдар, қоғам мен мемлекеттік саяси институттар арасындағы қатынастарды реттеуге міндетті. Ол қоғамның тұтастығы мен бірлігін қолдау үшін керек.

«Билік» деген сөз әр түрлі мағынада қолданылады. Оны ықпал ету бағытына, объектісіне байланысты былай етіп бөледі: ата – аналар билігі, мемлекеттік, экономикалық, саяси, әлеуметтік, құқықтық, әскери, рухани билік және т. б. Бірақ биліктің толық мағынасы мемлекеттік – саяси салада ғана айқындалады.

Сондықтан саяси билік биліктің ең басты түріне жатады.

Биліктің басқа түрлерімен салыстырғанда саяси биліктің мынадай ерекшеліктері бар: оның өктемдік сипаты (ол басқа биліктерден жоғары тұрады, оның шешімдерін қалғандары орындайды), оның бүкіл қоғамның атынан билік жүргізуі, басқарумен кәсіби айналысатын адамдардың ерекше тобының болуы, оның көпшілік адамдардың мүддесін қозғауы, басқа мекемелерге қарағанда билік органының тәуелсіздігі, қоғам өмірінің жұмыс тәртібін белгілеуде жеке – дара құқығы, мемлекет шеңберінде ашық күш қолдана алуы және т. б.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		
		39/11- 84 беттің 49 беті

Саяси билік бар жерде теңсіздік бар. Мұнда біреулер билік етуге құқықты да, екіншілері оларға бағынуға міндетті. Бұл теңсіздік неден туады? Ол үшін саяси биліктің қарамағында теңсіздікті қамтамасыз ететін әдіс – құралдары бар. Оған жататындар:

Экономикалық қор. Қандай саяси билік болмасын оған қаржы – қаражат керек. Мысалы, сайлау науқанын өткізу үшін ондаған миллион ақша жұмсалады. Мемлекет тарапынан бөлінген қаражат жетіспегендіктен шет елдерде үміткерлер жеке бай адамдардың, бірлестіктердің көмегіне сүйенеді. Билеуші аппаратты ұстау үшін қаншама қаржы кетеді. Оның үстіне, әдетте, билік басына келген топ өзінің экономикалық бағдарламасымен келеді.

Әлеуметтік әдіс – құралдар. Үстемдік етіп отырған билік өзін қолдайтын, оның одан әрі өмір сүруіне мүдделі адамдар іздейді. Ондай рөлді ең алдымен оның мәртебелі, абыройлы, жалақысы мол қызметтерді атқаратын, көптеген жеңілдіктермен пайдаланатын қызметкерлерді орындайды. Қазіргі Батыс елдерінде үстемдік етіп отырған саяси билікті сақтауға халықтың көпшілігі мүдделі. Себебі, оларда орта деңгейде тұратын адамдар көп, саяси билік басына келгендер соларға арқа сүйейді, көпшілікті мұқтаждық жағдайға жібермейді, елдерінде әлеуметтік әділеттілік, халықты сақтандыру кең дамыған. Мысалы, зейнеткер жұмыс істеп жүргенде алған жалақысының 90% - ға дейінгісін ала алады, неше түрлі қайырымдылық қорлары жұмыс істейді және т. с. с.

Күш жұмсау құралдары. Олар мемлекетті қорғайды, ішкі тәртіпті сақтайды, саяси билікті құлатуға әрекет жасаушыларға мүмкіндік бермейді. Оған жататындар: әскер, полиция, қауіпсіздік органдары, сот, прокуратура және т. т. тарихи тәжірибеге сүйенсек, саяси билік оларды өз мақсаттарына әсіресе экономикалық және саяси дағдарыстар кезінде жиі пайдаланады. Оның арнайы дайындалған адамдары болады.

Ақпарат құралдары. Қоғамдық пікір тудырып, саяси өмірге ықпал ету жағынан оны төртінші билік деп те атайды. Кейбір саяси қайраткерлер кім теледидарды бақыласа, сол бүкіл елді бақылай алады деп санайды. Шынында да, олардың мүмкіншіліктері мол. Әсіресе, әрбір үйде радио, теледидар бар кезде адамдар өз елдеріндегі жағдайды ғана емес, дүние жүзінде не болып, не қойып жатқанын көріп – біліп отырады. Ақпарат құралдарының маңызы шын мәнінде сөз, баспасөз бостандығы берілген, оппозициялық партиялар бар елдерде арта түседі.

Ақпарат құралдарымен қатар билікті жүргізуде информациялық қордың да маңызы зор. Білім мен ғылыми мағлұматты алу, оларды тарату бүгінгі таңда алдыңғы қатарлы орындарға шығуда. Кейбір ғалымдардың (жапондықтардың) айтуынша, информация кімнің қолында болса, 21 ғасырда билік соның қолында болады дейді.

Саяси билік әлеуметтік институттар арқылы жұмыс істейді. Ол ұйымдар, мекемелер, техникалық, информациялық, адамдық жайттар, қоғамдық қатынастарды ұйымдастыру мен реттеуді қамтамасыз ететін ережелер арқылы іске асады.

Биліктің қайнар көзі, бастауына бедел, күш, байлық, заң, адамның қоғамдағы алатын орны, ұйым, мүдде, білім және хабарлама ақпараттар жатады.

Билікті жүзеге асырғанда құқық, бедел, сендіру, әдет – ғұрып, дәстүр, амал – айла, қулық, күштеу, зорлау, еріксіз көндіру сияқты әдіс – амалдар пайдаланылады. Оны жүзеге асырудың түрлеріне үстемдік жүргізу, басшылық ету, үйлестіру, ұйымдастыру, бақылау жатады.

Саяси биліктің өзіндік қызметтері болады. Оған жататындар: қоғамның саяси жүйесін қалыптастыру; оның саяси өмірін ұйымдастыру (ол мемлекет пен қоғам, таптар мен топтар, ассоциациялар, саяси институттар, мемлекеттік басқару органдары мен аппараттары, партиялар, азаматтар және т. б. арасындағы қатынастарды қамтиды); әр түрлі деңгейдегі қоғам мен мемлекеттің істерін басқару; өкімет органдары, саяси емес процестерге басшылық жасау; саяси және басқа қатынастарды бақылау және түштеп келгенде, белгілі бір қоғамға сәйкес басқарудың түрін, саяси тәртіпті және мемлекеттік құрылысты (монархиялық, республикалық), ашық не жабық (басқа мемлекеттерден оқшауланып, қоршауланып алған, автаркиялық) қоғамды құру, қоғамдық тәртіп пен тұрақтылықты қолдау; дау – дамай, шиеленістерді ашып, оларға шек қою және дер кезінде шешу; қоғамдық келісімге, мәмілеге келу және т. б.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 50 беті

Қоғамда билік өзара тығыз байланыстағы 3 деңгейде ұйымдастырылып, жұмыс істейді: 1) жоғары орталық саяси институттар, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдарды басқару органдары кіретін өте ірі деңгей; 2) ортабуынды аппараттар мен мекемелерді қамтитын және аймақтық, облыстық, аудандық шеңбердегі жергілікті әкімшілік билік (әр түрлі мекемелер, агенттіктер, комиссиялар, кеңестер, префектуралар және т. б. мекемелер) кіретін орта деңгей; 3) адамдар, кішігірім топтар, ұйымдар, одақтар, өндіріс және басқа ұжымдар арасындағы қоғамдық қатынастардың негізі, арқауы болып табылатын, саяси және қоғамдық өзін - өзі басқару өрісін құрайтын кіші деңгей.

Билік мәселесін қарастырғанда саяси биліктің «субъектісі» және «иелік етуші» деген ұғымдарға назар аударуға тура келеді.

Субъект деп іс - әрекетті жасаушы, объекті өзгертуші жеке адам, әлеуметтік топ, тап, партия, мемлекетті айтады. Саяси билікті жүзеге асыру үшін арнайы ұйымдар мен мекемелер құрылып, субъект оларға өкілдік береді. Олар билікті қолданушы, қорғаушы, «иелік етуші» болып есептеледі. Басқа сөзбен айтқанда, субъект билікті «иелік етушілер» арқылы жүргізеді. Сондықтан мұны түсінбейтін адамдар билікке «иелік етушілерді» биліктің өзімен шатастырады немесе «иелік етушілерді» билік субъектісінен тәуелсіз деп санайды. Мысалы, мұндай адамдар кез келген шенеунікті, ұйым немесе мекеменің, саяси, әкімшілік, шаруашылық бастықтарын билік иесі деп ұғады. Олардың іс - әрекеттері туралы шағым арыз беруге болмайтын сияқты көрінеді. Мұндай түсінік субъекті енжарлыққа, керенаулыққа әкеліп соқтырады, биліктен шеттетіледі. Олар өз тағдырын белсенді түрде өзі шешетін мүмкіншілігіне сенімі азаяды.

Биліктің субъектісіне жеке адам немесе партиялар, ұйымдар және т. б. жатады делік. Бірақ олар бәрі бірдей билік жүргізе алмайды. Сондықтан мұндай құқық адамдардың, ұжымдардың, партиялардың, таптардың, топтардың белгілі бір бөлігіне ғана беріледі. Бұдан келіп билік етуге сенім білдіру мәселесі туады.

Демократиялық саяси жүйе ойдағыдай өз ісін атқаруы үшін, әдетте, мемлекеттік билікті заң шығарушы, атқарушы, сот билігі етіп үш тармаққа бөледі. Оның негізін салушы ағылшын ойшылы Джон Локк (1632 – 1704) пен француз ғалымы Ш. Л. Монтескье (1689 – 1753) болды.

Заң шығарушы билік (парламент) заң шығарумен, оны бекіту, өзгерту немесе жоюмен айналысады. Ол заң қабылдайды, салық салуды анықтайды, үкіметті тағайындайды, бюджетті бекітеді, соғыс ашып және армияны қамтамасыз етеді, сауданы реттейді, сотты ұйымдастырады, халықаралық келісімшарттарды қабылдайды, саясаттың маңызды ішкі және сыртқы бағытын айқындайды. Оның жұмысына конституция атынан ерекше органдар (конституциялық қадағалау, конституциялық сот) бақылау жасайды.

Атқарушы билікке үкімет пен әкімшілік жатады. Оларды заң шығарушы өкілдік органдар қалыптастырады. Атқарушы билік заң шығарушы биліктің бақылауында болып, олардың алдында есеп береді. Оның жұмысы заңға негізделіп, заң шеңберінде іс істеуі керек. Сырттай қарағанда ол заң шығарушы билікке тәуелді. Бірақ іс жүзінде ол саяси жүйенің маңызды бөлігіне айналған және қоғамдық өмірде зор рөл атқарады. Үкімет саяси шешімдер қабылдайды (бірақ олар конституция шеңберінде болуы және заңға негізделуі керек). Ал әкімшілік ол шешімдерді жүзеге асырады.

Соттық билік адамдардың құқығын қорғайды, заңды бұрмалаушылықтан сақтайды, парламент не президент қабылдаған заңдардың, конституциялық жарғылардың сәйкестігін анықтайды. Оны халық немесе өкілетті мекемелер қалыптастырады. Ол заң шығарушы немесе атқарушы билікке тәуелсіз. Өз жұмысында тек заңды ғана басшылыққа алады. Егер жоғарғы сот мемлекеттік органның немесе қызмет адамының шешімін конституцияға қарсы десе, ол шешім толығымен күшін жояды. Соттың маңызды принциптеріне жариялылық, айыпкердің өзін қорғауға және сот үкімін бұздыру туралы шағым арыз беруге құқығы жатады.

Билік саяси және мемлекеттік болып екіге бөлінеді. Бұл мәселенің үлкен астары бар. Себебі, бұрынғы кеңестік дәуірде бұл ұғымдарды теңестіріп, бірыңғайлау саяси жүйенің барлық құрылымын мемлекеттендіруінің тәсілдемелік негізі болды.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/11-
Дәріс кешені	84 беттің 51 беті

Саяси билік таптық, топтық жеке адамның саясатта тұжырымдалған өз еркін жүргізу мүмкіндігін білдіреді. Ал мемлекеттің билікке барлық адамдарға міндетті заңдарды шығаруға жеке – дара құқығы бар заңдар мен ұйымдарды сақтау үшін ерекше күштеу аппаратына сүйенетін саяси биліктің түрі жатады. Бұдан біз саяси биліктің мағынасының мемлекеттік биліктен кең екендігін байқаймыз. Себебі, біріншіден, саяси билік адамзат тарихының барлық кезеңдерінде болған. Мысалы, алғашқы адамдық қауым кезінде ақсақалдар кеңесінің, веченің (Ежелгі Русьтегі азаматтар жиналысының түрі), вече соттарының және т. б. билігі болды. Екіншіден, саяси билік тек мемлекеттік аппарат арқылы ғана емес, сонымен бірге партиялар, кәсіподақтар, халықаралық ұйымдар (БҰҰ, НАТО және т. б.) сияқты саяси жүйенің басқа элементтері арқылы да билігін жүргізеді. Үшіншіден, мемлекеттік билік, жоғарыда көрсетілгендей, ерекше күштеу аппаратына сүйенеді және оның билігіне қоғамның барлық мүшелері тегіс бағынады. Мемлекеттік билік саяси биліктің ең жоғары, ең толық, ең дамыған түрі, оның өзегі болып табылады.

Мемлекеттік биліктің заңдылығы оның легитимділігінен білінеді. Легитимдік (латын тілінде заңдылық, шындық деген мағынаны білдіреді) дегеніміз халықтың үстемдік етіп отырған саяси билікті мойындауы, оның заңдылығы мен шешімдерін растауы.

Демократиялық жағдайда мемлекеттік билік легитимді болуы үшін мынандай екі шарт қажет: 1) ол халықтың қалауы бойынша қалыптасуы және көпшіліктің еркіне қарай орындалуы керек. Яғни, мемлекеттік биліктің иесін тура немесе жанама түрде белгілі бір мезгілде халық сайлауы керек және оның жұмысын бақылап отыруға мүмкіндік болуы тиіс; 2) мемлекеттік билік конституциялық қағидаларға сәйкес жүзеге асырылуы керек.

Мемлекеттік құқықтық тәртіптің легитимділігінің ең биік дәрежесіне конституция жатады. 1995 жылғы 30 тамызда Республикалық референдумда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы саяси билікке нақтылы легитимдік берді. Онда Қазақстан Республикасын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет деп жариялады. Оның ең қымбат қазынасы – адам мен адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Мемлекеттік биліктің бірден – бір бастауы – халық. Республикада мемлекеттік билік біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе – теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс – қимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылады. республика президенті мемлекет басшысы, оның ең жоғарғы лауазымды тұлғасы болып табылады. Ол – халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам мен адамзат құқықтары мен бостандықтарының рәмізі әрі кепілі. Парламент – заң шығарушы функциясын жүзеге асыратын республиканың ең жоғарғы өкілді органы. Сот билігі азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыруға арналған. Конституциялық Кеңес республиканың бүкіл аумағында Қазақстан Республикасының Конституциясы үстінен қарауды қаматамасыз ететін мемлекеттік орган болып табылады.

Биліктің жүзеге асырылуы тәсіліне және құрылысына қарай басқару түрі және мемлекеттік құрылысы болып бөлінеді.

Басқару түрі жоғары өкімет билігі жеке – дара, бір билеушінің қолында болып, ол әкеден балаға мұра ретінде қалатын түрін айтады. Оны хан, патша, император, король деп атауы мүмкін. (Монарх мемлекет басшысы болған кезде оған сол елдің король, император, ұлы герцог сияқты құрметті атағы бірге беріледі).

Монархия өз кезегінде абсолюттік (шексіз) және конституциялық болып екіге бөлінеді. Абсолюттік монархия деп жоғарғы өкімет билігі бүтіндей, тұтас, формальды түрде де шектелместен бір адамның (монархтың) қолында тұрған қоғамдық құрылысты айтады. Ертеде басқарудың мұндай түрі кең тараған, соның ішінде Ресейде де (Романовтар династиясы басқарған шақта) болатын. Қазіргі дамыған елдердің ешқайсысында басқарудың мұндай түрі жоқ. Конституциялық монархияда монархтың билігі бегілі дәрежеде заң шығарған билік парламентпен шектеледі. Басқарудың мұндай түрі алғаш рет Англияда пайда болып және қазірдің өзінде ойдағыдай қызмет етуде. Қазір конституциялық монархиялық құрылыс Бельгия, Голландия, Дания, Иордания, Испания, Норвегия, Непал, Люксембург, Марокко, Сауд Аравиясы, Швеция, Жапония және т. б. елдерде сақталған.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/11-
Дәріс кешені	84 беттің 52 беті

Республика деп мемлекеттік биліктің барлық жоғары органдары белгілі бір уақытқа сайланатын немесе өкілдік мекемелер (Парламент) арқылы қалыптасатын мемлекеттік басқарудың түрін айтады.

Республика президенттік, парламенттік және аралас (немесе жартылай президенттік) болып үшке бөлінеді. Президенттік басқаруда, әдетте, мемлекеттің де, үкіметтің де басшысы президент болып саналады. Оны парламент не халық сайлауы мүмкін. Егер президентті парламент немесе соның негізінде құрылған коллегия сайласа, оны «парламенттік президент» дейді. Ол – салтанатты өкілдігі бар символдық қайраткер. Конституция бойынша оған белгілі бір құқықтар беріледі. Бірақ ол құқықтарды жүзеге асыру үшін тиісті құжатқа премьер – министр немесе министрлердің біреуінің қойылған қолы керек. Онсыз күші болмайды. Басқа сөзбен айтқанда, ондай президенттің билігі шамалы болады. Мысалы, Үндістанда, Италияда солай.

Ал егер президентті жалпыға бірдей, тікелей, құпия сайлау арқылы халық сайласа, ондай мемлекетті президенттік республика дейді. Ондай президенттің билігі зор.

АҚШ – та президент 4 жылға сайланады. Онда премьер – министр болмайды. Президент мемлекетті де, үкіметті де басқарады. Ол департаменттердің (министерстволардың аты) басшыларын, министрлер кабинетін және үкіметті тағайындайды.

Парламенттік тәртіпте елдің жоғарғы басшысы парламентке бағынады. Онда заң шығарушы билік те, атқарушы билік те парламентке тәуелді. Ол салықты белгілейді, бюджетті бекітеді, соттарды құрады, сауданы реттейді, халықаралық келісімшарттарды қабылдайды, соғыс аша алады, әскерді қамтамасызетеді және т. б.

Қазіргі кезде көптеген елдердің парламенті екі палатадан тұрады. Феодалдық мемлекеттерде ол елдің өкілдігін үйлестіруге мүмкіндік берді. АҚШ – та, Францияда оны үстемдік етуші топтар заңгерлерді «шектен тыс демократияландыруға» жібермеу үшін парламент ішінде қосымша тежеу факторы ретінде пайдаланады.

Төменгі палата жалпыға бірдей тікелей сайлау арқылы қалыптасады. Жоғарғы палатаның құрылуы әр түрлі болады. Мысалы, Англияда парламенттің жоғарғы палатасына (Лордтар палатасы) мұрагерлікпен өмір бойы болатын пэрлер (жоғарғы аристократтық атак), ондай құқығы жоқ пэрлер және Англия шіркеуінің жоғарғы шенділері кіреді. АҚШ – та сенатқа (Конгрестің жоғарғы палатасы) әр штаттан (халық санына байланысты емес) екі өкілден сайланады. Германияда жоғарғы палатаның депутаттарын әр жердің үкіметі тағайындайды.

Республиканың үшінші түріне аралас (оны жартылай президенттік немесе президенттік – парламенттік деп те атайды) республика жатады. Мұнда президенттік те, Парламенттік те түрлердің белгілері кездеседі. Үкіметке екі жақты (Президенттің алдында да және парламенттің алдында да) жауапкершілік жүктеледі. Республиканың классикалық ондай түріне Франция жатады.

Билік басқару түрімен қатар құрылысына қарай да ерекшеленеді. Мемлекет құрылысы орталық өкімет пен жергілікті биліктің міндеттер өрісінің арақатынасын білдіреді. Ол унитарлық, федеративтік және конфедеративтік болып үшке бөлінеді.

Унитарлық(латынның біртұтас, біріккен деген сөзінен) құрылыста саяси билік бір орталыққа бағынады, мемлекеттің ішінде өз алдына бөлек басқа құрылымға жол берілмейді. Оның жері, конституциясы бір болады. Мемлекеттік биліктің жоғары органдар жүйесі, азаматтығы ортақ. Мысалы, ондай мемлекеттерге Греция, Италия, Қазақстан, Польша, Финляндия, Франция, Ұлыбритания, Швеция және т. б. жатады.

Федерация деп белгілі бір саяси тәуелсіздігі бар бірнеше мемлекеттік құрылымдардың бірігіп одақтық жаңа бір мемлекетті құруын айтады. Федерация мен оған кіретін субъектілердің міндеттерінің арасындағы айырмашылықтар жалпы мемлекеттік конституциямен реттеледі. Әрбір субъектінің өзінің жоғарғы билеу(заң шығарушы, сот, атқарушы) органдары болады. Бірақ олар орталық институттарға бағынуы тиіс. Мысалы, мұндай федеративтік мемлекеттерге Австралия, Австрия, АҚШ, Бельгия, Бразилия; Германия; Канада, Малайзия, Мексика, Нигерия, Ресей және т. б. жатады.

Конфедерация деп өздерінің кейбір амал-әрекеттерін үйлестіріп, белгілі бір мақсаттарды (әскери, сыртқы саясаттағы және т. с. с.) жүзеге асыру үшін бірлескен егеменді елдер одағын айтады. Онда жалпы одақтық азаматтық немесе ол одаққа кірген мүшелердің бәріне міндетті заң шығарушы

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 53 беті

билік болмайды. Оның алған шешімдері оған кірген мүшелердің бекітуінен өтуі керек. Конфедерация өмірде сирек кездеседі. Мысалы, ол 1848 жылға дейін Швейцарияда, 1778 – 1787 жылдарда Солтүстік Америка штаттарында, 1981 – 1989 жылдары Сенегамбияда болды. Қазір конфедерацияға ұқсас құрылымды Еуропалық одақ құрмақ ойы бар.

Мемлекеттер басқару түрі, өзіндік құрылысымен ғана емес саяси тәртібі жағынан да ерекшеленеді. Бірақ біз ол жөнінде «Қоғамның саяси жүйесін» талдағанда қараған болатынбыз.

4. Иллюстрациялық материал: презентация

https://docs.google.com/presentation/d/1kYOo1as5FdNXqPuLrnocoTYaVP-0nwCA/edit?usp=drive_web&ouid=106659929443614445216&rtfpof=true

5. Әдебиет:

Қазақ тіліндегі негізгі:

1. Әлеуметтану: оқу құралы / М. А. Ертаев, С. М. Тасқынбаева, Ф. М. Каратаева. - Қарағанды: ЖШС «Medet Group», 2020. - 330 бет.
2. Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 208 с.
3. Жанысбеков М.А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: дәрістер кешені/ ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі. ОҚМФА. «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндері». - Шымкент: [б. и.], 2015. - 101 б.
4. Сыдықов, Ұ. Саясаттану: оқулық. - Алматы: New book, 2022-96 бет
5. Бринкерхоф, Д.Әлеуметтану негіздері: оқулық / Д. Бринкерхоф, Р. Уейтс, С. Ортега; Қаз.тіл.ауд.С.А Амандосова[және т.б.]. - 9- басылым. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 464 б. с.: (Рухани жаңғыру).
6. Ритцер, Д. Әлеуметтану теориясы: оқулық / Д. Ритцер, Д.Степницки; қаз. тіл. ауд. Г.О. Әбдікєрова [және т.б.]. - 10- басылым. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856 б.: (Рухани жаңғыру).
7. Әлеуметтану: жаңа буынға арналған оқулық / А. Н. Тесленко, Ж. Ж. Сембина, А. Т. Аязбаева; ҚР білім және ғылым министрлігі. «ҚазГЮУ университеті» АҚ. - Қарағанды: ЖШС «Medet Group», 2015.
8. Забєрова, А. Т. Практикалық әлеуметтану: оқу құралы / А. Т. Забєрова. – Алматы: Эверо, 2014. - 206 бет
9. Нысанбаев, Ә. Социология: оқулық. - Алматы: Эверо, 2014.
10. Әбсаттаров, Р. Әлеуметтік: өзекті мәселелер. (Екі томдық оқу құралы). 1,2-том: оқу құралы / Р. Әбсаттаров, М. Дәкєнов ; ҚР Білім және ғылым министрлігі. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Пед. ун. - 2-ш. бас., толық. - Алматы : Қарасай, 2015. - 408 с..
11. Әжєнов, М. С. Қоғамның әлеуметтік құрылымы : оқу құралы Алматы : Эверо, 2014

Қазақ тіліндегі қосымша:

1. Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігі = Dictionary of the social sciences / сөздік; ред. К.Калхунның. - Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 480 бет: (Рухани Жаңғыру).
2. Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016.
3. Решетников, А. В. Медицина әлеуметтануы: оқулық / А. В. Решетников; ред. Т. Қ. Рақыпбеков; қаз.тіліне ауд. А. М. Марқабаева; жауапты ред. Т. Қ. Рақыпбеков. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2015.

QO'NTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		39/11- 84 беттің 54 беті

4. Армстронг, К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: құдайтану баяны = A History of God The 4000-year Quesf of Judaism.Christianity and Isiam: монография / К.Армстронг; ауд. Д. Кенжетай [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 432 б. с.: (Рухани жаңғыру).
5. Андерсон Джеймс Э. Мемлекеттік саясат = Public Policymaking : оқулық / Джеймс Э. Андерсон ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Х.Ғ. Масадиков. - 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 448 б. с
6. Синглтон Ройс А. Әлеуметтік зерттеу әдістері = Approaches to Social Research : оқулық / Ройс А. Синглтон, Брюс С. Стрейтс ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Н.Ә. Муминов. - 6-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 816 б. с
7. Хейвуд Эндрю. Саясаттану = Politics : оқулық / Эндрю Хейвуд ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 5-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 520 б. с
8. Коннолли Мэри. Әлеуметтік жұмыс: контексі мен практикасы = Social Work:Contexts and Practise : оқулық / Мэри Коннолли, Луиза Хармс, Джейн Мейдмент ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б. Мизамхан. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 384 б. с
9. Нортхауз Питер. Көшбасшылық: теория және практика = Social Work:Contexts and Practise : оқулық / Питер Нортхауз ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.М. Икрамова. - 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 560 б. с.
10. Постон Дадли Халық саны және қоғам. Демографияға кіріспе = Ethnography. Principles in Practise : оқулық / Дадли Постон, Леон Ф. Бувье ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 488 б. с
11. Смитт Энтони Д. Ұлттың этностық тамыры = The Ethnic Origins of Nations : оқулық / Энтони Д. Смитт ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. И. Алибаева. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 388 б. с
12. Хаммерсли Мартин. Этнография: зерттеу принциптері = Ethnography. Principles in Practise : оқулық / Мартин Хаммерсли, Пол Аткинсон ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Мусина. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 400 б. с

Электронды оқулықтар

1. Основы антикоррупционной культуры [Электронный ресурс]: учебное пособие / под ред. Б. С. Абдрасилова. - Электрон. текстовые дан. (702Мб). - Астана: Акад. Гос. упр. при Президенте РК, 2016. - 176 с.
2. Гендерная социология. Акбаева Л.Н., 2017. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
3. Әлеуметтану. Ертаев М.А., Таскымбаева С.М., Қаратаева Ф.М., 2020. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
4. Әлеуметтану. Тесленко А.Н., Сембина Ж.Ж., Аязбаева А.Т., 2019. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
5. Решетников, А. В. Социология медицины / Решетников А. В. - Москва: ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 864 с. - ISBN 978-5-9704-3067-5. - Текст: электронный. <http://rmebrk.kz/>
6. Тәжітаева, Р.С. Саясаттану: Электрондық оқулық. - Жетісай: «Сырдария» университеті, 2016. <http://rmebrk.kz/>

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 55 беті

7. Ритцер, Д., Степнишки, Д. Әлеуметтану теориясы: Оқулық. - 10-басылым - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856б. - ISBN 978-601-7943-17-2. <http://rmebrk.kz/>

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Биліктің анықтамасын және оның функцияларын атаңыз.
2. ҚР-ның қоғамның қазіргі қоғам модернизациясы кезеңіндегі саясатын атаңыз.
3. Биліктің негізгі компоненттерінің субъект, объект, ресурстар және процесс ерекшеліктерін көрсетіңіз.
4. Биліктің түрлерін атаңыз. Саяси үстемдік пен заңдылықты қалай түсінесіз?

№8 дәріс

1. Тақырыбы. Мемлекет және азаматтық қоғам. Саяси режимдер. Сайлау жүйелері және сайлау.

2. Мақсаты: саяси элиталар мәні мен жіктелуін, саяси жүйе мәнін, құрылымын, қызметтерін, ерекшеліктерін және типтерін ашу.

3. Дәрістің тезистері:

1. Саяси элита түсінігі. Саяси элиталардың жіктелуі. Элиталардың негізгі теориялары.
2. Саяси көшбасшылық түсінігі мен табиғаты, оның әлеуметтік функциялары. Қазақстан Республикасындағы саяси элиталардың қалыптасу ерекшеліктері.
3. Саяси жүйе түсінігі. Саяси жүйе функциялары. Саяси жүйенің негізгі теориялары.
4. Мемлекет қоғамның саяси жүйесінің негізгі институты ретінде. Қазақстан Республикасындағы азаматтық қоғамның даму келешегі.

«Элита» термині француз тілінен elite – іріктелген, тандалған деп аударылады. 17 ғасырдан бастап, бұл термин тандалған, атақты, жоғары мәртебелі адамдарды атауға қолданған.

Элита теориялары - әр әлеуметтік структураның қажетті бөлігі деп жоғарғы, ерекше құқықтары бар қатарды мойындаған әлеуметтік-саяси концепцияларының жиынтығы.

Саясаттың сан алуан субъектілерінің оған ықпалы, әрине әр түрлі. Жеке азаматтар және әлеуметтік топтар күнделікті саяси өмірге тікелей қатынаса бермейді. Күнделікті саясатпен адамдардың ерекше қабаты айналысады, оларды ерекше басшы топ атайды. Саяси элита аталымын қалай түсінуге болады.

20 ғ бастап саясаттану мен әлеуметтануда білімі, байлығы, беделі, билігі жоғары адамдардың азғантай әлеуметтік тобын білдіреді. Бұл аталымның этимологиялық маңызының екі аспектісі бар. Оның біріншісі элита өзіне белгілі бір сапалық қасиеттерді, айқын белгіленген интенсивті белгілерді жинақтайды. Екінші аспектісі, осы белгілерді қн жоғарғы өлшеммен бағалайды. Өзінің алғашқы этимологиялық маңызы бойынша элита түсінігінде ешқандай ізгіліктілікке, демократиялыққа қарсылық жоқ. Әдетте, жоғары сапалы жылқы тұқымы, дәннің тұқымы, спорт саласындағы элита т.б түсініктер пайдаланылады. Демек, адамзат қоғамында да адамдар арасында табиғи және әлеуметтік айырмашылықтар орын алып, бұл жағдайлар олардың басқару саласындағы мүмкіндіктерінің әр түрлілігінен, саяси және қоғамдық процестерге әр түрлі ықпалынан көрінеді. Осының өзі саяси элитаны айқын бейнелеген саяси- басқарушылық сапаны иеленуші ретінде сипаттауға негіз болады.

Тарихи жағынан алғанда адамдарды ел билеуші таңдаулыларға және олардың дегенін істейтін бағыныштыларға бөлу идеясы өте ертеден бастау алады. Мысалы, Конфуций (б.з.б 551-479) адамдарды асыл азаматтарға және төменгі адамдарға бөлді. Платон билеуші-философтарға, әскерлерге, егіншілер мен кәсіпшілерге ажыратты. Алайда элитарлық теорияны көзқарастар жүйесі ретінде 20ғ басында итальян ғалымдары Г. Моска, В.Парето, неміс Р. Михельс және т.б қалыптастырды.

Гаэтано Моска (1854-1941) элита теориясын “Саяси ғылым негіздері” деген еңбегінде негіздеді. Онда ол қоғам басқарушылар мен басқарылушыларға бөлінеді деді. Оған ұйтқы болатын қасиеттерге әскери ерлікті, байлықты, діни дәрежені жатқызды. Осы үш қасиет, оның ойынша, адамға басқарушылар (элита) қатарына кіруге жол ашады.

«Элита» терминін ғылымға алғаш енгізген Вильфредо Парето (1848-1923). Ол бойынша элита билік басына алдыңғы қатарлы идеяны ұсынуының арқасында келеді. Ол идея жүзеге асқанда олардың энергиясы азайып, ізденісі баяулай бастайды. Олардың орнына жаңа идеямен жаңа элита билік басына

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 56 беті

келеді. Мұндай алмасу қоғамда әрқашан болмақ. Яғни, бір элита екіншіні алмастырып, жаңарып, қоғамды алға жылжытып оытрады.

Газтано Моска (1854-1941) элита теориясын негіздеді. Онда ол қоғам басқарушылар мен бағынушыларға бөлінеді деді. Оған ұйытқы болатын қасиеттерге әскери ерлікті, байлықты, діни дәрежені жатқызады.. Осы үш қасиет адамға басқарушылар қатарына енуге жол ашады.

Саяси элита дегеніміз қоғамда билікті, байлықты және танымалдылықты иеленген жоғарғы топ. Қоғамның екіге басқарушыларға және бағынушыларға немесе элита мен бұқараға бөлінуі табиғи нәрсе, оған әсер еткен бірнеше факторларды айта кетуге болады. Олар:

- Еңбектік бөлінуі;
 - Әлеуметтік құрылымның иерархиялы түрде болуы;
 - Басқарушы қызметтің жақсы сипатты иеленуі;
 - Көпшіліктің билікке, саясатқа қызықпауы.
- Саяси элита бірнеше түрге бөлінеді. Олар:
- Жоғарғы элита;
 - Ортаңғы элита;
 - Әкімшілік элита.

Саяси элитаның қалыптасуына байланысты екі жүйе қалыптасқан. Гильдия және антрепренерлік.

Антрепренерлік түрде басқарушы қызметке үміткердің ерекше қасиеттері, көпшілік жұртқа ұнай білу қабылеті басты орын алады. Мұнда кандидаттың байлығына. Кәсібіне, біліміне, мамандығына онша мән берілмейді. Жеке басының ерекше қабылеті мен қасиеттері арқасында элита құрамына өте алады. Элита да ол кандидаттың жеке принциптері мен көзқарастарына тосқауыл қоймайды.

Гильдия жүйесінде үміткер билік сатысы бойынша баяу болса да анық көтеріліп отырады. Мұнда жоғары лауазымды қызметке үміткерге көптеген талаптар қойылады.

Оған кандидаттық білімі, адамдар арасындағы жұмыс тәжірибесі, партиялық стажы және т.с.с. жатуы мүмкін. Егер элитаның идеясына қарсы пікірлері болса ол кандидаттың элитаға өтпей қалуы мүмкін.

Антрепренерлік жүйе көбіне демократиялық қоғамда қалыптасса, гильдия жүйесі авторитарлық және тоталитарлық қоғамдарды кең таралған.

Сонымен, қоғамның саяси жүйесі – бұл саяси институттардың, саяси рөлдердің, қатынастардың, процестердің, саяси, әлеуметтік, заңдық, идеялогиялық, мәдени нормалардың кодексіне, нақты қоғамның саяси режимінің дәстүрлері мен нұсқауларына бағынатын қоғамның саяси ұйымы принциптерінің біртұтас, тәртіптелген жиынтығы.

Саяси жүйе қоғамдық өмірдің барлық салаларының дамуына бағыт беріп, ықпал етеді, оларды басқарады. Қоғам дамуының мақсатын айқындайды. Мақсатына байланысты саясат экономикалық, әлеуметтік, мәдени, ұлттық, ішкі және сыртқы болып бөлінеді.

Тұтастай алғанда, қоғамның қосымша жүйелерінің бірі болып табылатын саяси жүйе айрықша ерекшеліктермен сипатталады:

- А) саяси жүйенің басқа қоғамдық жүйелерден басым түсуімен;
- Б) қоғамдық ортаның, қоғамның әлеуметтік таптық құрылымының сипатын анықтаумен;
- В) біршама дербестігімен сипатталады.

Саяси жүйе қоғамның саяси кеңістігінде болады, ол кеңістіктің аумақтық өлшемі және қоғамның саяси ұйымының әртүрлі деңгейлеріндегі саяси жүйе мен оның құрамдас бөліктерінің саласымен анықталатын қызметтік өлшем болады.

Зерттеушілер саяси жүйенің мынадай негізгі төрт бөлігін айтады:

- 1. саяси институттар;
- 2. саяси қатынастар;
- 3. саяси ережелер;
- 4. саяси мәдениет;

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 57 беті

Саяси институттарға мемлекет, саяси партиялар, кәсіподақтар, кооперативтік, жастар, әйелдер т.б. ұйымдар мен бірлестіктер жатады. Бұл ұйымдардың бәрі таптық, топтық, ұлттық, жыныстық, кәсіби, жас мөлшеріне қарай т.б. байланысты пайда болатын көптеген әлеуметтік мақсат-мүдделерді білдіріп, қорғау үшін құрылады. Солардың ішіндегі ең негізгісі мемлекет. Ол қоғамда белгілі бір тәртіп орнатады, оны басқарады, экономикалық және әлеуметтік құрылымын қорғайды.

Саяси қатынастарға таптардың, этникалық бірлестіктердің, тұлғалар мен қоғамның, азамат пен мемлекет арасындағы қатынастар кіреді. Олардың басқа (экономикалық, ұлттық, діни, жанұялық т.б.) қатынастардан айырмашылығы мұнда олардың саяси және мемлекеттік билікке қатынасы көрініс береді.

Саяси ережелер саяси институттардың өзара бірлесіп әрекет етуін қамтамасыз етеді және саяси жүйенің ережелік негізін құрайды. Олардың ішіндегі ең маңыздысына Конституция және соған сүйенетін заңдар мен басқа нормативтік актілер жатады.

Саяси мәдениет саяси сана мен іс-әрекетте, саяси көзқарастарда, идеяларда, теорияларда, саяси тұғырнамаларда, бағдарламаларда, шешімдерде, саяси ережелерге қатынаста көрініс табады. Саяси мәдениеттің реттеушілік қызметі адамдардың іс-әрекетіне және олардың ұйымдарына енетін әсерінен білінеді.

Саяси жүйенің көрсетілген бұл төрт бөлігі үздіксіз дамып отырады. Олар өздеріне тән арнайы әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, белгілі бір мақсаттар мен қызметтерді атқарады. Олар бір-бірімен тығыз байланыста болады.

Саяси жүйенің басты қызметі – қазына, байлықты бөлу саласына бақылау жасау. Олардың дұрыс бөлінбеуі ел ішінде әр түрлі әлеуметтік топтар арасында алақөздік, дау-дамай тудыруы мүмкін.

Саяси жүйенің қызметтері:

1) белгілі бір әлеуметтік топтың немесе көпшілік халықтың саяси билігін қамтамасыз ету. Ол биліктің тәртіпке келтірілген, ережелерде, қалыптарда бекітілген, яғни институционалданған түрі.

2) Саяси жүйе қоғамдық қатынастарды реттейді, жекелеген әлеуметтік топтар немесе көпшілік халықтың мақсат-мүддесіне сәйкес адамдардың тіршілік әрекетінің әр түрлі салаларын басқарады. Ол әлеуметтік институттар қызметінің мақсаттарын айқындайды, солардың негізінде оларды орындаудың саяси жобаларын жасайды.

3) Саяси жүйе қоғамда жинақтаушылық, топтастырушылық қызмет атқарады. Ол ортақ әлеуметтік – саяси мақсаттар мен құндылықтардың айналасында барлық әлеуметтік топтар, таптар, жіктердің белгілі бір бірлестігін қамтамасыз етеді.

4) Экономиканың қалыпты жұмыс істеп, прогресті дамуына қажетті саяси жағдай жасау.

5) Қоғамды, оның мүшелерін ішкі және сыртқы бүліндіргіш әрекеттерден қорғау.

Саяси жүйенің міндеттері:

1) әлеуметтік мүдделерді және билік институттармен өзара іс-қимылдарды ұштастыру;

2) қоғам мүшелерінің мүдделерін білдіру және ол мүдделерді олардың ортақ мүдделерімен үйлестіру;

3) саяси басшылық;

4) белгілі бір қоғамның тұтастығын сақтау мақсатында қоғамның саяси күштерін біріктіру;

5) қоғамда қабылданған және басым мұраттарға бағдарланған саяси қатынастарға белсене қатысушылардың әлеуметтік базасын ұлғайту.

Жалпы мемлекеттің шығуын, ғылым адамзат қоғамы дамуының белгілі бір тарихи кезеңімен, яғни әлеуметтік таптар мен топтардың пайда болып, қоғамда саяси-әлеуметтік теңсіздіктердің қалыптасуымен байланыстырады. Өткенде мемлекет дәулетті таптың саяси, экономикалық үстемдігін нығайту құралы болып келгені де белгілі. Ал, "мемлекет" деген атау термин ретінде жаңа заманда - италяндық қайта өрлеу кезеңінде шықты. Ол алдымен Испанияда орнығып одан Франция мен Германияға, артынша XIX ғасырға дейін бүкіл Еуропа елдеріне тарап үлгерді. Испаниядағы "мемлекет" ұғымы латынның "состояние" - "қалыпты жағдай" деген сөзінен шыққан. Алғашында ол өкімет билігін иеленуші деген мағынада айтылып, бертін келе ол үкімет функциясы ретінде қаралды да ақырында мемлекет ұғымына ауысты. ХҮІІ ғасырдан бастап "мемлекет" деген атау мемлекеттік

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/11-
Дәріс кешені	84 беттің 58 беті

мекемелер, бір салаға үстемдік ету, мемлекеттік халық деген түсінікпен де сипатталып қабысып жатты. Жаңа заман жағдайында да "мемлекет" ұғымын қоғамда болып жатқан өзгерістер арасында, соларға байланысты қарау қажет. Оған ұғым ретінде ғана қарамай, мемлекеттік құрылымдардың уақыт пен кеңістікке қарай өзгеріп отыратынын, оның көп түрлі болатынын, соған қарай ұғымның да тұрақты болмайтынын ескерген жөн. Алғаш рет мемлекет түрлерін типтеуді Аристотель жасады. Ол Герродот пен Платонды үлгі ете отырып, мемлекетті монархияға (бір адамның үстемдігі), аристократияға (элитаның үстемдігі), және политейге (тіке демократия мағынасында халықтық үстемдік) болді. Оның ойынша бұл үш түрі де халыққа мансапқорлықсыз, пайдакүнемдіксіз қызмет ететін болса заңды болып танылды.

1. Теологиялық теорияның негізін салушы Ф. Аквинский мемлекеттің пайда болуын құдайдың күдіреті арқылы деп түсіндірді.

2. Патриархтық теория. Оның негізін салушы ХҮІІІ ғасырда өмір сүруші ағылшын ойшылы Роберт Филмер мемлекеттің пайда болуын рулардың тайпаға, тайпалардың одан үлкен қауымдастықтарға бірігуінен әкеліп шығарады.

3. Қоғамдық келісім теориясы бойынша (Т. Гоббс, Г. Гроций, Ж. Ж. Руссо) Мемлекет бір әміршіге бағынған адамдардың келісімінің арқасында пайда болады дейді. Т. Гоббс адамдардың мемлекетті құрудағы басты себебі өзге адамдардың шабуылынан өмірлерін қорғау, бостандықтары мен мүліктерінен айрылып қалу қаупінен туған сақтану қажеттілігі деп біледі. Ал ағылшын ойшылы Д. Локк мемлекеттің пайда болуын адамдардың табиғи құқын қамтамасыз ету үшін, арнайы құрылған ұйым, адамзаттың ақыл-ойының жемісі деп қарайды.

4. "Зорлық жасау" теориясы (Е. Дюринг, Л. Гумпилович, К. Каутский) бір елді екінші елдің басып алуының нәтижесінде арадағы қатынастарды реттеу үшін мемлекет пайда болады дегенді айтады.

5. Географиялық теория (А. Ратцель, В. Соловьев, В. Чичерин) мемлекеттің пайда болуын географиялық ортаға (ауа райы, жер бедері және т.б.) өзгешеліктермен түсіндіріледі.

6. Маркстік теория мемлекеттің пайда болуын жеке меншік пен таптардың шығуымен байланыстырады.

Ал саясаттанушы Макс Вебер "мемлекет күш қолдаудың заңды құралына сүйенген адамдардың бір бөлігінің екінші бөлігіне үстемдік ету қатынасы" - дейді. Мемлекеттің анықтамасы өз міндетін атқару барысындағы құралдардың өзгешеліктеріне байланысты белгіленеді.

Мемлекет қоғамның саяси жүйесінің басты элементі, саяси институттардың маңызды бөлігі. Ол белгілі бір аумақ шеңберінде тұратын адамдардың мүдделерін қорғап, олардың арасындағы ара-қатынастарды құқықтық ережелер арқылы реттеп бақылайтын қоғамдық механизм. Мемлекет қоғамдағы билікті іс жүзіне асырушы орталық институт. Ол адамдардың белгілі бір заңға бағынған қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ететін саяси орган.

Мемлекеттердің негізгі функциялары ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Ішкі функцияларға: өмір сүріп отырған өндіріс тәсілі, экономикалық және әлеуметтік жүйені қорғау, экономиканы басқару, шаруашылық қызметін реттеу, тәртіп пен қоғамдық тыныштықты сақтау, әлеуметтік қатынастарды реттеу, мәдени-тәртіп және идеологиялық қызмет жатады. Ал сыртқы функцияларға халықаралық қатынас жасағандағы қызметі, өзінің (мемлекеттің) мүддесін қорғау, елдің қорғанысын қамтамасыз ету, басқа мемлекеттермен қалыпты өзара қарым-қатынастарды дамыту, жаңа саяси ойлау шеңберінде, бейбіт қатар өмір сүру принциптері негізінде өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту жатады.

Мемлекет белгілі бір теория шеңберіне халықты ырықсыз көндіру монополиясына ие, сол елдің атынан ішкі және сыртқы саясатты жүргізу құқына, барлық жұртқа міндетті заңдар мен ережелер шығарудың ерекше құқына, салық салу құқына ие.

Мемлекеттің халықаралық құқықтың субъектісі болуы үшін өзіне лайықты сапасы болу міндетті. Ол мынадай үш элементтен тұрады:

1. Мемлекеттің жер аумағы.
2. Мемлекеттің халқы.
3. Мемлекеттік өкімет.

ONTÜSTÜK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 59 беті

Мемлекеттің жер аумағы - бұл әлемнің шектелген бір бөлігі, үстемдік етілетін ерекше өңір. Мемлекеттің халықы - бұл ұзақ мерзімге бір жерде орналасқан адамдардың одағы. Бұл арада жердің көлемі мен онда тұратын адамдардың саны шешуші рөл атқармайды.

Ағарту (Қайта өрлеу) заманынан бастап мемекетті үш түрге бөлу қалып, оны монархия және республика деп екі түрге бөлетін болды. Егер демократияны конституциялық мемлекет дейтін болсақ, парламенттік үкімет және президенттік басқару жүйелері де бар. Мемлекеттер типі ретінде қазірде абсолюттік және конституциялық монархия, әскери диктатура, автократия, хунталдарды атауға болады. Діннен ажыратылған (светтік) мемлекеттерге қарсы діни мемлекеттер типі бар.

Автократиялық мемлекеттің өзіндік бір типі - ол авторитарлық пен тоталитарлық тәртіп түрінің қосындысынан пайда болған тоталитарлық мемлекет. Оларға Гитлер өмірге әкелген фашистік мемлекет пен Сталин құрған өкімшіл-әміршіл жүйедегі мемлекеттерді жатқызуға болады.

Мемлекеттің типі оның мәніне, шешегін міндеттеріне сәйкес болып отырады. Сондай-ақ мемлекеттің өтпелі типі де болады.

Мемлекет басқару формасы мен саяси өкіметтің негізгі институттарының құрылысына қарай да әртүрлі болады. Ал басқарушылық формасы дегеніміз өзінің заңдандырылған тәртібімен сипатталатын өкіметті ұйымдастыру болып саналады. Басқарудың монархиялық формасы - мемлекетте билік жүргізетін бір адам - монарх. Ал мемлекеттің республикалық формасында - заң бойынша өкімет билігін халықтың көпшілігі жүзеге асырады. Өйткені ондағы өкімет билігінің көзі халықтан шығады. Мемлекеттік басқарудың басқа да түрлері бар. Олар: демократиялық, әміршіл-өкімшіл т.б.

Монархиялық формадағы мемлекеттің жоғары өкімет билігі жекедара бір билеушінің қолында болып, ол әкеден балаға мұра ретінде қалатын түрі. Оны хан патша, император, король, шах және т.б. басқарады. Монархия өз кезегінде абсолюттік (шексіз) және конституциялық болып екіге бөлінеді. Абсолюттік монархия деп жоғарғы өкімет билігі бүтіндей, тұтас, формальды түрде шектелместен бір адамның қолында тұрған мемлекетті айтады. Мұнда үкіметті монарх тағайындайды.

Конституциялық монархияға монархтың билігі заң шығаратын билік-парламентпен шектеледі. Басқарудың мұндай түрі алғаш рет Ұлыбританияда пайда болды. Ондай елдерге Бельгия, Голландия, Дания, Жапония, Иордания, Испания, Норвегия, Морокко, Сауд Арабиясы, Швеция және т.б. жатады. Әлемдегі 200-ден астам мемлекеттің 24-інде мемлекет басшысы монарх болып саналады.

Республика деп мемлекеттік биліктің барлық жоғары органдары белгілі бір уақытқа сайланатын немесе өкілділік мекемелер (парламент) арқылы қалыптасатын мемлекеттік басқару түрін атайды.

Унитарлық (латынның біртұтас, біріккен деген сөзінен) құрылыста саяси билік бір орталыққа бағынады, мемлекеттің ішінде өз алдына бөлек басқа құрылымға жол берілмейді. Оның территориясы, конституциясы бір болады. Мемлекеттік биліктің жоғары органдар жүйесі, азаматтығы ортақ. Олар Греция, Италия, Қазақстан, Польша, Франция және т.б. жатады.

Федерация деп белгілі бір саяси тәуелсіздігі бар, бірнеше мемлекеттік құрылымдардың бірігіп одақтық жаңа бір мемлекетті құруын айтады. Федерация мен оған кіретін субъектілердің міндеттері арасындағы айырмашылықтар жалпы мемлекеттік конституциямен реттеледі. Әрбір субъектінің өзінің жоғарғы билеу (заң шығарушы, атқарушы, сот органдары болды. Мұндай мемлекеттерге АҚШ, Австралия, Австрия, Бельгия, Бразилия, Германия, Канада, Малайзия, Нигерия, Ресей және т.б. жатады.

Конфедерация деп өздерінің кейбір амал-әрекеттерін үйлестіріп, белгілі бір мақсаттарды (әскери, сыртқы саясаттағы және т.с.с.) жүзеге асыру үшін бірлескен егеменді елдердің тұрақты одағын айтады. Онда жалпыодақтық азаматтық немесе ол одаққа кірген мүшелердің бәріне міндетті заң шығарушы билік болмайды. Оның мүшелері өздерінің мемлекеттік дербестіктерін сақтайды. Бірақ олардың алған шешімдері ол одаққа кірген мүшелердің бекітуінен өтуі тиіс. Конфедерация 1848 жылға дейін Швейцарияда, 1778-1787 жылдарда Солтүстік Америка штаттарында, 1815-1867 жылдары Германия т.б. кейбір мемлекеттерде болды.

ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда капиталистік сатыға өткен батыс өркениетін құраған Ұлыбритания, Франция, Германия т.б. елдер 3 ғасырдан астам уақыт коммунизм құрамыз демей-ақ, капиталистік

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11- 84 беттің 60 беті
Дәріс кешені		

құрылыстың өзінде-ақ өмір сүре отырып адамға қажетті игіліктердің бәрін жасады. Олардың, құқықтық мемлекеттің арқасында, "социалистік" қоғам құрмай-ақ молшылыққа кенеліп отырған жайы бар.

Бүгінде мемлекеттің сан-алуан түрлері өмірге келгені белгілі. Жалпы мемлекеттер, басқару формасы мен саяси өкіметтің негізгі институттарының құрылысына қарай да әртүрлі болады. Қазіргі өркениетті елдердің көбі азаматтық қоғам арқылы құқықтық мемлекет дәрежесіне жеткен жайлары бар.

Азаматтық қоғам дегеніміз - мемлекеттің қызметінен тыс, топтардың, ұжымдардың, экономикалық, мәдени, рухани-адамгершілік, ұлттық, діни белгілері бойынша біріккен құрылымдардың жиынтығы. Ол - қоғам мүшелері арасында экономикалық, мәдени, құқықтық және саяси қатынастары дамыған қоғам, олар мемлекеттен тәуелсіз, бірақ олармен бірігіп өмір сүретін әлеуметтік, экономикалық саяси мәдени және моральдық мәртебесі жоғары мемлекет. Азаматтық қоғам термині ең алғаш рет 1594 жылы Англияда қолданылған көрінеді. Ол латынның *civis*, азамат (гражданин) деген сөзінен *civitas* қоғам-общество деген ұғыммен ұласады. Ал шын мәнінде ол ХҮІІ ғасырда Шотландияда және ХІХ ғасырда Германияда жүзеге асты.

Гегельдің айтуынша: азаматтық қоғам бұл әлеуметтік және экономикалық қажеттіліктен туындаған, жеке адамдардың өз мүдделерін белгілі бір мөлшерде жүзеге асыратын қоғамның бір бөлігі делінсе, қазіргі ғылымда азаматтық қоғам дербес әлеуметтік-экономикалық өмір ретінде көрсетіледі. Ол экономикалық ұйымдардың, өндіріс орындарының, кооперативтердің, қайырымдылық ұйымдардың мәдени, діни бірлестіктерінің мүдделері бойынша біріккен клубтардың жергілікті өзін-өзі басқаратын органдардың т.б. сол сияқтылардың жиынтығы ретінде көрінеді. Олардың басты белгісі ол ұйымдардың мүшелерінің еркіндігі мен тәуелсіздігі ұйымдар құрамына ерікті түрде кіре алатындығы болып табылады.

Азаматтық қоғамның экономикалық негізін жеке меншік иелерінің дербестігі мен меншік түрінің түрлі формасының әртүрлілігі құрайды. Азаматтық қоғам, мемлекет пен жеке тұлғалар арасында дәнекерші рөлін атқарады. Ол жеке тұлғаны мемлекеттен қорғайды, адам құқығының сақталуын қамтамасыз етеді, мемлекеттің қызметіне бақылау қояды. Сондай-ақ азаматтық қоғам құқықтық мемлекеттің тұрақтылығы мен беріктігінің кепілі де бола алады. Адамзат қоғамының дамуында белгілі бір кезеңді ғана қамтитын бұл қоғам белгілі бір уақыттан соң ғылыми-техникалық қоғамға ауысады.

Ал құқықтық мемлекетке келсек, ол өз негізін осы азаматтық қоғамда қалыптастырады да сол ортадан өсіп жетіледі. Құқықтық мемлекетті қалыптастырудағы басты принцип товарлы өндірісте жеке меншіктілік пен нарықтық қатынастардың болуы. Алғаш рет құқықтық мемлекет термині (немісше *rechfsstaat*) ХІХ ғасырда неміс заңгерлері К.Т. Велькер мен фон Р. Моляанның еңбектерінде берілді. Кейінірек ХХ ғасырдың соңғы ширегінде әлемнің көптеген елдерінде жаңа, ерекше белгілері бар мемлекеттер қалыптаса бастады. Осы ерекше белгілер құқықтық мемлекеттің сипатын құрады. Құқықтық мемлекет деген атаудағы "құқық" деген сөздің алғашқы болып тұруында да өзіндік мән бар. Ол қоғамның саяси-әлеуметтік өмірінде, оның барлық аясында құқық жоғары орында тұру керек дегенге мегзейді. Бұл заңның үстемдігі әрбір құқықты мемлекеттің бұлжымайтын принципі болуы тиіс. Яғни құқық әрбір елдің негізгі заңы - Конституциясында бекітіліп, басқа да заңдары мен жарлықтарына нұсқа болуы қажет. Ал, Ата заңның баптарындағы нұсқаулардың мүлтіксіз орындалуын құқықты мемлекеттің бүкіл сот жүйесі қадағалайтын болады. Заң үстемдігі болмаған жерде құқықты мемлекет те болмайды. Тіпті ежелгі дүние адамдары да еркіндікті аңсағанда заңның үстемдігі арқылы ғана бостандыққа жетуге болады деп топшылаған екен. Сол заманның атақты философы Цицерон: "Бұл заңның құлы болғанда ғана еркін бола аламыз" - деп дәл айтқан көрінеді. Құқықтық-мемлекеттің адамға берген сыйлығы емес, олай деп түсіну мүлде қате. Құқық адамның табиғатымен бірге туған. Бұл туралы американың тәуелсіздігі декларациясына енген өзінің тамаша сөзінде Томас Джефферсон құқықтық мемлекеттегі демократиялық үкіметтің іргетасын қалайтын негізгі қағиданы атап көрсеткен еді. Онда демократиялық үкімет Джефферсон айтқандай бостандықтың басты түрлерін халыққа сыйлай салмайды, үкімет әр адам туғаннан бастап ие болуға тиісті бостандықты қорғау үшін ғана құрылады деген. Ал мемлекет құқықты тек іске асыруға жағдай жасаушы ғана. 1948 жылғы

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 61 беті

халықаралық дәрежеде қабылданған "Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясында: "Барлық адамдар жаратылысында азат, бойындағы қасиеттері мен құқықтары тең болып туады. Олардың басында ақыл, бойында ар болғандықтан олар бір-біріне туыскандық рухта ықылас білдіруге тиіс". (1-бап) -деп жарияланған. Осы тұжырымды айқындай келіп Декларацияның 3-бабы: "Әрбір адам өмір сүруге, еркін болуға және жеке басына ешкімнің қол сұқпауына құқылы", - деп бүкіл әлем халқынан қолдау тапқан.

Барлық адамзат мойындап отырған осы аса маңызды халықаралық құжаттың аталған қағидалары Қазақстанның Ата заңында да толығымен өз бейнесін тапқан. Оның 1-бабында "Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады: оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары" - деп жазылған.

Міне, Ата заңымызда көрсетілгендей тәуелсіздігі қолына енді ғана тиген, Қазақстан Республикасы да батыс өркениетіндегі мемлекеттер сияқты құқықтық, демократиялық мемлекет құруға талпынуда.

Ал енді өкіметтің осы үш тармағында басымдылыққа жету үшін таласты болдырмау үшін солардың бәріне құқықты мемлекетте жоғары мәртебе беріледі. Ондай мәртебе заң шығарушы өкіметке тиесілі. Барлық құқықты мемлекеттерде заңдардың Конституциялығын қадағалап отыратын Конституциялық соттар құрылады.

Сөйтіп құқықтық мемлекет болуы үшін:

1. Халықтың саяси тәуелсіздігі, мемлекеттің егемендігі.
2. Оның пайда болатын негізі яғни, алғышарты болып табылатын азаматтық қоғам, атына сай жан-жақты жетілген болуы керек.
3. Барлық азаматтардың құқықтық теңдігі, мемлекет заңдарынан адам құқығының жоғары тұруы қажет.

Мемлекеттер басқару түрі, өзіндік құрлысымен ғана емес саяси тәртібі жағынан да ерекшеленеді. Ол "Қоғамның саяси жүйесі" деген тақырыпта қарастырылады.

Саяси режиміне қарай – тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық жүйелер бөлінеді.

Саяси тәртіптің демократиялық түрі:

- а) саяси іс-қимылдарға қатысушылардың әлеуметтік базасын ұлғайтумен, олардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етумен, жоғарғы тұрмыс деңгейімен, орташа таптың басым рөлімен;
- б) саяси бәсекемен, саяси қатысудың жарысқа түсу нысанымен, адамдардың қалың топтарының және билік институттарының билігін жүзеге асыруға қатысумен;
- в) халықтың еркін парламенттік әдіспен білдірумен, өкімет билігінің заң шығарушы органдарының төменен жоғарыға дейін сайлануы мен есеп берілуімен;
- г) азшылықтың мүдделері мен құқықтарын құрметтеу жағдайында көпшіліктің саяси шешімдер қабылдауымен;
- д) дасыған азаматтық қоғаммен, бұқаралық қоғамдық бірлестіктерді, одақтарды құрумен;
- е) демократиялық саяси мәдениетімен, пікірлердің, көз-карастардың әрауандығымен, жариялылығымен, ашықтығымен сипатталады.

Саяси тәртіптің тоталитарлық түрі:

- а) билік бір көшбасшысының немесе адамдардың шағын тобының қолдарына мейлінше шоғырландырумен;
- б) жеке көшбасшы, қатаң бағыныстағы және тәртіптегі басшылықтың бірпартиялық негізінде билік құрылымдарының тегігімен;
- в) барлық саяси институттарды және билік құрылымдарын жетекші партия мен оның көшбасшысына міндетті түрде бағындырумен;
- г) бүкіл қоғамдық өмірдің бірыңғай орталығынан жаппай реттеу (экономика, мәдениет, білім, медицина т.б.), пікір алуандығының, қарсыластардың барлық нысандарын жоюмен, азаматтардың жеке өміріне араласуымен;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		
		39/11- 84 беттің 62 беті

д) қоғамға бір ресми идеологияны таңумен, басқаша ойлауды тұншықтырумен, жаппай саяси бақылау, бұқаралық ақпарат құралдарындағы цензурамен;

е) әлеуметтік-саяси даурықпалықпен сипатталады.

Саяси тәртіптің авторитарлық түрі:

а) саяси шешімдерді қабылдаудың бірыңғай орталығында саяси билікті барынша толық шоғырландыру;

б) атқарушы биліктің біліктілігін барынша ұлғайту;

в) үкіметтік емес партиялар мен қазғалыстардың саяси қатсуын шектеу;

г) билікті бақылаусыз қолдану мен халықтың барлық жіктерінің тәртібін бақылау;

д) номенклатуралық принципті іске асыру, яғни жоғары тұрған өкімет биліктерінің ыркы бойынша барлық деңгейдегі басшы кадрларды орналастыру мен орындарынан ауыстыру және олардың “төмендегілерге” есеп бермеуі;

4. Иллюстрациялық материал: презентация

<https://docs.google.com/presentation/d/1MGjUTp9gpotCusUxZE6aY7SIkteC18rf/edit#slide=id.p1>

5. Әдебиет:

Қазақ тіліндегі негізгі:

1. Әлеуметтану: оқу құралы / М. А. Ертаев, С. М. Тасқынбаева, Ф. М. Каратаева. - Қарағанды: ЖШС «Medet Group», 2020. - 330 бет.
2. Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 208 с.
3. Жанысбеков М.А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: дәрістер кешені/ ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі. ОҚМФА. «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндері». - Шымкент: [б. и.], 2015. - 101 б.
4. Сыдықов, Ұ. Саясаттану: оқулық. - Алматы: New book, 2022-96 бет
5. Бринкерхоф, Д.Әлеуметтану негіздері: оқулық / Д. Бринкерхоф, Р. Уейтс, С. Ортега; Қаз.тіл.ауд.С.А Аамандосова[және т.б.]. - 9- басылым. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 464 б. с.: (Рухани жаңғыру).
6. Ритцер, Д. Әлеуметтану теориясы: оқулық / Д. Ритцер, Д.Степницки; қаз. тіл. ауд. Г.О. Әбдікєрова [және т.б.]. - 10- басылым. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856 б.: (Рухани жаңғыру).
7. Әлеуметтану: жаңа буынға арналған оқулық / А. Н. Тесленко, Ж. Ж. Сембина, А. Т. Аязбаева; ҚР білім және ғылым министрлігі. «ҚазГЮУ университеті» АҚ. - Қарағанды: ЖШС «Medet Group», 2015.
8. Забєрова, А. Т. Практикалық әлеуметтану: оқу құралы / А. Т. Забєрова. – Алматы: Эверо, 2014. - 206 бет
9. Нысанбаев, Ә. Социология: оқулық. - Алматы: Эверо, 2014.
10. Әбсаттаров, Р. Әлеуметтік: өзекті мәселелер. (Екі томдық оқу құралы). 1,2-том: оқу құралы / Р. Әбсаттаров, М. Дәкєнов ; ҚР Білім және ғылым министрлігі. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Пед. ун. - 2-ш. бас., толық. - Алматы : Қарасай, 2015. - 408 с..
11. Әженєв, М. С. Қоғамның әлеуметтік құрылымы : оқу құралы Алматы : Эверо, 2014

Қазақ тіліндегі қосымша:

1. Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігі = Dictionary of the social sciences / сөздік; ред. К.Калхунның. - Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 480 бет: (Рухани Жаңғыру).

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/11- 84 беттің 63 беті
Дәріс кешені	

2. Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016.
3. Решетников, А. В. Медицина әлеуметтануы: оқулық / А. В. Решетников; ред. Т. Қ. Рақыпбеков; қаз.тіліне ауд. А. М. Марқабаева; жауапты ред. Т. Қ. Рақыпбеков. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2015.
4. Армстронг, К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: құдайтану баяны = A History of God The 4000-year Quesf of Judaism.Christianity and Isiam: монография / К.Армстронг; ауд. Д. Кенжетай [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 432 б. с.: (Рухани жаңғыру).
5. Андерсон Джеймс Э. Мемлекеттік саясат = Public Policymaking : оқулық / Джеймс Э. Андерсон ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Х.Ғ. Масадиков. - 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 448 б. с
6. Синглтон Ройс А. Әлеуметтік зерттеу әдістері = Approaches to Social Research : оқулық / Ройс А. Синглтон, Брюс С. Стрейтс ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Н.Ә. Муминов. - 6-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 816 б. с
7. Хейвуд Эндрю. Саясаттану = Politics : оқулық / Эндрю Хейвуд ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 5-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 520 б. с
8. Коннолли Мэри. Әлеуметтік жұмыс: контексі мен практикасы = Social Work:Contexts and Practice : оқулық / Мэри Коннолли, Луиза Хармс, Джейн Мейдмент ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б. Мизамхан. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 384 б. с
9. Нортхауз Питер. Көшбасшылық: теория және практика = Social Work:Contexts and Practice : оқулық / Питер Нортхауз ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.М. Икрамова. - 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 560 б. с.
10. Постон Дадли Халық саны және қоғам. Демографияға кіріспе = Ethnography. Principles in Practice : оқулық / Дадли Постон, Леон Ф. Бувье ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 488 б. с
11. Смитт Энтони Д. Ұлттың этностық тамыры = The Ethnic Origins of Nations : оқулық / Энтони Д. Смитт ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. И. Алибаева. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 388 б. с
12. Хаммерсли Мартин. Этнография: зерттеу принциптері = Ethnography. Principles in Practice : оқулық / Мартин Хаммерсли, Пол Аткинсон ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Мусина. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 400 б. с

Электронды оқулықтар

1. Основы антикоррупционной культуры [Электронный ресурс]: учебное пособие / под ред. Б. С. Абдрасилова. - Электрон. текстовые дан. (702Мб). - Астана: Акад. Гос. упр. при Президенте РК, 2016. - 176 с.
2. Гендерная социология. Акбаева Л.Н., 2017. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
3. Әлеуметтану. Ертаев М.А., Таскымбаева С.М., Қаратаева Ф.М., 2020. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 64 беті

4. Әлеуметтану. Тесленко А.Н., Сембина Ж.Ж., Аязбаева А.Т., 2019. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
5. Решетников, А. В. Социология медицины / Решетников А. В. - Москва: ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 864 с. - ISBN 978-5-9704-3067-5. - Текст: электронный. <http://rmebrk.kz/>
6. Тәжітаева, Р.С. Саясаттану: Электрондық оқулық. - Жетісай: «Сырдария» университеті, 2016. <http://rmebrk.kz/>
7. Ритцер, Д., Степнишки, Д. Әлеуметтану теориясы: Оқулық. - 10-басылым - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856б. - ISBN 978-601-7943-17-2. <http://rmebrk.kz/>

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Негізгі элита теорияларын атаңыз.
2. Саяси элита түсінігі мен саяси элитаның жіктелуін анықтаңыз.
3. Қазақстан Республикасындағы саяси элиталардың қалыптасу ерекшеліктері қандай?
4. Саяси көшбасшылық түсінігі мен табиғаты неде?
5. Саяси жүйенің құрылымдық элементтері мен негізгі қызметтерін атаңыз.
6. ҚР-ның саяси жүйесі қандай?
7. Мемлекеттің қалыптасуының негізгі теориялары мен концепцияларын атаңыз.
8. Азаматтық қоғам дегеніміз не?

№9 дәріс

1. Тақырыбы. Саяси партиялар, партиялық жүйелер және қоғамдық-саяси қозғалыстар.

Саяси мәдениет, саяси мінез-құлық. Саяси сана мен саяси идеология.

2. Мақсаты: қоғамның саяси режимінің мәні мен типтерін, сайлау жүйелері мен саяси партиялардың негізгі түрлерін ашу.

3. Дәрістің тезистері:

1. Саяси режим түсінігі мен түрлері. Қазіргі уақыттағы саяси режимдер: батыстағы полиархиялар, жаңа демократиялар, шығыстық-азиялық режимдер, исламдық режим, әскери режимдер.
2. Қазақстан Республикасының саяси жүйесі. Қазақстандағы саяси режим, оның дамуы.
3. Сайлау жүйелерінің мәні мен сайлау жүйелерінің негізгі түрлері. Қазіргі Қазақстанның сайлау жүйесі, оны жетілдірудің жолдары мен бағыттары. ҚР электоралдық үдерісті ерекшеліктері.
4. Саяси партиялар: түсінігі, мәні, белгілері мен қызметтері. Қоғамның саяси өмірінде қоғамдық-саяси қозғалыстар мен бірлестіктердің пайда болуы және эволюциясы.

Саяси режимдер қоғам, мемлекет және тұлға арасындағы байланысты жүзеге асырады. Осы байланыстың әлеуметтік өмірдің басты субъектілерінің арасында қалай және қандай тәсілдердің, құралдардың, күштердің көмегімен қандай ұйымдасқан формада жүзеге асатыны-өте маңызды мәселе. Бұл жағдайда біз қоғамды, мемлекетті, тұлғаны өзара әрекеттесуші субъектілердің жүйесі ретінде көре аламыз. Мұндағы субъектілер дербес элементтер және олардың арасындағы өзара әрекеттесудің өзіндік тәсілі "саяси режим" ұғымымен белгіленеді.

Саяси режим – мемлекеттің, қоғамның және жеке адамның арасындағы қарым-қатынастардың сипатын анықтайтын мемлекеттік билік органдарының қызмет-әдістерінің жиынтығы.

Саяси режимдер түрлі тарихи жағдайларға байланысты мынандай типтерге жіктеледі:

- Демократиялық саяси режим;
- Тоталитарлық саяси режим;
- Авторитарлық саяси режим.

Демократиялық саяси режим мұндай режимде ел халқының кең әлеуметтік жіктері, халық, демос (гр.сөзі demos — халық) қоғамды, қоғамдық істерді басқарып, билікті жүзеге асырады. Демократия — әлеуметтік өмір агенттері өздері құрған билік құрылымында шешімдердің қабылдануына тең дәрежеде қатыса алатын басқару формасы болып саналады. Демократияны ерекше әлеуметтік құндылық дей отырып, ежелгі грек ойшылы Демокрит былай деген: "Демократиядағы кедейлік патша кезіндегі молшылықтан (азаматтардың) қаншалық артық болса, еріктілік құлдыққа қарағанда соншалық жақсы".

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/11-
Дәріс кешені	84 беттің 65 беті

Демократия өз тамырын алғашқы басқару құрылымдары мен шешімдерді әлеуметтік өмірдің қатысушылары тікелей өздері қабылдаған қоғамның мемлекетке дейінгі кезеңінен алады. Тарихи әдебиетте, саяси ойлар тарихында, батыста негізінен Афины қала-мемлекетінің, Новгород вечесінің, ал шығыста Шыңғыс ұрпақтарының және оған жақын адамдардың ортасынан жоғары билеушіні — ханды сайлауы, жерлерде жергілікті билеушілер — билердің сайлануы, ашық пікір алысудың негізінде жайылым бөлісу, сыртқы басқыншылардан қорғану және т.б. өмірлік маңызды шешімдердің қабылдануы туралы көп жазылған. Бұл жағдайлар Қазақ хандығының тарихында да орын алған. Алайда құрылымданған сословиелерге, таптарға, әлеуметтік, этникалық, кәсіби, жыныстық, жас ерекшеліктік және басқа да топтарға бөлінген қоғамда жүзеге асатын демократиялық басқару, тиісті түрде модификацияланбауы мүмкін емес.

Сондықтан біз демократияны қоғамның саяси құрылымы ретінде, саяси режим ретінде қарастырамыз. Мемлекеттік билікті ұйымдастыру формасы мен саяси жүйе ретіндегі қазіргі кездегі демократия өкілдік демократия түрінде қызмет етіп, дамиды. Әлеуметтік тұтастықты қамтамасыз ететін саяси режим ретіндегі демократияның басты ерекшеліктері бар.

1. Еркіндік принципі - Бұл принциптің салтанат құруы саяси режимнің креативті әлеуетін көтереді. Адамның қоғамдық істерді басқаруға қатысу мүмкіншілігі кеңейе түседі. Тұлға өз ойын айтуға және өзін танытуға кең мүмкіндік алады және ол тек Құқықтық нормалармен ғана шектеледі.

2. Саяси бәсекелестік – Мұнда қоғамның саяси элитасы декларациялар жариялау, уәделер беру, қоғамдық өмірдің маңызды проблемаларының шешімдері берілген әлеуметтік бағдарламаларды жасауға арқылы халықтың назарын өздеріне аударып, қолдауына ие болу үшін ашық күрес жүргізетін бәсекелес саяси күштерге бөлінеді.

3. Демократиялық режимнің саяси жаңалықтарды қабылдай білу қабілеті - Мұнда демократияның саяси жүйе ретінде беріктіктің, тұрақтылықтың қажетті қорына ие бола отырып, сыртқы өсерлерді белсенді қабылдауы мүмкіндігімен, оларға лайықты жауап бере алуымен, тіпті қажет болған жағдайда бейімделуімен, өзін-өзі жетілдіруімен анықталады.

4. Саяси қатынастар субъектілерінің іс-әрекеті мен құрметі үшін саяси кеңістік жасау – Мұнда мемлекеттік билік пен азаматтық қоғамның өзара бірлесіп қызмет етуін, сондай-ақ олардың әр түрлі ұйымдастыру формаларын, әдістерін, күштері мен құралдарын қамтитын терең тізбектелген саяси жүйе қалыптасады.

Саяси режим ретіндегі демократияның және қызмет атқарып отырған саяси мәдениеттің басты белгісі-тұлғаның Құқықтық қорғалуы. Демократиялық режим-конституциялық режим. Конституция баптарында тұлғаның негізгі Құқықтары мен олардың кепілдіктері жазылған.

5. Демократиялық қоғамдағы саяси және идеологиялық плюрализм – Мұнда әрқилы саяси тенденциялар мен олардың ұйымдық қалыптасуы, саяси ойлары, әрекеттері пайда болатын көпсубъектілі қоғам ретінде сипаттайды. Азаматтардың саяси белсенділігі азаматтық қоғам институттарын ұйымдастыруға алып келеді, онда азаматтардың мемлекеттік билік құрылымдарынан тәуелсіз саяси өмірге қатысуға ынтасы өзін-өзі ұйымдастыру, өз қайраткерлігі мен өзін-өзі басқару жолымен жүзеге асады. Бірақ азаматтық қоғам құрылымдары Конституция мен мемлекет заңдары белгілеген шеңберде ұйымдасып, қызмет істеуі тиіс. Мемлекеттік билік пен азаматтық қоғамның бірлесіп қызмет етуі конституциялық нормалармен және мемлекет заңдарымен анықталынады. Мемлекеттік билік пен азаматтық қоғамның құрылымдары қоғамның тәуелсіз элементтері ретінде қызмет етуі тиіс. Мемлекеттік билік азаматтық қоғам институттарының бақылауында болады, себебі олар мемлекеттік биліктің қалыптасуына, оның саясатын түзеп, жүзеге асуына белсенді түрде ат салысады.

Билікті, оның шешімдері мен акцияларын, олардың салдарын үнемі сыни тұрғыда бағалайтын және жариялы, ашық сынау жолымен қоғамдық көзқарасты қалыптастыратын оппозициялық саяси элитаның көмегімен жүзеге асады.

Биліктің белдеулік тұрғыдан атқарушы, заң шығарушы және сот билігі болып бөлінуіне, сондай-ақ оның құрылысы түрлеріне (унитарлық, федеративті, конфедеративті); жергілікті жердегі өзін-өзі басқару органдарының күшею мүмкіндігіне (билікті тікелей жергілікті жерлерде жүзеге

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11- 84 беттің 66 беті
Дәріс кешені		

асыратын биліктің төменгі тармақтарындағы билік өкілеттігі) байланысты жүзеге асатын мемлекеттік биліктің құрылымдық икемділігі.

Тоталитаризм (лат. totalis – тұтастай, түгелдей) – деспотизмнің бір түрі. Тоталитаризм орнаған мемлекетте қоғам өмірінің барлық саласы биліктің бақылауында болып, адам бостандығы мен конституциялық құқықтары жойылады, оппозиция мен өзге саяси ой өкілдері саяси қуғын-сүргінге ұшыратылады. Тоталитаризмнің тарихи үлгілері КСРО-да Сталин, Қытайда Мао Цзэ-дун, Солтүстік Кореяда Ким Ир Сен режимі кезінде, фашистік Италия мен Германияда орнады.

1) қоғамның, жеке адамдардың өмірін деспоттық, авторитарлық — бюрократиялық мемлекеттің күшімен басқаратын қоғамдық-саяси құрылыс. Тоталитарлы саяси жүйе ең сорақы түрі — фашистік тәртіп;

2) саяси ой-жүйедегі тоталитарлық тәртіпті атқарушы бағыт.

Барлық тоталитарлық жүйелердің ортақ 8 белгісі бар:

1. Бюрократияның бір партия арқылы саяси, экономикалық, әскери және идеол. үстемдік жүргізуі;

2. Саясиленген иерархиялық әлеуметтік құрылыс;

3. Міндетті түрде қолына жоғарғы саяси, экономикалық, әскери және

5. Қоғамды қорқынышта және толық бағыныштылықта ұстау мақсатымен қуғын-сүргін науқанын жүргізіп тұратын қуатты қуғындау-жазалау органы;

6. Әскерилендірілген экономика, ішкі саясаттың әскери-өндірістік кешенге тәуелділігі;

7. Мәжбүрлеуші идеологияның болуы, оған мойынсұнбау ауыр қылмыс ретінде бағалануы;

8. Қоғамда жау бейнесінің қалыптастырылуы, сол жауға деген жек көрушілік режимнің мақсатына жету жолында бұқараның жұмылуына себепші болады.

Кеңестер Одағында Тоталитаризм орныққан 1920 – 1930 ж. байлар мен кулактарды тап ретінде жою шаралары және ауыл шаруашылығын коллективтендіру саясаты жүзеге асырылып, қазақ халқы алапат ашаршылық пен босқыншылықты бастан кешті. Кеңестік Тоталитаризм ұлттық зиялы қауым өкілдерінің бір бөлігін өзіндік саяси ұстанымдарына орай “тап жаулары”, “жат пікірдегілер” және “әлеуметтік қауіпті элементтер” ретінде қудалады. А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Ә.Байділдин, Д.Әбілов, М.Тынышбаев, Т.Рысқұлов, т.б. қазақ қайраткерлері кеңестік Тоталитаризмнің құрбаны болды.

2-дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңде де тоталитаризм қысым-шылығын Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменов, Б.Кенжебаев, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Марғұлан, Қ.Сәтбаев сияқты қазақ зиялылары бастан кешті. Кеңестік Тоталитаризмге қарсы наразылық 1960 жылдан қарқын ала бастады. Бұған Мәскеуде қазақстандық жастардың “Жас тұлпар” ұйымын құруы және 1979 ж. Целиноградта болған оқиғаның бой көрсетуі дәлел бола алады. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы кеңестік тоталитаризмге қарсылықтың айқын көрінісі болып табылады.

Тоталитарлы саясаттық жүйе - мемлекеттің қоғамға және жеке адамға толықтай, тұтас бақылау орнатуымен сипатталатын саяси жүйенің бір түрі.

Оған тән ерекше белгілер:

1. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының барынша бұзылуы; барлық деңгейдегі биліктің жоғарыдан тағайындалуы;

2. Билік бөлінісі принципінің жойылуы, яғни, биліктің барлық - атқарушы, заңшығарушы, сот тармақтарының тұтасып кетуі;

3. Басында көсемі бар бір ғана билеуші партияның болуы және оның мемлекетпен тұтасып кетуі;

4. Басқа партиялардың және ұйымдардың қызметінің ресми "қозғалыс" қызметімен алмастырылуы;

5. Қоғамның барлық мүшелеріне бір ресми идеологиялық доктринаның таңылуы;

6. Тек қана мемлекеттік нысандағы бұқаралық ақпарат құралдарының болуы, қандай да болмасын ақпараттың қатаң "сүзгіден" өткізілуі;

7. Үздіксіз әрі тұтастай зорлыққа негізделген мемлекеттік ұйымдасқан лаңкестік.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 67 беті

Авторитаризм - (гр. 'autoritas' - билік, ықпал ету) - саяси тәртіп түрі. Авторитарлық - біржақты билеу, басқарушылардың бағынушыларға жүргізетін үстемдігі. Түрлері: абсолютті монархия, диктатура, теократиялық және посттоталитарлық тәртіптер.

Өртүрлі саяси мәселелерді шешу тәсілдері (реформалар, қоғамды қайта құру), сондай-ақ төңкерістер мен соғыстар авторитаризмге әкеліп соқтыруы мүмкін. Тоталитарлық тәртіптен елеулі түрде ерекшеленеді: оларда шектеулер едәуір дәрежеде аз және жеке адамның еркіндіктері мен құқықтары емес, саяси еркіндіктер мен құқықтар шектеледі; тәртіп саяси партиялар мен идеологияға сүйенбей, әскер күші мен дәстүрлі діндерді арқа тұтады; қоғамға жаңа құндылықтар жүйесін құрып, енгізуге талпынбайды; азаматтық қоғам құруды мақсат етпейді.

Ал, экономикалық (жекеменшік түрлерінің көптігі, еркін нарық, кәсіпкерліктің қолдау табуы және т.б.), саяси (кәбіне партиялық одақ немесе қозғалысқа сүйенеді), әлеуметтік (бір-біріне жау таптарды, жіктерді жоюды көздемейді), идеологиялық (дәстүрліден басқа да құндылықтар жүйесінің шектеулі және жасырын өмір сүруіне жол береді) салаларда билігі едәуір шектеулі.

Дәстүрлер - авторитаризм билігінің негізгі шектеушісі. Дегенмен, оның тоталитаризммен ортақ белгілері де бар: мемлекеттік биліктің мирасқорлық жайы заңдастырылмайды; азаматтардың демократиялық құқықтары мен бостандықтары шектеледі; оппозициядағы партиялар мен қозғалыстардың біразына немесе барлығына тыйым салынады; мемлекеттік органдарға сайлану шектеледі және парламентті екінші дәрежелі, арзан қол органға айналдырады; басқарушы партия мемлекеттік органмен ұласып, тұтасып кетеді; жергілікті өзін-өзі басқару және билік органдарының өкілеттілігі шектеулі әрі іс-әрекеті ресми түрде болады; оппозициялық бағыттағы баспасөзге қатаң тыйым салынады; қарсыластарымен күресте лаңкестік әдісті пайдаланады. Басқаруда мемлекеттік билікті қатаң орталықтандырып, әміршіл әдісті қолданады.

Барлық мемлекеттік билікті бір адамның немесе адамдар тобының қолына шоғырландыру арқылы, саяси бостандықтарды барынша жоғары немесе аз деңгейде шектеуді білдіретін саяси режим түрінің бірі.

Авторитарлық саяси жүйе -[лат. autoritas - билік, ықпал ету] - демократиялық және авторитарлық саяси жүйелер бір-біріне қарама-қайшы. Авторитарлық саяси жүйелерде басқарушы топтың билігін қалың бұқара заңды түрде мойындамайды; басқарушы топтың құрамына халық қатыспайды; саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыруда бұқараның үлесі жоқ; басқарушы топ өз билігін әлеуметтік топтар мен жіктердің тарапынан еш бақылаусыз жүзеге асырады. Мұның барлығы авторитарлық сипаттағы саяси жүйелердің саяси өміріне бұқараның қатысуы өте шектеулі екендігін дәлелдейді. Авторитарлық билік заңдылығының негізі - дәстүр немесе билеушінің харизмалық тұлғасы. Дегенмен, авторитарлық саяси жүйелерге біржақты теріс баға беруге болмайды. Адамзат тарихи даму жолының басым бөлігінде осындай саяси жүйелер аясында өмір сүрді. Авторитаризм индустриалды қоғамға дейінгі билікті ұйымдастыру түрі болды. Бірқатар Азия, Африка, Латын Америкасы елдерінде бүгінгі күнге дейін авторитарлық саяси жүйелер орныққан. Олар бұл тәртіптің орнығуын ұлт азаттығы мен қайта дәуірлеуі үшін қажет деп бүркемелейді.

Мұнда авторитарлық басқарушылар халықтың мойындауына тек күшпен ғана емес, заңдастырудың харизмалық әдісін қолдану арқылы қол жеткізеді. Авторитарлық билік шын мәнінде қоғамдық тәртіп орнатуда, қоғамдық құрылымдарды қайта құруда, аса маңызды мәселелерді шешуге қажет ресурстар мен күшті жұмылдыруда тиімді. Алайда, қазіргі таңда авторитарлық саяси жүйелер өтпелі кезеңге тән құбылыс ретінде сипатталады. Одан әрі не демократизмге, не тоталитаризмге ұласады.

Ол айтарлықтай кең негіздерге ие. Өйткені, бедел — билік пен билік құрудың қажетті құрылымдық элементі. Оны биліктің атрибутивтік белгісі деп есептеуге болады. Сондықтан билік, билік құрушы субъект өз беделінің сақталуы мен өсуіне әрдайым қамқорлық жасап отырады. Бедел биліктің және оның шешімдері мен әрекеттерінің заңдылығын қамтамасыз етеді. Билік құру тек қана зорлық-зомбылық пен мәжбүрлеу емес, оны бағыну- шының келісімі негізінде басқару болып табылады. Бедел билік құрушы субъектінің бағынушылардың үстінен қарай- тын және олардың тіршілік әрекеттеріне бағдар беретін күшке айналдырады.

ONTÜSTÜK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 68 беті

Билік жеке бағынушылардың шамасы келмейтін ерекше құндылықтарды жоспарлап, жүзеге асыратындықтан беделді. Сондықтан бедел адамдардың ассоциативтік бірлестігінің бастапқы кезеңдерінен бастап адамдар қауымдастығының барлығында қызмет етті. Бедел биліктің әлеуметтік, моральдық-психологиялық негізі болып саналады. Авторитет, авторитаризм, авторитарлық — тек бір түбірлі сөздер ғана емес, олар мемлекеттік биліктің жүргізілуінің өзіндік ерекшеліктерін білдіреді.

Авторитаризм, авторитарлық саяси режим — билік құрушы элитаның бөлініп шығуы, жеке бостандықтар мен саяси бәсекелестіктің шектелуі, адамдарды саяси қауым-дастыққа біріктіретін тіршілікке қажетті әлеуметтік-саяси факторлар тән ерекше саяси режим. Сол себепті авторитарлық режим өз бетінше қызмет етеді, онда билік үшін ашық бәсекелестік күрес жоқ. Билік үшін күрес, көп жағдайда, саяси тартыстар түрінде билік құрушы элитаның ішінде жүреді. Қоғам құрылымданған, саяси рөлдер анықталынған, саяси жинақылық төмен. Адамзаттың тарихи тәжірибесінде авторитарлық режимнің дамуының әр түрлі формалары көрініс тапқан. Бұл формалардың ерекшелігі қауымдастықтың дамуының әлеуметтік-мәдени деңгейімен анықталынады.

Осылайша саяси режим саяси жүйенің де, қоғамның, мемлекеттің, тұлғаның да мәнді сипаттамасы. Ерте кезден, яғни қоғамның пайда болу кезеңінен бастап адамдарды қауымдастыққа қалай біріктіруге болады, жеке адам мен қоғамды, яғни жеке адамдардың мүдделері мен тұтастай қоғамның мүдделерін қалай біріктіруге болады деген әлеуметтік проблемалар "мәңгілік" сұрақтар болып қала берді. Осы проблеманы шешудің шынайы тәжірибесі зерделенген саяси ойлар тарихында оларды біріктірудің авторитарлық және демократиялық деп аталатын екі тәсілі бар. Бұл жағдайда, жеке немесе ортақ мүдденің қайсысы басым; тұлға өзінің мүдделерін сезінуде және жүзеге асыруда қаншалықты еркін; осы мүдделерді жүзеге асыру мен олар-ды түйістіру үшін биліктік іс-әрекеттің қандай ұйымдастыру құрылымдары мен әдістері қолданылады деген мәселелер әрқашан күн тәртібінде тұрды. Саяси режим тұлғаның саяси шынайылықты және оның проблемаларын түсінуіне шешуші ықпалын тигізетін саяси еркін қалыптастыра отырып, белгілі бір деңгейде тұлғаның әлеуметтік-саяси белсенділігін шектейді. Сондықтан да, саяси режим — абстрактілі категория емес, ол шынайы әлеуметтік-саяси мазмұнға ие. Ол сонымен бірге адамның ішкі дүниесін, оның құндылық бағдарларын қалыптастырады. Саяси режим саяси жүйенің құрылымдық элементтеріне, олардың саяси басымдықтарына, биліктік әсер етудің әдістерін, құралдарын таңдауына ықпал етеді.

Саяси жүйе дегеніміз қоғамдағы адамдардың саяси іс-әрекеттерін анықтайтын, бағыттайтын және бақылайтын институттар мен ұйымдар, нормалар мен принциптер жиынтығы.

Саяси жүйе төмендегідей құрылымнан тұрады:

Институционалды, мұнда мемлекет, саяси партиялар мен ұйымдар кіреді;

Нормативті құрылым, бұған заңдар, жазылған немесе жазылмаған нормалар мен принциптер жатады;

Мәдени құрылым, саясаттың ішкі эмоционалды жақтарын қарастырады

Коммуникативті құрылым қоғамдағы саяси билік қатынастарын қамтиды;

Функционалды құрылымға әр түрлі саяси рөлдер мен қызметтер жатады.

Саяси жүйенің жұмыс жасап, дамуы оның «кірісі» мен «шығысына» байланысты. Кіріске жататындар: талап тілектер, мүдде, мұқтаждықтар, қолдаулар немесе кеіпшеушіліктер. Осы кіріске жауап ретінде саяси жүйе жұмыс жасайды. Ол шығыс деп аталады. Оған жататындар: заңдар, шешімдер, бұйрықтар, реформалар және тағы жа басқалары. Саяси жүйенің басқа қоғамның жүйелерден айырмашылығы, онда күш көрсету құқы бар.

Батыс саясаттанушыларының арасында саяси жүйені келесі түрлерге жіктейді: ағылшын-америкалық, құрылымдық-еуропалық, индустрияланбаған немесе жартылай индустрияланған, тоталитарлық.

Саяси жүйенің ағылшын-америкалық түрі ондағы саяси мәдениеттің бірыңғайлығымен, біртектілігімен сипатталады. Бұл елдерде мемлекеттің алдына қойған саяси мақсат-мұратын және оған жетудің жолдары мен әдіс-тәсілдерін халықтың бәрі қолдайды. Ол мәдениет еркіндік, тиімді есепқорлық, пысықтық, ұқыптылық, саяси либерализмге негізделген.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		39/11- 84 беттің 69 беті

Құрылықтық-еуропалық саяси жүйенің ұсынатын құндылықтары әр түрлі келеді. Онда ескі мәдениеттің жұрнақтары мен жаңа мәдениет астарласып жатады.

Индустрияланбаған немесе жартылай индустрияланған саяси жүйеде батыстың құндылықтары, этникалық салт-дәстүрлер, діни әдет-ғұрыптар шоғарланған. Мемлекет биліктері анық бөлінбеген.

Тоталитарлық жүйеде саяси мәдениеттің таптық сипаты бар. Сырттай қарағанда ол біртектес сияқты. Оның құндылықтарын қоғамның барлық мүшелері қолдай бермейді. Бірақ ол мойындауды еріксіз жасайды. Билеуші партия саяси жүйенің барлық элементтерінің іс-әрекетіне бақылау жасайды.

Саяси жүйенің дамуы, саяси тұрақтылық және тұрақсыздық

Саяси тұрақтылық дегеніміз – қоғамның саяси жүйесінің қоғамдық өзгерістерге уақытында жауап беріп, шиеленістерді дер кезінде шеше алу жағдайын айтамыз.

Саяси тұрақтылықтың үш түрі бар: абсолютті, статикалық, динамикалық.

Абсолютті тұрақтылық тек теориялық тұрғыдан зерттелген жағдай. Статикалық тұрақтылық дегеніміз мемлекеттің тарапынан орнатылатын тұрақтылықты айтамыз. Ал динамикалық тұрақтылық дегеніміз халық тарапынан да, мемлекеттік билік тарапынан да сол тұрақтылықты орнатуға деген мүдде мен белсенділікті айтамыз.

Саяси тұрақтылықты орнатудың екі жолы бар. Олар: дамыған демократия арқылы орнату және диктатура арқылы. Екі жолдың қайсы жағымды, қайсы жағымсыз екені қазіргі таңдағы ең даулы мәселелердің бірі болып табылады.

Саяси тұрақсыздық дегеніміз – қоғамның саяси жүйесінің сыртқы және ішкі саяси шешімдерге байланысты тәуекелділікке баруы. Саяси тұрақсыздықтың екі түрі болады: экстрозанды және өкіметтік. Экстрозанды тұрақсыздыққа жататындар: терроризм, соғыс т.б. Ал өкіметтік тұрақсыздыққа жататындар: мемлекеттің ішкі саясатына байланысты қабылданған шешімдерге байланысты, мысалы: сайлау, реформа, заң, болатын өзгерістер.

Кез келген саяси тұрақсыздықты алдын ала байқап білуге болдады. Оның негізгі белгілері:

Қоғамның құндылықтарын үлестірудегі әлеуметтік теңсіздік деңгейі;

Этносаралық және діни шиеленістер деңгейі;

Конституциялық құқықтың бұзылу деңгейі;

Солшыл радикалды идеялар деңгейі;

Саяси плюрализм деңгейі.

«Партия» деген ұғым латын тілінен аударғанда «бөлік, бөлшек» деген мағынаны білдіреді.

Алғашқы партиялар ежелгі Грецияда пайда болған. Жалпы партиялардың даму кезеңдері:

1. аристократиялық котерийлер (үйірмелер);
2. саяси клубтар;
3. көпшілік партиялар.

Саяси партиялардың түрлері өте көп. Мысалға: кадрлық, көпшілік, консерваторлық, реформаторлық, революциялық, заңды, заңсыз, басқарушы, оппозициялық, оңшыл, солшыл, орталық, парламенттік және антипарламенттік болып бөлінеді. Бұл партиялардың идеяларында, бағдарламаларында ерекшеліктері көрсетілген.

Қоғамдағы партиялардың санына байланысты, бірпартиялық, қоспартиялық және көппартиялық жүйелер қалыптасады.

Партиялардың негізгі қызметтері:

- жекелеген пікірлерді, мүдделерді біріктіру, жүйелеу, қоғамдық деңгейге көтеру;
- басқа партиялармен бәсекелестікте болу;
- белсенді мүшелерін саяси элитаға енгізу;
- мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы байланысты тұрақты ету, дамыту;
- қоғамның дамуына байланысты белсенді жұмыстар атқару.

Саяси партиялардың қоғамдық ұйымдардан айырмашылығы, олардың басты мақсаты – мемлекеттік билікке ұмтылу, ал қоғамдық ұйымдар билікке ұмтылмайды, тек өзінің алдына қойған жалғыз мәселесін шешуге тырысады.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 70 беті

Қазақстандағы саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар көп. Олардың бағдарламалары, алдарына қойған мақсаттары анық көрсетілген. Партиялардың демократиялық қоғамды орнатуда маңызы өте зор. Қазақстандық партиялар әлі қалыптасу үстінде деп айтуға болады.

Мемлекеттің саяси жүйесіндегі маңызды буыны – сайлау. Оның сипаты өкіметтің сайланбалы органдары құрамына әсер ететіні сөзсіз.

Сайлау жүйесі дегеніміз - өкімет органдарына ашық сайлаумен байланысты және сайлау тәртібін айқындайтын қалыпты қоғамдық қатынастар жиынтығы.

Оның негізгі құрамдас бөліктері төмендегідей:

- берілген дауысты санау тәсілі мен депутаттық мандат беру мағынасында алып қарағанда, сайлаудың саяси ұйымдастырылуы бейнеленеді;

- сайлау процесі сайлаудың тікелей ұйымдастыру жағын көрсетеді.

Сайлаушылардың берген даусын санау тәсілі мен депутаттық мандат беру ретіндегі сайлау жүйесі дамыған шетелдерде абсолютті көпшілікті мажоритарлық жүйе (Франция), пропорционалды жүйе (Австрия, Бельгия, Франция), аралас жүйе түрінде қолданылады.

Енді осы сайлау жүйелеріне байланысты қолданылатын сайлау кампаниялары, жарнама, ПР, сайлау үлгілеріне тоқталып, олардың Қазақстанда қолдану ерекшеліктеріне мән беруге тырысамын.

Демократия көшіне бет алған тәуелсіз мемлекетіміздің кәсіби тұрпатта кемелденуін саралаудың мақсатты жолында төл сайлау жүйесін жетілдіру үшін әлемдік өркениет тәжірибесіне де назарымызда аударуымыз қажет деп ойлаймын.

Жоғарыда айтылғандарды қарасақ, алыс және жақын шет елдердегі саяси технологиялар тәжірибелерін және либералдық демократиялық дамуын зерттеудегі әдіснамалық негіздің пайда болуы мен даму тарихына деген қызығушылық заңды және негізі бар құбылыс болып табылады. Соңғы жылдары қазақстандық қоғам терең, сапалы өзгерістерді басынан өткеруде, ол әлеуметтік-саяси жүйенің фундаменталды параметрлерін радикалды құрастыруымен байланысты. Мемлекеттің саяси іс-әрекетке монополиясынан бас тартуы, плюралистік және полисубъекті ретінде қазақстандық саяси өмірдің қалыптасуы жаңа парадигмаларды қажет етеді және практикалық қайта құру саласында, саяси нақтылықты теориялық ұғыну жағынан да осындай талаптар бар.

4. Иллюстрациялық материал: презентация

https://docs.google.com/presentation/d/1V_uq_5hi8yFah4aVwsqX4HEBMja9vTjA/edit?usp=drive_web&ouid=106659929443614445216&rtpof=true

5. Әдебиет:

Қазақ тіліндегі негізгі:

1. Әлеуметтану: оқу құралы / М. А. Ертаев, С. М. Тасқынбаева, Ф. М. Каратаева. - Қарағанды: ЖШС «Medet Group», 2020. - 330 бет.
2. Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 208 с.
3. Жанысбеков М.А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: дәрістер кешені/ ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі. ОҚМФА. «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндері». - Шымкент: [б. и.], 2015. - 101 б.
4. Сыдықов, Ұ. Саясаттану: оқулық. - Алматы: New book, 2022-96 бет
5. Бринкерхоф, Д.Әлеуметтану негіздері: оқулық / Д. Бринкерхоф, Р. Уейтс, С. Ортега; Қаз.тіл.ауд.С.А Амандосова[және т.б.]. - 9- басылым. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 464 б. с.: (Рухани жаңғыру).
6. Ритцер, Д. Әлеуметтану теориясы: оқулық / Д. Ритцер, Д.Степницки; қаз. тіл. ауд. Г.О. Әбдікєрова [және т.б.]. - 10- басылым. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856 б.: (Рухани жаңғыру).

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/11- 84 беттің 71 беті
Дәріс кешені	

7. Әлеуметтану: жаңа буынға арналған оқулық / А. Н. Тесленко, Ж. Ж. Сембина, А. Т. Аязбаева; ҚР білім және ғылым министрлігі. «ҚазГЮУ университеті» АҚ. - Қарағанды: ЖШС «Medet Group», 2015.
8. Забирова, А. Т. Практикалық әлеуметтану: оқу құралы / А. Т. Забирова. – Алматы: Эверо, 2014. - 206 бет
9. Нысанбаев, Ә. Социология: оқулық. - Алматы: Эверо, 2014.
10. Әбсаттаров, Р. Әлеуметтік: өзекті мәселелер. (Екі томдық оқу құралы). 1,2-том: оқу құралы / Р. Әбсаттаров, М. Дәкенов ; ҚР Білім және ғылым министрлігі. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Пед. ун. - 2-ш. бас., толық. - Алматы : Қарасай, 2015. - 408 с..
11. Әженов, М. С. Қоғамның әлеуметтік құрылымы : оқу құралы Алматы : Эверо, 2014

Қазақ тіліндегі қосымша:

1. Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігі = Dictionary of the social sciences / сөздік; ред. К.Калхунның. - Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 480 бет: (Рухани Жаңғыру).
2. Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016.
3. Решетников, А. В. Медицина әлеуметтануы: оқулық / А. В. Решетников; ред. Т. Қ. Рақыпбеков; қаз.тіліне ауд. А. М. Марқабаева; жауапты ред. Т. Қ. Рақыпбеков. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2015.
4. Армстронг, К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: құдайтану баяны = A History of God The 4000-year Quesf of Judaism.Christianity and Isiam: монография / К.Армстронг; ауд. Д. Кенжетай [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 432 б. с.: (Рухани жаңғыру).
5. Андерсон Джеймс Э. Мемлекеттік саясат = Public Policymaking : оқулық / Джеймс Э. Андерсон ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Х.Ғ. Масадиков. - 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 448 б. с
6. Синглтон Ройс А. Әлеуметтік зерттеу әдістері = Approaches to Social Research : оқулық / Ройс А. Синглтон, Брюс С. Стрейтс ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Н.Ә. Муминов. - 6-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 816 б. с
7. Хейвуд Эндрю. Саясаттану = Politics : оқулық / Эндрю Хейвуд ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 5-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 520 б. с
8. Коннолли Мэри. Әлеуметтік жұмыс: контексі мен практикасы = Social Work:Contexts and Practise : оқулық / Мэри Коннолли, Луиза Хармс, Джейн Мейдмент ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б. Мизамхан. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 384 б. с
9. Нортхауз Питер. Көшбасшылық: теория және практика = Social Work:Contexts and Practise : оқулық / Питер Нортхауз ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.М. Икрамова. - 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 560 б. с.
10. Постон Дадли Халық саны және қоғам. Демографияға кіріспе = Ethnography. Principles in Practise : оқулық / Дадли Постон, Леон Ф. Бувье ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 488 б. с

 ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 72 беті

11. Смитт Энтони Д. Ұлттың этностық тамыры = The Ethnic Origins of Nations : оқулық / Энтони Д. Смитт ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. И. Алибаева. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 388 б. с
12. Хаммерсли Мартин. Этнография: зерттеу принциптері = Ethnography. Principles in Practice : оқулық / Мартин Хаммерсли, Пол Аткинсон ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Мусина. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 400 б. с

Электронды оқулықтар

1. Основы антикоррупционной культуры [Электронный ресурс]: учебное пособие / под ред. Б. С. Абдраилова. - Электрон. текстовые дан. (702Мб). - Астана: Акад. Гос. упр. при Президенте РК, 2016. - 176 с.
2. Гендерная социология. Акбаева Л.Н., 2017. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
3. Әлеуметтану. Ертаев М.А., Таскымбаева С.М., Қаратаева Ф.М., 2020. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
4. Әлеуметтану. Тесленко А.Н., Сембина Ж.Ж., Аязбаева А.Т., 2019. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
5. Решетников, А. В. Социология медицины / Решетников А. В. - Москва: ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 864 с. - ISBN 978-5-9704-3067-5. - Текст: электронный. <http://rmebrk.kz/>
6. Тәжітаева, Р.С. Саясаттану: Электрондық оқулық. - Жетісай: «Сырдария» университеті, 2016. <http://rmebrk.kz/>
7. Ритцер, Д., Степницки, Д. Әлеуметтану теориясы: Оқулық. - 10-басылым - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856б. - ISBN 978-601-7943-17-2. <http://rmebrk.kz/>

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Саяси режим түсінігі мен түрлерін атаңыз.
2. Тоталитаризм және авторитарлық саяси режимдердің ерекшеліктері неде?
3. Қазақстандағы саяси режим қандай?
4. Сайлау жүйелерінің мәні мен сайлау жүйелерінің негізгі түрлерін атаңыз.
5. Қазіргі Қазақстанның сайлау жүйесінің ерекшеліктері қандай?
6. Саяси партиялардың түсінігі, мәні, белгілері мен қызметтерін анықтаңыз.

№10 дәріс

1. Тақырыбы. Саяси даму және модернизация. Саяси шиеленістер мен дағдарыстар.

Әлемдік саясат және қазіргі халықаралық қатынастар.

2. Мақсаты: Саяси мәдениет пен саяси идеологияның түсінігі мен негізгі үлгілері, Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты қадам, 5 президенттік реформаның мазмұнын, саяси шиеленістер мен дағдарыстар мәнін түсіндіру.

3. Дәрістің тезистері:

1. Саяси мәдениеттің түсінігі, мәні, құрылымдық компоненттері мен қызметтері. Саяси мәдениеттің негізгі үлгілері. Қазақстан Республикасындағы саяси мәдениет – қазіргі жағдайы мен даму үрдістері.
2. Саяси әлеуметтену: мәні, кезеңдері, үлгілері мен факторлары. Саяси мінез-құлық пен саяси қатысу – түсінігі, негізгі теориялары, жіктелуі. Саяси идеологияның мәні мен белгіленуі. Қазақстан Республикасындағы сана мен ойлаудың жаңа үлгісінің стратегиясы, қоғамдық сана модернизациясы.
3. Саяси модернизация түсінігі. Саяси модернизацияның мақсаты, оның негізгі сипаттары. Саяси модернизацияның кезеңдері мен факторлары. Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты қадам. «Қазақстан-2050 Стратегиясы» Қазақстан Республикасының саяси бағыты ретінде. Күшті мемлекет және Қазақстанның әлемнің ең дамыған отыз мемлекеті қатарына енуі.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 73 беті

4. Шиеленіс әлеуметтік құбылыс ретінде. Саяси шиеленістер, олардың мәні, конструктивті және деструктивті қызметтері. Саяси шиеленістер мен дағдарыстардың типологиясы. Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстан.

Қазіргі кезде батыс әдебиетінде саяси мәдениеттің мазмұнын ашуға бағытталған отыздан астам анықтамалар бар.

Саяси мәдениет саясаттану ілімінде өте күрделі және әлі жеке тексерілмеген тақырыптың бірі болып табылады. Саяси мәдениеттің отыздан астам анықтамасы бар болса да жеке саяси мәдениет ұғымының жалпыға бірдей ортақ анықтамасы жоқ. "Саяси мәдениет" деген ұғымды бірінші рет пайдаланып, ғылыми әдебиетке енгізген XVIII ғ. өмір сүрген немістің ағартушысы фэлсафашы Иоганн Гердер болды. Бұл ұғым саясаттануға XX ғасырдың 50-60 жылдары енді. Американың зерттеушілері Г. Алмонд, С. Верба, Л. Пай "саяси мәдениет" деген атпен саясатқа да, мәдениетке де қатысы бар еңбектер жазды.

"Саяси мәдениет" ұғымының жалпыға бірдей ортақ анықтамасы жоқ. Сондағы бірнеше анықтамаларға тоқталып көрейік.

Поляк саясаттанушысы Е. Вятрдің анықтамасы бойынша "саяси мәдениет"-өкімет пен азаматтар арасындағы өзара қарым-қатынастарға, байланысты мақсаттар, құндылықтар мен жүріс-тұрыс беталысы актілерінің жиынтығы. Сондықтан саяси мәдениетке жататындар мыналар дейді: а) Саясат жайлы білімі, фактілермен таныстығы, оларға қызығушылығы болуы; б) билікті іске асыруға қатысты саяси құбылыстарды, құндылықтардың талдануын бағалай білу; в) саяси мақсаттың сезімге әсер ететін жағы-мысалы, отанды сүю, оның жауларына өшпенділік; г) әртүрлі жағдайда қандай әрекет жасауды анықтайтын сол қоғамда әбден танылған саяси мінез-құлықтың үлгілері. Саяси мәдениетке берілген түсініктемелердің басым көбінде-оған халықтың рухани мәдениетінің бір бөлігі, қоғамдық-саяси институттар мен саяси процестерге байланысты элементтер кіретіндігі мойындалады. Сондықтан әр елдің саяси мәдениетін дұрыс түсіну үшін оны жалпыұлттық мәдениеттің кең және тығыз бөлігі ретінде қарауымыз керек. Саяси мәдениетті құрастыратын басты элементтер-жалпыұлттық мәдениетке, тарихи-ұлттық, діни-дәстүрлікке, әдет-ғұрыпқа, рухани мақсаттарға т.б. тығыз байланысты. Саяси мәдениетті құрайтын элементтердің сапалы бөліктері ретінде ұзақ жылдар бойы қалыптасқан саяси дәстүрлер, сол кезеңде пайда болған саяси ереже-тәжірибелер, ойлар, тұжырымдар, әртүрлі қоғамдық-саяси институттардың қарым-қатынастарын сенімді түрде қарауға болады. Оның құрылымына тағы да өмір сүріп тұрған саяси құрылыс, оның институттары, жеке адам мен қоғамның, мемлекеттің араларындағы жалпы өзара көзқарастар туралы түсініктер кіреді. Сонымен, саяси мәдениет деп белгілі бір қоғамға немесе әлеуметтік қауымдастыққа тән саяси сана мен іс-әрекеттердің ұқсастық жиынтығын айтады. Саяси мәдениет дегеніміз қоғамның саяси өміріне лайықты типті саяси сана мен саяси мінез құлықтың жиынтығы болып табылады. Саяси мәдениеттің негізгі қызметтері: 1.Танымдық қызметі 2.Реттеушілік қызметі 3. Тәрбиелік қызметі 4.Біріктірушілік қызметі 5. Қорғау қызметі. Саяси мәдениеттің құрылымдық элементіне саяси құндылықтар жатады. Адамдардың қоғам, мемлекет, еңбек ұжыдарының істеріне, саяси процесстерге қатынасуға деген қалыптасқан талаптарын, іштегі қабылдаулары мен сенімдерім саяси құндылықтар ретінде қарауға болады. Саяси құндылықтарға қоғамдық жүйеге бағытталған негізгі нанымдар, мақсаттар, бағдарлар, символдар жатады. Саяси мәдениет белгілі бір дәреженің шеңберінде қоғам мүшелері сол тұстағы басқару түрлерін заң деп танытын, өздерінің саяси қабілетін сезінетін, жүргізіліп отырған саясаттан келісетіндігін білдіреді. Саяси мәдениетте саяси дәстүрлер мен әдет – ғұрыптың да манызы зор.

Саяси дәстүрлер мен мінез – құлқындағы үлгілерді берудің әдісі болып саналады. Саяси мәдениеттің ерекше белгісіне саяси рәміздер жатады. Саяси мәдениетке жалпы саяси жүйенің және оның институтаралық қызмет етеуі кіреді. Ол мемлекеттің партиялардың т. б. сайлауды қалай ұйымдастырып, саяси шешімдердің, саяси - әлеуметтік шиеленістерді ұғыну және зерттеудің мәдениеттілігін қамтиді. Саяси мәдениеттің негізгі құрылымы осындай. Енді оны қалыптастыратын қоғамдық күштерге тоқталайық. Саяси мәдениетті қалыптастыруда ең бірінші мемлекет қатысады. Ол бұл міндетін заң шығару, атқару және сот органдары арқылы атқарады. Саяси мәдениетті қалыптастыруға қоғамдық ұйымдар, әсіресе партиялар қатысады. Саяси мәдениетті қалыптастыруға

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 74 беті

діни ұйымдар да кіреді. Саяси мәдениетті қалыптастыруда елеулі роль атқаратын көпшілік ақпарат құралдары: баспасөз, радио, теледидар.

Саяси мәдениет пен саяси сана тығыз байланысты өйткені адамдардың саналық деңгейі жоғары болған сайын олардың қоғамдық ой-пікірлеріде еркін, әрі батыл болмақ. Азаматтарының белсенділігіне қарап қоғам өмірінің демократиялық деңгейін анықтауға болады. Мемлекеттің негізгі мақсаты-ұлттық қауіпсіздікті сақтау дейміз ұлттық қауіпсіздікті сақтау-қорғаныс күштерін нығайту ғана емес, ал азаматтарының бірлігін сақтау, рухы берік, өз ұлттының барлық асыл қазынасы мен асыл қасиеттерін бойына сіңіре білген, өз елінің дәстүрімен азаматтарды тәрбиелеп қалыптастыру оның бірден-бір сенімді жолы-жас ұрпақты мәдениет арқылы тәрбиелеу. Саяси мәдениеттің бірлігі қоғамның тұрақтылығын нығайтады, көптеген саяси процестерді дұрыс болжауға ықпалын тигізеді.

Идеология түсінігі және оның негізгі теориялары мен бағыттары: марксистік, аксиологиялық, психологиялық, социологиялық. «Идеологиясыздандыру» және «қайта идеологиялану» концепциялары, батыс марксизмінің Франкфурттық мектебінің өкілдері. Идеология – құндылықтар жүйесі ретінде. Идеологияның қызметі және деңгейлері.

Қазіргі заманғы саяси идеологияның негізгі түрлері: либерализм және неолиберализм, консерватизм және неоконсерватизм, социал-демократия, коммунизм, фашизм.

Қазіргі кезде табиғатына қарай идеология прогрессивтік және реакциялық, либералдық және радикалдық, ұлтшылдық және шовинистік болып жүр. Сондай тарихи тәжірибеге орай антифашизм, антикоммунизм идеялары да өрістеу үстінде.

Саяси идеологияның тұңғыш түрлерінің бірі – либерализм. (Латынның либералис – еркін деген сөзінен). Оның негізін салушылар: Дж. Локк, Ш. Монтескье, С. Смит, И. Кант, Т. Джефферсон, А. Токвил, Дж. Милль. Ол феодалдық қоғам ыдырап, буржуазиялық қоғамдық қатынастар қалыптаса бастаған дәуірде пайда болады. Буржуазия ол кезде экономикалық жағынан еріксіз еді. Сондықтан өзінің саяси билікке деген дәмесін, талабын либеральдық саяси доктрина арқылы білдірді. Бүгінгі таңда либерализм – ең кең дамыған идеологиялардың біреуі. XX ғасырдың бірінші жартысындағы (1929-1933) терең дағдарыс либерализмнің әлеуметтік теңсіздіктің өсуін тоқтатуға мүмкіндігі аз екендігіне көз жеткізді. Шексіз бәсекелестік пен нарық адамдар арасындағы үйлесімділікке, экономиканың гүлденуіне әкелмейді. Сондықтан, либерализм өз идеяларын қайта қарауға тура келді және ол жаңарған либерализм (неолиберализм) деген ат алды.

Консервативтік (латынның консервативус-қорғаушы деген сөзінен) идеология Ұлы Француз революциясының (1789ж) саяси идеялары мен оқиғаларына жауап ретінде дүниеге келді. Бұл революцияны олар қоғамдық былықтың, бүлікшілік пен күйзелістің себебі деп санады. Бірақ ол бастауын XVII ғасырда пайда болған дәстүрлік діни-монархистік қорғаушы ағымынан алады. Консерватизмнің негізін қалаушыларға ағылшын философ және мемлекет қайраткері Эдмунд Берк (1729-1797), француз публицисі және қоғам қайраткері Жозеф де Местр (1754-1821), немістің тарихшысы, құқықтанушысы Фридрих фон Савиньи (1779-1861), Австрияның канцлері Меттерних (1733-1859) және т.б. жатады. XIX ғасырдың аяғы XX басында консерватизм негізгі қағидаларына өзгерістер енгізді. Ол еркін нарықтық қатынастар, алуан түрлілік және саяси демократия принциптерін қабылдады. Осы ғасырдың 70-жылдарынан Батыстағы консервативтік ой-пікірдің жетекші бағыты жаңарған консерватизмге (неоконсерватизмге) айналды. Ол жеке адамның құқықтары бостандықтарының басымдығын мойындауға бет бұрды.

Коммунистік (латынның коммунис – жалпы деген сөзінен) идеялар XIX ғасырдың орта кезінде дүниеге келген. Негізін салғандар К. Маркс (1818-1883) пен Ф 7 Энгельс (1820-1895). Олар жаң-жақты дамыған, еркін адамды қалыптастырғылары келді. Ол үшін тап күресі жүргізілуі, жұмысшы табы буржуазияны құртуы керек. Олардың ойынша, социализм орнататын бірден-бір құрал — социалистік революция. Оны жасай алатын бірден-бір күш – жұмысшы табы. Мемлекеттік биліктің таптық сипаты болады. XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында марксистік саяси идеология революциялық және реформистік болып екіге бөлінді. Революциялық ағымды В.И. Ленин басқарды. Рюмистік идеялар немістің социал-демократы Э. Бернштейн еңбегінде дамытылды.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 75 беті

Сонымен қатар, социал-демократия идеологиясы, фашизм, неофашизм идеологиялары бар. Фашизм (Италияның фашизм-бірлестік деген сөзінен шыққан) 1919 жылы Италия мен Германияда пайда болған. Негізін салушылар: Ф. Ницше, Дж. Джентилье, О. Шпенглер.

Саяси мәдениеттің қоғамның саяси жүйесінің негізгі құрамдас бөліктері есебіндегі мән - мағынасы, орны, атқаратын қызметі қандай деген мәселелер осы тақырыптың мазмұны болып табылады. Саяси мәдениет нақты әлеуметтік және саяси практика негізінде қалыптасады және олардың бейнесі, көрінісі болып табылады. Саяси өмірге қатысушылардың түсінігі, мәнділік бағдарлары мен ұмтылыс - мақсаттары, сондай - ақ, олардың сезім - күйлері, наным пиғылдары мен мінез - құлықтары саяси сана мен саяси мәдениеттің мазмұның құрайды. Ол нақтылы саяси жүйенің сипатын, қазіргі саяси тәртіптің мәнін, қоғамдық топтардың саяси санасы мен іс-әрекеттерінің ерекшеліктерін, саяси процестердің даму жолын және бағытын түсінуге мүмкіндік береді. Саяси мәдениет адамдардың жүріс-тұрысы мен әр түрлі ұйымдардың қызметіне, олардың ішкі және сыртқы саясат құбылыстарын ұғынуға, саяси болжам жасауына тікелей әсер етеді. Бұл ұғымның саясаттануға енгеніне көп болған жоқ. XX ғасырдың 50 жылдарының екінші жартысы — 60 жылдардың басында Г. Алмонд, С. Верба, Л. Пай деген Американың зерттеушілері мен олардың шәкірттері саясатқа да, мәдениетке де қатысы бар өзгеше қоғамдық құбылыс жөнінде бірнеше жұмыстар бастырып шығарды. Олар кейін “саяси мәдениет” деген атпен кең тарап кетті. Бірақ бұдан саяси мәдениет жөнінде бұрын еш қандай ой-пікір болмаған екен деген ой тұрмауы керек. Себебі, антикалық ойшылдар, атап айтқанда, Платон (“Мемлекет”, “Заңдар” деген еңбектерінде), Аристотель (“Саясат” деген еңбегінде), кейінірек Н. Макиавелли, Ф. Бэкон, Ш. Монтескье және басқа ойшылдар да бұл мәселеге көңіл аударған. Олар әр түрлі салт-дәстүрлерде тәрбиеленген, әрқилы әлеуметтік және саяси тәжірибе алған адамдар бірыңғай, біртектес жағдайды әр түрлі сезіп, оған сан қилы жауап қайтаратындығын байқаған. Бұл неліктен, неге байланысты болатындығын білгілері келген. Сол сұрақтарға жауап іздеген.

Саяси мәдениет тұжырымдамасын белгілеп, оның негізгі пікірлерін жасауға М. Вебер, Э. Дюркгейм, Т. Веблен, Т. Парсонс сияқты батыстың ірі саясатшылары мен әлеуметтанушылары да елеулі үлес қосты. Ал жалпы “саяси мәдениет” деген ұғымды бірінші қолданып, ғылыми әдебиетке енгізуші деп XVIII ғасырда өмір сүрген немістің ағартушысы, фелсафашы Иоганн Гердерді санайды.

Саяси мәдениеттің негізгі қызметтері: 1.Танымдық қызметі 2.Реттеушілік қызметі 3. Тәрбиелік қызметі 4.Біріктірушілік қызметі 5. Қорғау қызметі.

Қазіргі саясаттану ғылымында «саяси даму» ұғымының жалпытаныған анықтамасы жоқ. Көбінесе саяси әдебиеттерде саяси даму мына мәндерге ие болады:

- экономикалық дамудың алғышарты;
- өндірістік қоғамға тән саясат;
- саяси модернизациялау;
- ұлттық-мемлекетті басқару;
- әкімшілік және құқықтық даму;
- жаппай жұмылдыру және қатысу;
- демократиялық қоғамды құру;
- өзгерістер сабақтастығы мен тұрақтылығы;
- әлеуметтік өзгерістердің көпжақты процесінің бір аспектісі.

Саяси ілімдер тарихында саяси дамудың әр түрлі концепциялары қалыптасқан. Мәселен, саяси дамудың **либералдық өкілдері**, саяси дамудың өлшемі ретінде адам құқығының жоғарылығын, мемлекеттің азаматтық қоғам бақылауында болуын, плюрализм мен рухани бостандықты алады. Ал, **консерваторлар**, саяси дамудың негізгі құндылықтары ретінде саяси іс-әрекеттегі моралдық басымдылықты, басқарудың алдыңғы формасымен сабақтастықты, билікті ұйымдастыруда базалық қалыптары мен қағидаларын сақтауды есептейді. **Марксизм**, саяси жүйе дамуының өлшемін жеке меншіктің қоғамдық меншікке ауысуымен, жұмысшы табының гегемондығымен және коммунистік партияның жетекшілік рөлі артуымен байланыстырады. Демек, алдыңғы екі бағыт демократияның тоталитаризмге, ал марксизм болса социализмнің капитализмге үстемдігін қолдайды.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 76 беті

Бірақ, саяси процестер аяқталмаған транзитті қоғамда бұл өлшемдерді пайдалану қиындық тудырып ғана қоймайды, кейде даму идеясының өзіне қарама-қайшылық тудырады. Мәселен, билікті демократиялық негізде институттау, плюрализмді кеңейту басқарудың деспоттық формасының қалыптасуына, немесе қоғамды басқаруда жағымсыз салдарлардың тууына алып келуі мүмкін.

Саяси даму – саяси құрылымдар, қалыптар, институттардың жаңа әлеуметтік, экономикалық және т.б. мәселелерді тез арада қабылдау қабілеті мен сезіну икемділігіне, әрі қоғамдық пікірді қабылдау мүмкіндігіне тәуелді. Демек, кері байланыстың тұрақты механизмі қалыптасуы тиіс, бұл дегеніміз басқарудың тиімді буындары тұрғындар пікірлерін есепке алуға қабілетті, шешімді тиімді таратушы, саяси жүйе шиеленісті реттеудің икемді механизміне айналған және билікті қолданудың тиімді жолдарын таңдаған деген сөз. Мұнда бұл мемлекет қандай нақты ұлттық-мемлекеттік форманың өзгерісін иеленетіндігі ешқандай мәнге ие болмайды, қандай партия, қандай идеология саясатты анықтайтындығы ешбір рөл атқармайды. Ең негізгісі, саяси институттардың жаңа проблемелерді шеше білу қабілетінде, оның қоғаммен ашық сипаттағы қатынасы билік жүйесінің жағымды динамикасын, өмір сүрудің жаңа сапасына өткендігін бейнелейді. Бұл пікірді Д. Истон, Г. Алмонд және Г. Пауэлдің саяси жүйедегі ең бастысы оның құрылымында емес, іс-әрекетінде деген тұжырымдары да растайды.

Саяси даму дегеніміз саяси жүйенің өзгеруші әлеуметтік жағдайға икемді бейімделу қабілетінің дамуы және талап-қолдау және саяси шешім-әрекет арасында кері байланыстың тиімді механизмінің қалыптасуы.

Саяси дамудың мақсаты қандай да бір тиянақты саяси қатынас пен қалыпты қалыптастыру немесе өзгерту емес, саяси институттар мен ашық түрдегі саяси жүйе арқылы бірте-бірте күрделеніп келе жатқан әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешу. Саяси даму процесі саяси жүйенің ішінде оның мақсатының мынадай факторлармен – әлеуметтік-экономикалық даму тұрақтылық, теңдік, қатысу т.б. өзара байланысы болуын талап етеді. Табысты бөлудегі теңсіздік пен саяси қатысуды күштеп шектеуге талпынған даму жағдайында әлеуметтік қиналыс, саяси тұрақсыздық күшейеді, сөйтіп саяси даму процесі бұзылады.

Саяси дамудың эволюциялық жолы үшін қажетті жағдайлар мыналар:

- 1 тұрғындардың шешім қабылдау мүмкіндігін кеңейту, қоғамдық сұраныс пен мүддені есепке алу;
- 2 билік үшін күресте әділ және еркін бәсекелестікті орнату;
3. шиеленісті шешудің тиімді механизмін қалыптастыру;
- 4 саяси жетекшілердің біліктілігі, хабардарлығы, қарсыласымен келісімге келе білу қабілеті, күштеуге жол бермеу;

Саяси жүйедегі даму процесі:

1 талаптар мен қолдауды артикуляциялау, оны әр түрлі күштеу топтары мен саяси партиялар атқарады. Егер олардың қызметі шектелілетін болса, онда саяси жүйенің бейімделу мүмкіндігі әлсірейді. Талаптарды електеу, белгілі бір каналдарға бөлу. Ол мәдени әрі құрылымдық болып екіге бөлінеді. Құрылымдық немесе саяси түрі, оған партия, жоғары қабат, парламентаризм жатады. Мәдени реттеуге саяси қалыптар, құндылықтар, түсініктер, көзқарастар жатады. Сондықтан мұнда саяси әлеуметтендіру рөлі басым. Талаптарды қысқарту, топтастыру, баламалық талдауды қалыптастыру. Бұл қызметті саяси партиялар тиімді атқарады. Қазақстан Республикасында саяси партиялардың әлсіздігі саяси жүйенің сыртқы және ішкі өзгерістерге тез арада бейімділігінің стратегиялық потенциалын төмендетуде.

2 Кері байланыс қоғамдағы шиеленістерді шешудің бірден-бір көзі, ол биліктің саяси жүйеге түскен талап-тілектерді реттеу қабілетіне байланысты. Кері байланыс саяси жүйенің өзінің мақсатына қаншалықты жеткендігін анықтауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында саяси жүйе кері байланыс әлсіздігінен қиналысқа ұшырауда. Бұл саяси жүйенің ақпараттар каналдарының қызметі әлсіздігіне байланысты.

К. Дойч саяси жүйе өз мақсатына жетуі үшін мына төрт факторға тәуелді деп есептейді:

- жүйенің ақпараттармен жүктелуі;

QOŃTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		
		39/11- 84 беттің 77 беті

- саяси жүйе реакциясының жылдамдығы;
- саяси жүйенің жаңа фактілерге тез, әрі сапалы жауап қайтаруы;
- мақсатты нақты белгілеу.

Демек, саяси жүйе қызметінің тиімділігі қамтамасыз ететін факторларға айналымдағы ақпараттардың жеткіліктігі мен сапасы, жүйенің сыртқы ықпалдарға жауап қайтару жолдары мен формалары, сонымен қатар коллективтік әрекет арқылы білдіру, оның нәтижесінің бастапқы мақсатқа сәйкес келуін жатқызуға болады.

Саяси модернизация теориялары мен түрлері. Саяси модернизация дегеніміз саяси жүйенің әлеуметтік мақсаттарға бейімделу қабілетінің үнемі және табысты дамуы, сонымен бірге үкімет пен халық арасында тиімді байланыстың механизмдерін қалыптастыру. Демек, саяси саладағы модернизация әлеуметтік талаптарды қанағаттандыру және мемлекет пен саяси қатысудың ортақ тетігін табуы тиіс.

Модернизация мақсаты – белгілі бір жетістік пен табысқа жету. Мұнда нарық пен азаматтық қоғам қағидаларына негізделген әлемдік экономика стандарттарына жету міндеті қойылады.

Модернизация теориясының классиктері: О. Конт, К. Маркс, М. Вебер, Г. Зиммел, Ф. Теннис, Э. Дюркгейм, Т. Парсонс болып табылады. Бұл аталған ғалымдардың ұсынған модернизацияның классикалық теориялары мен еңбектері мыналар:

1. О. Конт, «адамзат дамуындағы үш кезең» идеясы;
2. К. Маркс, «тарихи материализм» теориясы ;
3. М. Вебер, «рационализация» (ұтымды ету) теориясы;
4. Г. Зиммел, «абстракция» теориясы;
5. Ф. Теннис, «қауымдастық» және «қоғам» туралы теориялар;
6. Э. Дюркгейм, «механикалықтан органикалық ынтымақтастыққа өту» теориясы;
7. Т. Парсонстың «әлеуметтік жіктеу рөлін талқылау» идеясы.

Модернизациялау үдерісін зерттеп, сипаттауға қажетті саяси дамудың әртүрлі тұжырымдамалары бар. Олар: 1 «модернизация»; 2 «даму»; 3 «артқа қалу»; 4 «тәуелділік».

Демократиялық модернизациялану процесін американдық зерттеуші К. Менгес сатыларға бөліп көрсетті;

Біріншісі, дағдарыс пен бұрынғы режимнің моральды-саяси төзуі;

Екіншісі, әр түрлі коалициялардың жеңісі немесе жартылай жеңісі;

Үшінші, бұрынғы режиммен қалған кейбір жетекшілер мен ұйымдардың билікке қайта оралуы.

Демократиялық мордернизацияның өзіндік, қазақстандық жолын Н.Ә. Назарбаев ұсынды: «Халықтың көпшілігі қолдаған қазақстандық жол – сызбаны көз жұма көшіре салу емес, өзіндік жолды іздеуге ұмтылу. Мұнда біз басшылыққа алатын басты қағида – қан мен хаосқа толы демократия бізге керек емес. Біздің демократиямыздың негізі – саяси, әлеуметтік және халықаралық тұрақтылық».

Модернизацияның түрлері:

1 Классикалық спонтанды үлгісі, (Батыс Еуропа елдері, АҚШ, Австралия) феодалдық қоғамның әртүрлі құрылымының модернизациясының жүйелілігі қазіргі қоғамның негізгі құрылымдарының пайда болуына түрткі болды.

2 Модернизацияның екінші үлгісі, кешіккен және негізгі емес үлгі (Жапония, Бразилия, Аргентина, Пиреней түбегі).

3 Кешігу модернизациясы үлгісі (Испания, Португалия).

Қазақстан Республикасындағы саяси модернизация. Еліміздегі саяси жаңғырту мен даму стратегиясының негізгі бағыттары «Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасу және даму стратегиясы» (1992 ж.), «Қазақстан-2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» стратегиялық бағдарламасы (1997 ж.), «**Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты**» (2012 ж.) сияқты бағдарламаларда айқындалған. Сонымен бірге, еліміздің саяси даму бағыттары ҚР Президентінің жыл сайынғы Қазақстан халқына арналған жолдауларында және Қазақстан халқы Ассамблеясының отырыстарында сөйлеген сөздерінде жан-жақты талданып, одан әрі дамыту жолдары ұсынылып отырылады. Президенттің «Ғасырлар

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/11-
Дәріс кешені	84 беттің 78 беті

тоғысында» (1996 ж.), «Тарих толқынында» (1997 ж.), «Сындарлы он жыл» (2002 ж.), «Тәуелсіздік белестері» (2003 ж.), «Қазақстан жолы» (2007 ж.) атты кітаптары еліміздегі саяси жаңғыртудың ауқымы мен бағытын ұғынуға, сондай-ақ мемлекеттік саясат пен еліміз дамуының стратегиялық жоспарындағы негізгі басымдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Саясаттану окулықтарында саяси жаңғыртудың түрлерін атап көрсетіледі, олар:

1. классикалық спонтанды үлгі, (Батыс Еуропа елдері, АҚШ, Австралия) феодалдық қоғамның әртүрлі құрылымының жүйелі жаңғыруы негізінде қазіргі қоғамның басты құрылымдарының пайда болуы;

2. жаңғыртудың кешіккен және негізгі емес үлгісі, (Жапония, Бразилия, Аргентина, Пиреней түбегі) жаңғыртудың кейбір алғышарттарының (нарықтық қатынас, азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет т.б.) болмауымен ерекшеленді, өзгерістер синхронды емес, авторитарлы сипатқа негізделінеді;

3. кешігу жаңғырту үлгісінде (Испания, Португалия) бірінші саясат екінші экономика деген қағида ұсталынады. Дамыған қоғамға өту саяси мәселелерді шешуден, мемлекеттік институттарды құрудан, конституция даярлаудан, ұлттық-мемлекеттік құрылымның жалпы қағидаларын анықтаудан басталды. Ал, экономикалық жаңғырту кейінге қалдырылып, оған тек саяси мәселелер шешімін тапқан соң қайта келеді.

Н.Ә. Назарбаев елімізде алдымен экономика содан соң саясат деген принципті ұстану міндетін ұсынды, дегенмен, қоғам өмірінің барлық саласында жүргізілетін реформалар тиімділігі саяси тұрақтылық пен демократиялық қағидалардың қоғам өмірінің барлық саласы мен саяси санаға саяси құндылық ретінде енуіне тәуелді. Мәселен, Қазақстан-2050» Стратегиясында жаңа елдің іргесін қалау міндетін үш бірдей жаңғырту негізінде шешілді деп атап көрсетілген болатын, олар:

- мемлекеттің іргесін қалау мен нарықтық экономикада серпіліс жасау;
- әлеуметтік мемлекеттің негіздерін қалау;
- қоғамдық сананы қайта өзгерту.

Қазақстанда саяси тұрақтылықтың сақталынуы, бұл мемлекеттіміздің даму кезеңдерінде саяси реформаларға басымдық мән беруінің нәтижесі деп санаймыз. Қазақстан - 2050 Стратегиясында қалыптасқан мемлекеттің жетістіктері атап көрсетілді, олар мыналар:

1. қуатты да табысты мемлекет;
2. демократияландыру мен ырықтандырудың орнықты процесі;
3. түрлі әлеуметтік, этникалық және діни топтардың келісімі мен татулығы;
4. ұлттық экономика. Халықаралық еңбек бөлінісіндегі біздің рөліміз;
5. қоғамдық тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз еткен әлеуметтік саясат;
6. әлемдік қауымдастық таныған ел;
7. ядролық қаруды таратпау режимін ілгерілетудегі біздің белсенді рөліміз.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев бұл жетістіктеріміз қазақстандық дамудың үлгісі Жаңа саяси бағыттың негізі болуға тиіс деп атап көрсетті.

Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру, ол үшін мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастыру міндеті ұсынылды. Мемлекеттік басқарудың жаңа түрін қалыптастырудың негізгі саяси бағыты мыналар:

1. мемлекеттік жоспарлау және болжау жүйесін одан әрі жетілдіре түсу;
2. басқаруды орталықсыздандыруды сауатты жүргізу,
3. кәсіпқой мемлекеттік аппаратты қалыптастыру;
4. мемлекеттік аппарат пен бизнес- қауымдастықтың жаңа өзара іс-қимыл жүйесін құру;
5. мемлекет тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік принципін ұстануы тиіс;
6. мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күресетін бір күш болуға тиіс;
7. құқық қорғау органдары мен арнайы қызметтердің реформасын жалғастыру [2].

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11- 84 беттің 79 беті
Дәріс кешені		

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың биылғы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы «Қазақстан – 2050» Стратегиясын әрі қарай тарата түсетін Жолдау болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында еліміздің әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасы негізінде ұсынған ұзақмерзімді басымдылықтың жетіншісі – мемлекеттік институттар жұмысын жетілдіру, мына міндеттерді ұсынды:

1. адал бәсекелестік, әділеттілік, заңның үстемдігі, жоғары құқықтық мәдениет ахуалын қалыптастыру;
2. мемлекеттің үкіметтік емес сектормен және бизнеспен өзара іс-қимылының жаңартылған тәсілдерін қалыптастыру;
3. сот жүйесі ашық және қолжетімді, қарапайым және барлық дауды тез шеше алатындай болуға тиіс;
4. мемлекеттік кәсіпорындардың, ұлттық компаниялар мен бюджеттік мекемелердің кадр саясатына меритократия қағидаттарын енгізуі;
5. сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру;
6. жергілікті жерлердегі басқару органдарына көбірек дербестік беру .

«Қазақстан-2050» Стратегиясы еліміздің мемлекеттік институттарының саяси дамуына, мемлекеттің өзгеруші әлеуметтік жағдайға икемді бейімделу қабілетінің жетілуіне және талап-қолдау мен саяси шешім-әрекет арасында кері байланыстың тиімді механизмінің қалыптасуына алып келеді. Еліміздегі саяси жаңғыртудың мақсаты мемлекеттік институттар және ашық түрдегі саяси билік арқылы бірте-бірте күрделеніп келе жатқан экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешу болып табылады.

Американдық ғалым Г. Алмонд саяси даму саяси жүйенің тұрақтылықты қолданып қоғамды жаңғыртуды жүзеге асыруға қабілеттілігі, ал екінші жағынан, элементтердің өзара байланысының жиынтығы деп сипаттаған болатын. Демек, қоғамдағы саяси даму бүкіл қоғам өмірінің барлық саласындағы сапалық өзгерістерге тәуелді болады. Мұнда шешуші рөлді мемлекеттік институттардың дамуы мен сапалық өзгерістері атқарады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей саяси жүйені жаңғыртудағы маңыздысы құрылымын өзгертуде емес, оның іс-әрекеті мен қызметін жетілдіруде. Сондықтан, саяси жүйені жаңғырту мыналарға:

- саяси институттардың жаңа проблемаларды шеше білу қабілетін арттыруға;
- қоғаммен ашық сипаттағы қатынасын жетілдіруге;
- саяси жүйенің өзгеруші әлеуметтік жағдайға икемді бейімделу қабілетін көтеруге;
- талап-қолдау және саяси шешім-әрекет арасында кері байланыстың тиімді механизмін жетілдіруге бағытталуы тиіс.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, **ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы мемлекеттің** болашақ даму міндеттері мен саяси бағытын айқындайтын кешендік және жүйелілік сипатқа ие тарихи құнды құжат.

Қоғамдық-саяси тұрақтылық уақыт бойынша тұрақты және өзгеріссіз болмайды. Бұл объективті және субъективті факторлар ықпал ететін қолдан жасалған процесс. Қазақстанның 22 жылдан аса әлеуметтік күйзеліссіз және этноконфессиялық шиеленіссіз болуы – бұл сөзсіз ел Президенті Н.Ә. Назарбаев пен оның командасының зор еңбегінің, өздерінің саяси шешімдерінде саясатта маңызы зор саяси көрегендік қабілеттеріне ғана емес, сондай-ақ саяси дамудың болжамдық нұсқаларын құрастыру мен жағымды және жағымсыз сәттерді қатал есептеуге негізделген салауатты прагматизмге де сүйенулері болып табылады.

Саяси салада жанжалдарды тудырмаудың, оны одан әрі өршітпеудің басты амалы - халықтың әл ауқатын көтеру, елдің жоғары әлеуметтік-экономикалық дәрежеде дамуын қамтамасыз ету. Оған қоса қоғамның саяси мәдениеті биік болса, билік басындағыларға, заң органдарына деген сенім арта, беки түседі. Ал олар жеткіліксіз болса, саяси жанжалдар мен дағдарыстардың өрбуіне әкеледі.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 80 беті

Біраз жағдайда дау-жанжалдардың алдын алу үшін билік басындағылар әр түрлі әдіс-айлаларды пайдаланады. Мысалы, халық мүддесін қанағаттандыра алмаған жағдайда, сіздерді мынадай жарқын болашақ күтіп тұр деп үміттендіреді, жұбатады. Бір үміттен кейін келесі үміттің оты жануы мүмкін. Ол үміт шиеленісті әлсіретуге әкеледі.

Саяси жанжалдарды шешудің бірнеше түрі бар.

1. Дау -жанжалдарға бармау, одан қашқақтау әдісі. Мысалы, саяси қайраткер қарсы жақпен жанжалға түспей үшін саяси сахнадан кетеді немесе кейбіреулер бастығымен істесе алмаса, істі насырға шаптырмау үшін өз еркімен жұмыстан кетеді.
2. Кейінге қалдыру әдісі. Қарсыласпен ерегіске бармай, “ неістесең соны істе” деген сияқты, бәріне көніп жүре береді.
3. Саяси жанжалды мәмілеге келу арқылы бейбіт жолмен шешу. Мәміле деп дау-жанжалдарға қатысушы жақтардың өзара кешірімділік білдіріп, ымыраға келуін айтады. Онда екі жақ бірін-бірі ұғынысып, өзара кешірімділік жасап, ортақ келісімге келуге тырысады.
4. Зорлық негізінде бітістіру, келістіру. Мұндай жағдай бір жақтың күші айтарлықтай басым болғанда, екінші жақ жеңілгенде немесе оны толық жойып жібергенде туады.
5. Аралық сот немесе арбитраждық сараптау әдісі. Мұнда қарсы жақтар дау, талас тудырған мәселені тексеруге өз еркілерімен үшінші жаққа береді. Оның шығарған шешімін екі жақ та мойындайды. Мұндай жағдайда төрелік етуші қазы халықаралық құқықтың жалпыға бірдей ережелерін, елдің конституциялық тәртібін және т.с.с. шарт талаптарын басшылыққа алады.

3.Этносаяси жанжалдар. Этносаяси жанжалдарға этностар, ұлттар арасындағы дау-дамайлар, шиеленістер жатады. Басқа саяси-әлеуметтік егес, дау-шараларға қарағанда ол өте күрделі және шешілу жолы қиын мәселе.

Этносаяси жанжал тудыратын мәселенің бірі-- этникалық ұлтшылдық. Мұнда біраз ұлттың өкілдері өз алдына автономия алу, тұтастығын және өзгешелігін сақтау мақсатын қояды. Ол идеология немесе қозғалыс ретінде көрініс беруі мүмкін. Ондай этнос негізі үш мақсатты алға қояды:

- автономия мен өзін-өзі қамтамасыз ету;
- белгілі бір жерге, аумаққа иелік ету құқығын алу;
- өз мәдениетін жалпы мемлекеттік мәдениеттік мәдениетпен бірдей мәртебеге жеткізу.

Этностық ұлтшылдықтың басты саяси мүддесі -түптеп келгенде өзінің мемлекеттігін орнату. Мұндай ұлтаралық қақтығыстар қазіргі таңда жеткілікті. Мысалы, Солтүстік Ирландия мен Англия, грузиндер мен абхаздықтар, осетиндер мен ингуштар арасындағы, Таулы Карабахтағы, Молдавадағы және т.с.с. Жанжалдар. Олардың негізінде жергілікті халықтан басқа ұлт өкілдерінің саяси және азаматтық құқықтарының қысымшылық көруі, ұлттық егемендік, ұлттық мемлекеттік құрылым мәселелерінің және т.б.б жатыр.

Этносаяси шиеленістердің пайда болуына түрткі болатын себептің бірі—этностың өз тілі, мәдениеті, діні, әдет-ғұрпының тағдарана қалыптан тыс, асыра қауіптенушілік. Оның болашағы қалай деп мазасыздану.

Әдетте ұлттық идеяны көтеріп, этносаяси жанжалдарға әкелетіндер билікке таласушы топтар мен олардың басшылары. Олар өз саяси мақсаттарына жету үшін ұлттық факторды пайдаланады. Сол үшін жылдар бойы жиналған кемшіліктерді дабыра етіп, аз ұлттардың сезімдеріне ойнап, наразылық тудырады.

Ұлтаралық саясат саласында біздің елемезде бірталай іс істелуде. 1995 жылдың 1 наурызында Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. Ол республикалық барлық ұлттық- мәдени орталықтарды қамтиды. Ұлттық саясат саласында жаңа заң жобаларына қоғамдық сараптау жасайды. Мысалы, “Қоғамдық бірлестіктер туралы”, “Мәдениет туралы”, “Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы” және т.б. Заң жобаларына қорытынды дайындап, Парламентке жіберді.

Алайда экстремистік пиғылдағылар елімізде кездеседі. Мысалы, 1999 ж. Казимарчук деген содыр өз жақтастарымен Өскеменде төңкеріс ұйымдастырмақ болды. Оның сұрқия жоспарын қазақстандық арнаулы органдар дер кезінде ашып, ойындағысын жүзеге асыртпады. Егер бұл әрекет

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы		39/11-
Дәріс кешені		84 беттің 81 беті

жүзеге аса қалса Шығыс Қазақстандағы, тіпті еліміздің басқа өңірлеріндегі жағдай тұрақсызданатыны сөзсіз еді. Сондықтан барлық жұртшылық болып ондай әрекеттерге жол бермей, қазақстандық патриотизмді, ұлтжандықты, отансүйгішті республика тұрғындарының бойларына сіңіріп, жеріміздің тұтастығын, еліміздің тыныштығын көздің қарашығындай сақтап, оның гүлденіп, көркеюі үшін оқуды үздік оқып, аянбай озық еңбек етуіміз керек.

Дүниежүзілік саясат деп мемлекеттердің және басқа халықаралық субъектілерінің әлемдік сахнадағы іс әрекетінің жиынтығын айтады. Ол әлемдік қауымдастықтың өміріне қатысты шешімдерді шығару, қабылдау және оларды жүзеге асыруды, мемлекеттердің түбегейлі мүдделеріне сәйкес ұстанымдар мен мақсаттарды қамтиды. Сонымен қатар, олар: сыртқы саясат, халықаралық саясат, халықаралық қатынастар ұғымдарымен толықтырылады.

2. Халықаралық қатынастар деп - халықтар, мемлекеттер, мемлекеттік жүйелер арасындағы дүниежүзілік деңгейде жүргізілген саяси экономикалық, құқықтық, дипломатиялық, әскери, мәдени байланыстар және оларды іске асырушы әлейметтік, экономикалық, саяси күштер мен ұйымдардың өзара қатынастарының жиынтығын айтады. Бұл айырмашылықтар, біріншіден, халықаралық қатынастарға қатысушылардың, олардың іске асырушылардың көбеюіне байланысты. Қазіргі әлемдік саясатты жүргізуде қоғамдық саяси ұйымдар мен қозғалыстардың белсенділігі артып келе жатыр деуге болады, бірақ, халықаралық қатынастарды негізгі рөлді мемлекет атқарады, себебі, ол белгілі бір әлеуметтік топтың немесе саяси ұйымның емес, жалпы қоғамның мүддесін қорғайды. Сондықтан оған басқа елдермен сыртқы саясатты жүргізгенде келісім шарттар жасау, соғыс ашу т.б. заңды түрде іске асыруға өкілдіктер беріледі.

3. Сыртқы саясат жеке мемлекеттердің дүниежүзілік дәрежеде жүргізген іс әрекеті жатады. Ал халықаралық саясатқа мемлекеттік не топтық мүдделерді жүзеге асыруға бағытталған мемлекеттер, жеке адамдар арасындағы қоғамдық қатынастар кіреді.

Сыртқы саясаттың қалыптасуына әр түрлі жағдайлар ықпал жасайды. Оның ішінде ең маңыздысы – мемлекеттің орналасқан географиялық ортасы. Оған жер бедері, ауа райы, топырақ, жер қойнауының табиғи байлықтары, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, табиғи қатынас жолдары және т.б. Географиялық орта өндіргіштерді орналастыруға, жалпы қоғам дамуына сан қилы әсер етеді. Айналадағы табиғи ортаның қоғам дамуына әсер ететін зерттейтін географиялық бағыт деген теория пайда болды. Оның негізін салушы француздың белгілі фәлсафа ағартушысы- Ш.Монтескье. Ол халықтардың материалдық және рухани өмірі географиялық ортаның жағдайларына тәуелді деп санады.

Халықаралық саясатты қалыптастыруға идеологияның да қатынасы бар. Қай елде болмасын жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, әділдік пен әділетсіздік, адамдар арасындағы қарым – қатынастар, қоғамның әлеуметтік даму заңдылықтары жөнінде өзіндік түсініктері, ой пікірлері болады. Бұл көзқарасты сыртқы саясатқа да әсерін тигізеді.

3. Республиканың сыртқы саясатына экономикалық байланыстарды нығайтып, дамытуда кіреді. Бүгінде республикамызда бірнеше шетел фирмаларының, банкілерінің, өзге ұйымдардың өкілдері бар. Қазақстан қазіргі әлемнің 80 – нен астам елдеріне өнімдер шығарады.

Қазақстанның қазіргі сыртқы саясатының негізгі мақсаттары мен принциптері:

- мемлекеттік мүддені қорғау;
- елімізде экономикалық реформаларды жалғастыру; демократиялық институттарды күшейту үшін сыртқы жағдайды барынша қамтамасыз ету;
- әлемдегі барлық елдермен тең құқықты және серіктестік қатынастарды дамыту;
- ғаламдық және аймақтық интеграциялық процестерге белсене қатысу;
- халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты тереңдету;

Қазақстан егеменді және тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасты және әлемдік қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі, оның ажырағысыз бөлігі болып еніп отыр. Ол өзінің сыртқы саясатында барлық ұлттармен, көршілермен тең дәрежелі достық қатынас орнатпақ. Сонымен қатар, республикамыздың халықаралық деңгейде мүдделі болып отырған көкейтесті мәселелері – қарусыздану және халықаралық

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/11-
Дәріс кешені	84 беттің 82 беті

қауіпсіздікті нығайту, аймақтық жанжалдарды реттеу және бейбітшілікті қолдау жөніндегі операциялардың тиімділігін арттыру, адам құқықтары, айналадағы ортаны қорғау.

4. Иллюстрациялық материал: презентация

https://docs.google.com/presentation/d/1375yELQI3Ce_dhrhZKaw5inbQJm6-fHX/edit?usp=drive_web&ouid=106659929443614445216&rtpof=true

5. Әдебиет:

Қазақ тіліндегі негізгі:

12. Әлеуметтану: оқу құралы / М. А. Ертаев, С. М. Тасқынбаева, Ф. М. Каратаева. - Қарағанды: ЖШС «Medet Group», 2020. - 330 бет.
13. Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 208 с.
14. Жанысбеков М.А. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері: дәрістер кешені/ ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі. ОҚМФА. «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндері». - Шымкент: [б. и.], 2015. - 101 б.
15. Сыдықов, Ұ. Саясаттану: оқулық. - Алматы: New book, 2022-96 бет
16. Бринкерхоф, Д.Әлеуметтану негіздері: оқулық / Д. Бринкерхоф, Р. Уейте, С. Ортега; Қаз.тіл.ауд.С.А Аамандосова[және т.б.]. - 9- басылым. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 464 б. с.: (Рухани жаңғыру).
17. Ритцер, Д. Әлеуметтану теориясы: оқулық / Д. Ритцер, Д.Степницки; қаз. тіл. ауд. Г.О. Әбдікєрова [және т.б.]. - 10- басылым. - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856 б.: (Рухани жаңғыру).
18. Әлеуметтану: жаңа буынға арналған оқулық / А. Н. Тесленко, Ж. Ж. Сембина, А. Т. Аязбаева; ҚР білім және ғылым министрлігі. «ҚазГЮУ университеті» АҚ. - Қарағанды: ЖШС «Medet Group», 2015.
19. Забєрова, А. Т. Практикалық әлеуметтану: оқу құралы / А. Т. Забєрова. – Алматы: Эверо, 2014. - 206 бет
20. Нысанбаев, Ә. Социология: оқулық. - Алматы: Эверо, 2014.
21. Әбсаттаров, Р. Әлеуметтік: өзекті мәселелер. (Екі томдық оқу құралы). 1,2-том: оқу құралы / Р. Әбсаттаров, М. Дәкєнов ; ҚР Білім және ғылым министрлігі. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Пед. ун. - 2-ш. бас., толық. - Алматы : Қарасай, 2015. - 408 с..
22. Әженєв, М. С. Қоғамның әлеуметтік құрылымы : оқу құралы Алматы : Эверо, 2014

Қазақ тіліндегі қосымша:

13. Оксфорд әлеуметтік ғылымдар сөздігі = Dictionary of the social sciences / сөздік; ред. К.Калхунның. - Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 480 бет: (Рухани Жаңғыру).
14. Косов, Г. В. Саясаттану және әлеуметтану негіздері: медицина училищелері мен колледждеріне арналған оқулық / қазақ тіліне ауд. А. Н. Далибаева. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016.
15. Решетников, А. В. Медицина әлеуметтануы: оқулық / А. В. Решетников; ред. Т. Қ. Рақыпбеков; қаз.тіліне ауд. А. М. Марқабаева; жауапты ред. Т. Қ. Рақыпбеков. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2015.
16. Армстронг, К. Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: құдайтану баяны = A History of God The 4000-year Quesf of Judaism.Christianity and Isiam: монография / К.Армстронг; ауд. Д. Кєнжетай [және т.б.]. - Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 432 б. с.: (Рухани жаңғыру).

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	
 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы	39/11-
Дәріс кешені	84 беттің 83 беті

17. Андерсон Джеймс Э. Мемлекеттік саясат = Public Policymaking : оқулық / Джеймс Э. Андерсон ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Х.Ғ. Масадиков. - 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 448 б. с
18. Синглтон Ройс А. Әлеуметтік зерттеу әдістері = Approaches to Social Research : оқулық / Ройс А. Синглтон, Брюс С. Стрейтс ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Н.Ә. Муминов. - 6-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 816 б. с
19. Хейвуд Эндрю. Саясаттану = Politics : оқулық / Эндрю Хейвуд ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 5-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 520 б. с
20. Коннолли Мэри. Әлеуметтік жұмыс: контексті мен практикасы = Social Work:Contexts and Practice : оқулық / Мэри Коннолли, Луиза Хармс, Джейн Мейдмент ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б. Мизамхан. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 384 б. с
21. Нортхауз Питер. Көшбасшылық: теория және практика = Social Work:Contexts and Practice : оқулық / Питер Нортхауз ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Б.М. Икрамова. - 8-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 560 б. с.
22. Постон Дадли Халық саны және қоғам. Демографияға кіріспе = Ethnography. Principles in Practice : оқулық / Дадли Постон, Леон Ф. Бувье ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. Е. Әбдіраман. - 2-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 488 б. с
23. Смитт Энтони Д. Ұлттың этностық тамыры = The Ethnic Origins of Nations : оқулық / Энтони Д. Смитт ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. И. Алибаева. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 388 б. с
24. Хаммерсли Мартин. Этнография: зерттеу принциптері = Ethnography. Principles in Practice : оқулық / Мартин Хаммерсли, Пол Аткинсон ; ред. А. Б. Исембердиева ; Қаз. тіл ауд. А. Мусина. - 4-ші бас. - Алматы : "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2020. - 400 б. с

Электронды оқулықтар

1. Основы антикоррупционной культуры [Электронный ресурс]: учебное пособие / под ред. Б. С. Абдрасилова. - Электрон. текстовые дан. (702Мб). - Астана: Акад. Гос. упр. при Президенте РК, 2016. - 176 с.
2. Гендерная социология. Акбаева Л.Н., 2017. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
3. Әлеуметтану. Ертаев М.А., Таскымбаева С.М., Қаратаева Ф.М., 2020. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
4. Әлеуметтану. Тесленко А.Н., Сембина Ж.Ж., Аязбаева А.Т., 2019. Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
5. Решетников, А. В. Социология медицины / Решетников А. В. - Москва: ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 864 с. - ISBN 978-5-9704-3067-5. - Текст: электронный. <http://rmebrk.kz/>
6. Тәжітаева, Р.С. Саясаттану: Электрондық оқулық. - Жетісай: «Сырдария» университеті, 2016. <http://rmebrk.kz/>
7. Ритцер, Д., Степнишки, Д. Әлеуметтану теориясы: Оқулық. - 10-басылым - Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 856б. - ISBN 978-601-7943-17-2. <http://rmebrk.kz/>

6. Бақылау сұрақтары (Feedback кері байланысы):

1. Саяси мәдениеттің мәні мен негізгі модельдерін атаңыз.
2. Саяси әлеуметтенудің мәні, кезеңдері, үлгілерін анықтаңыз.
3. Саяси модернизацияның мақсаттары, кезеңдері мен факторларын атаңыз.

ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы Дәріс кешені		39/11- 84 беттің 84 беті

4. Бес институционалдық реформаларды жүзеге асырудағы 100 нақты қадам Ұлт жоспарының мазмұнын атаңыз. «Қазақстан-2050 Стратегиясы»-ның негізгі бағыттары қандай?
5. Саяси шиеленістер мен дағдарыстардың себептерін түсіндіріңіз.
6. Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақстанның рөлі қандай?